

# ҚАЗАҚ ТІЛІ

**Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы  
11-сыныбына арналған оқулық**

# 11

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі  
институтының сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2020

ӘОЖ 373.167.1

КБЖ 81.2 Қаз-922

Қ 17

*Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математика бағытындағы 10–11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.*

Авторлары: Дәулетбекова Ж., Рай Қ., Юсуп П., Сарыбаева А.

### Шартты белгілер



– ойтүрткі



– тыңдалым



– айтылым



– ойқазына



– оқылым



– жазылым



– жұптық жұмыс



– топтық жұмыс



– ойтаразы

**Дәулетбекова Ж. және т.б.**

**Қ17 Қазақ тілі:** Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық/Дәулетбекова Ж., Рай Қ., Юсуп П., Сарыбаева А. – Алматы: Атамұра, 2020. – 112 бет.

ISBN 978-601-331-780-9

ӘОЖ 373.167.1

КБЖ 82.2 Қаз – 922

© Дәулетбекова Ж., Рай Қ.,  
Юсуп П., Сарыбаева А., 2020  
© «Атамұра», 2020

ISBN 978-601-331-780-9

### АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқушы! Міне, бүгін өзің таңдаған бейіндік мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы соңғы, 11-сыныпқа қадам бастың. Осы уақытқа дейін алған біліміңді, меңгерген құзыреттіліктеріңді жинақтап, бекітетін белеске жеттің. Бұл – өзіңнің және халқыңның мүддесін ұштастырып, адал қызмет ету үшін нақты мамандығыңды (салаңды) анықтайтын шешуші уақыт. Сондықтан сенің келешек өміріңнің қалай қалыптасуы қалаған мамандығыңа ғана емес, сол жолдағы табандылығың мен талабыңа сай түрлі бағытта ізденіс жасап, шығармашылық қабілеттеріңді жетілдіре алуыңа тікелей байланысты. Сол өмірлік маңызы бар саналы әрекеттеріңнің барлығында да тіл құрал бола алады.

Тіл – өз өміріңді мәнді етудің басты тетігі. Осы бір жаратылыс сыйлаған ғажап мүмкіндікті қаншалықты дұрыс меңгерсең, өміріңдегі сәттіліктер де соншалықты мол болмақ. Өйткені тіл – адамзат баласына ғана төн ұлы мүмкіндік және айрықша сый.

Білімдіден шыққан сөз  
Талаптыға болсын кез.  
Нұрын, сырын көруге  
Көкірегінде болсын көз, –

деп ұлы Абай айтқандай, ғұламалардың қалдырған рухани мұраларымен танысасың. Тіл арқылы біліміңді кеңейтіп, дүниетанымыңды тереңдетесің.

«Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – ана тілінде шебер сөйлеуді дамытуға мүмкіндік жасау, әртүрлі тақырыптарда өз ойыңды жүйелі, дәйекті, нанымды етіп жеткізу дағдыларыңды жетілдіру. Ал міндеті – шешен сөйлеудің талаптары мен қоғамдық-әлеуметтік мәні, стильдің түрлері және оны қолдану жолдары жайлы ұғым бере отырып, сөз саптау тәсілдерін меңгерту.

Тілдің көмегімен әртүрлі ақпараттық дереккөздерден өз керегіңді тауып, оны бойыңа сіңіресің; жоба жұмыстарын орындау үшін тілді қолдана отырып, болашақ мамандығыңа қажетті тілдік әрі қатысымдық құзыреттіліктерді игересің. Сол дағдыларға төселдіруде қолыңдағы «Қазақ тілі» оқулығы сенің сенімді көмекшің болады деп ойлаймыз.

Оқулық материалдары 5 бөлім бойынша топтастырылған:

1. Қазақстан бүгінгі әлемде: Қазақстанның өткені мен келешегі;
2. Экология: ядролық және мұнай өндірістері;
3. Қазіргі қоғам: көші-қон және зияткерлік миграция;
4. Әлемді өзгерткен өнертабыстар;
5. Туризм: экотуризм. Осы тақырыптағы оқу материалдары қазақ тілінің шешендік сөздер, сөз мәдениеті мен пікірталас мәдениетіне қатысты теориялық тұжырымдармен сабақтастықта берілген.

Оқулық ойтүрткі, ойқазына және ойтаразы тапсырмаларын қамтиды. Тілдік бағдар мен мәтін мазмұнын ұштастырып меңгерту мақсатында түрлі формада (жеке, жұптық, топтық) орындалатын (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым тапсырмалары) тапсырмалар жүйесі дайындалған. Олар сенің сыни ойлауың мен өзіндік көзқарастарыңды қалыптастыруға бағытталған. Өр сабақтың соңында сыныптастарыңмен бірге орындайтын қызықты, жағдаяттық және өзіндік ізденіс бағытындағы тапсырмалар беріліп отыр.

ОӘК-і оқулық және мұғалімдерге арналған оқыту әдістемесінен тұрады.

Іске сәт, жас дос!

*Авторлар*

## 1-БӨЛІМ

# ҚАЗАҚСТАН БҮГІНГІ ӘЛЕМДЕ: ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨТКЕНІ МЕН КЕЛЕШЕГІ



Оқушы, сен бұл бөлімде:

- мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізгі ойды анықтап, ғаламдық мәселелермен салыстыруды;
- ғылыми стильді тілдік құралдар арқылы тануды;
- тезис, аннотация жазып, жанрлық ерекшеліктерін талдауды;
- шешендік сөз және оған қойылатын талаптарды меңгеруді;
- әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар жазуды;
- тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазуды;
- мәтін және мәтін үзінділерінде тыныс белгілерін қолдана білу дағдыларыңды жетілдіресің.

1–2-сабақ. ТІЛ – ТАРИХТЫҢ АЙНАСЫ



1. Берілген сөйлемдерді оқып, өздерің қалаған бір пікірдің төңірегінде ой бөлісіңдер.

- 1) Тарих дегеніміз тек өткеннің сабағы ғана емес, ол – болашақтың да көрінісі.
- 2) Тарих жолы қашанда тайғақ.
- 3) Бабаларын қалтқысыз қастерлей алған халық балаларының болашағын да қапысыз қамдай алмақшы.
- 4) Халықтың тілінде оның тарихының іздері айқын көрінеді.
- 5) Тіл – әрі тарих, әрі мәдениет көрсеткіші.



2. Суреттерде берілген әліпби нұсқаларының қазақ тарихымен қандай байланысы бар? Өз пікіріңді сабақ тақырыбымен ұштастырып, тұжырымдап жаз.

Орхон-Енисей таңбалары	Дыбыстық мағынасы	Орхон-Енисей таңбалары	Дыбыстық мағынасы
𐰃 𐰄 𐰅	а з (с)	𐰆 𐰇 𐰈 𐰉	м м'
𐰊 𐰋 𐰌	ы і (е)	𐰍 𐰎	н
𐰏 𐰐	о у	𐰑 𐰒 𐰓 𐰔	н'
𐰕 𐰖	ө ү	𐰗	ң (нн)
𐰘 𐰙 𐰚	б	𐰛 𐰜 𐰝	қ қ'
𐰞 𐰟 𐰠 𐰡	б'	𐰢 𐰣	п п'
𐰤 𐰥 𐰦 𐰧	г	𐰨 𐰩 𐰪	р
𐰫 𐰬 𐰭 𐰮	г'	𐰯 𐰰	р'
𐰱 𐰲 𐰳 𐰴	д	𐰵 𐰶 𐰷	с
𐰸 𐰹 𐰺	д'	𐰻	с'
𐰼 𐰽 𐰾 𐰿	з з'	𐰽 𐰾 𐰿 𐱀 𐱁	т
𐰽 𐰾 𐰿	я	𐰽 𐰾 𐰿 𐱀 𐱁	т'
𐰽 𐰾 𐰿	й'	𐰽 𐰾 𐰿	ч ч'
𐰽 𐰾 𐰿	к	𐰽 𐰾 𐰿 𐱀 𐱁	ш
𐰽 𐰾 𐰿	к' о'к' у'к'	𐰽 𐰾 𐰿 𐱀 𐱁	ш'
𐰽 𐰾 𐰿	к' ы'к'	𐰽	лт, л' т'
𐰽 𐰾 𐰿	к	𐰽 𐰾 𐰿 𐱀 𐱁	нт, н' т'
𐰽 𐰾 𐰿	к' ө'к' у'к'	𐰽 𐰾 𐰿 𐱀 𐱁	нч, н' ч'
𐰽 𐰾 𐰿	л	𐰽	рт
𐰽 𐰾 𐰿	л'	𐰽 𐰾 𐰿 𐱀 𐱁	Сөз алқыр таңбалары

Ахмет Байтұрсынұлы әліпбесі (өте жазу).

Сөз соңы	Орталы	Сөз басы	Әріп
1	𐰃		а
2	𐰄		б
3	𐰅	𐰆	в
4	𐰇	𐰈	г
5	𐰉	𐰊	д
6	𐰋	𐰌	е
7	𐰍	𐰎	ж
8	𐰏	𐰐	з
9	𐰑	𐰒	и
10	𐰓	𐰔	к
11	𐰕	𐰖	л
12	𐰗	𐰘	м
13	𐰙	𐰚	н
14	𐰛	𐰜	ң
15	𐰝	𐰞	о
16	𐰟	𐰠	п
17	𐰡	𐰢	қ
18	𐰣	𐰤	р
19	𐰥	𐰦	с
20	𐰧	𐰨	т
21	𐰩	𐰪	у
22	𐰫	𐰬	ф
23	𐰭	𐰮	х
24	𐰯	𐰰	ц
25	𐰱	𐰲	ч
26	𐰳	𐰴	ш
27	𐰵	𐰶	щ
28	𐰷	𐰸	ъ

## Тілдік бағдар

Шешендік өнер, шешендіктану және шешендік сөз ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты болғанмен, айырмашылықтары бар. Шешендік өнер – актінің, яғни іс-әрекеттің атауы, ол әлеуметтік қызмет атқарады. Шешендіктану (риторика) – өзінің зерттеу нысаны, теориясы, категориялары, тарихы бар жеке ғылым саласы. Ал шешендік сөз – шаршытоп алдында сөйленетін мазмұны терең, тілі көркем сөз. Көпшілік алдында сөйленетін шешендік сөз мынадай талаптарға жауап беру керек:

- 1) белгілі бір әлеуметтік мәні бар тақырыпты қозғайтын және шаршытоп алдында айтылатын сөз болуы;
- 2) өңгіме өзегінің дәлелі мен дәйегі болуы;
- 3) тыңдаушыларға бір нәрсені әуелі түсіндіріп, содан соң ой салып, ақырында белгілі бір әрекетке ұмтылдыруды көздеуі;
- 4) тыңдаушыларға жақсы әсер етіп, құлақ құрышын қандырып, сүйсіндіретін эстетикалық сипаты болуы;
- 5) нақты бір шындықты, ақиқатты тануға ұмтылдыруы тиіс.

Бүгінде шешендік сөздің қолданылатын өрісі кеңіді, ол қоғамның саяси-әлеуметтік өмірінің барлық саласында, идеологиялық-тәрбиелік іс-әрекеттердің, оқу-білімнің, заң мен ғылымның, ел басқару істерінің ең бір пәрменді құралына айналды. Жиналыс, мәжіліс, құрылтайларда, пікірсайыста, жиын, семинар мен симпозиумдарда шешен сөйлеу өте қажет. Онда қолданылатын шешендік сөз – тек әдемі сөйлеудің үлгісі емес, жоғарыда аталған бес талапқа сай сөз амалының бірлігі. Мазмұн сипаты жағынан елеулі айырмашылықтары бола тұра, бұрынғы билердің шешендік өнері мен қазіргі шешендердің сөздерін жақындастыратын бірнеше фактор бар. Олар:

- сөздің көркем әрі әсерлі болуы;
- көркемдеу тәсілдерінің шеберлікпен қолданылуы;
- әлеуметтік мүддені қорғауы;
- тыңдаушыға психологиялық жағымды әсер туғызуы және т.б.

Сонымен, шешендік сөз – белгілі бір оқиғаға байланысты тапқырлықпен, көркем тілмен айтылған және жұртшылықтың ойына қозғау салатын үлгілі ойлар мен тұжырымдар.

*«Шешендік өнер» кітабынан*

 3. Теориялық ақпаратты оқып, қазіргі заманда қолданылатын шешендік сөздің табиғаты мен ерекшеліктерін ашатын сызбаны толтыр.



4. Берілген мақалдар мен нақыл сөздерді оқып, мағынасын таратып айт. Олардың қайсысы мазмұны жағынан бір-бірімен үндеседі? Ойыңды дәлелде. Тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндір.

I. 1) Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады. 2) Жақсы сөз – жарым ырыс. 3) Сөз жүйесін тапса, мал иесін табады. 4) Жанды жаралайтын да сөз, емдейтін де сөз. 5) Шешеннің сөзі ортақ, шебердің бізі ортақ. 6) Тау мен тасты жел бұзар, адамзатты сөз бұзар. 7) Көре-көре көсем боларсың, сөйлей-сөйлей шешен боларсың.

II. 1) Сөзге тапқырлық – жақсы адамгершілік қасиет (*Әл-Фараби*). 2) Шешендік қасиет – екінің бірінде кездесе бермейтін қасиет (*Ж. Баласағұн*). 3) Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: ақылға, қиялға, көңілге (*А. Байтұрсынұлы*). 4) Шешендік батылдықты тілейді (*П.С.Пороховицкий*). 5) Шешендік – ақылмен билеу өнері (*Платон*). 6) Басымда ойым көп, бірақ шешен болмағандықтан, оларды айтып бере алмаймын дейтін адам – өзін-өзі түсініп алмаған адам (*М.Монтень*). 7) Ойдағы қателік сөздегі қателікті тудырады, сөздегі қателік істегі қателікті тудырады (*Д.И. Писарев*).



5. Мәтінді мұқият тыңдап, керекті ақпараттарды жазып ал.



6. Тыңдалым мәтіні бойынша кестені толтыр.

Тақырыбы (не туралы?)	Негізгі ой (автор не айтқысы келді?)	Тірек сөздер



7. Тыңдалым мәтіні авторының ойын қолдайсың ба? Неліктен? Мәтінге шешендік сөзге қойылатын талаптар тұрғысынан баға бер.



8. Мерзімді баспасөз беттерінен латын әліпбиіне көшу туралы мәтін тауып, оған шешендік сөз талаптары бойынша талдау жасаңдар. Тыныс белгілерінің қойылуына мән беріңдер.

9. Мәтінді түсініп оқып, көне түркі жазуы мен қазіргі қазақ тілі заңдылықтарын салыстыр.

Қазақ жазуының тарихы көне дәуірлерден бастау алады. Көне түркі кезеңінде қалыптасқан руна жазуы – ата-бабаларымыздың рухани мұрасы.

Көне түркі жазулары немесе көне түркі әліпбиі – дыбыстық жазу түрі, яғни сөздегі дыбыстарды таңбалап жазады. Көне түркі Орхон-Енисей әліпбиінде 35 әріп бар, әрбір әріптің түрлі графикалық нұсқалары қолданылады. Бұдан тыс 4 арнайы жазу таңбасы (лт, нт, нч, рт) кейбір дауыссыздардың тіркесін беру үшін пайдаланылады. Жазудың бағыты оңнан солға қарай.

Көне түркі тіліне қатысты кейбір материалдар топонимика мен ономастика тарихында, көршілес елдердің жылнама жазбаларында кездеседі. Басты мәліметтер көне түркі жазба ескерткіштерінде сақталған. Көне түркі жазба ескерткіштері арқылы қазіргі түрік халықтарының көне тілін, тарихын, географиясын, рухани мәдениетін, жазба дәстүрін, әдет-ғұрыптары мен дүниетанымын білуге болады. Көне түркі жазба ескерткіштері табылған аймақтарға Сібірдегі Енисей, Лена өзендерінің аңғарлары, Моңғолиядағы Орхон, Онгин, Селенга өзендерінің алқабы, Орта Азия мен Қазақстандағы Талас пен Сыр бойы, Ертіс пен Іле қойнауы жатады.

Әрбір тілдің тарихи дамуына сәйкес сөз жасау, сөйлем құрауда ерекшеліктері болады. Соның негізінде тілдің белгілі бір грамматикалық құрылысы қалыптасып, жетіледі.

Көне түркі жазбаларын қазақ тілінің заңдылықтары өлшемімен талдап көрейік. Грамматиканың ең негізгі бір саласы морфология болып саналады. Дүниежүзінде тілдер морфологиялық құрылымы жағынан бірнеше топқа, типке бөлінеді. Түркі тілдері (соның ішінде көне түркі тілдері және қазақ тілі) агглютинативті (жалғамалы) тілдер қатарына жатады. Көне түркі ескерткіштеріндегі сөздер негізгі және көмекші сөздер болып бөлінеді. Негізгі сөздер қазақ тіліндегідей сөйлем ішінде де, жеке тұрып та толық мағынаға ие бола алады. Мысалы: кіші/кіші – кісі, ел/ил – ел, тағ – тау, оғул – ұл, алты – алты. Ал көмекші сөздер қазақ тіліндегі сияқты толық мағынаға ие бола алмайды. Олар негізгі сөздермен тіркесіп, күрделі мүше не сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыру үшін жұмсалады. Мысалы: йеме – және, үчүн – үшін, тегі – дейін, шейін. Тағы бір айтатын жайт, ескерткіштерде қос сөздер жиі кездеседі. Олар: иір-суб (жер-су), көзі-қашы (көзі-қасы), іні-иіген (іні-жиен) т.б.

Сонымен, кез келген ел өзінің тек бүгінгі мәдениетімен ғана емес, тамыры тереңде жатқан төл мәдениетімен де толыққанды ел болып саналады.

*«Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясы» басылымынан*

-  **10.** Мәтіннің тақырыбын анықтап, жоспар құр. Жоспардағы тақырыпшалардың тұсына тиісті тірек сөздерді жаз.
-  **11.** Мәтін мазмұны бойынша тезис жаз.
-  **12.** Белгілі ғалымдардың көне түркі жазуларына қатысты айтқан сөздерін тауып жаз. Олардың мәтін мазмұнымен байланысын анықта.
-  **13. Жағдаяттық тапсырма.** Мектеп түлегі ретінде «Тіл – тарихтың айнасы» атты симпозиумға шақырту алдың. Сонымен қатар саған Еуразия университетіне әкелінген құлпытастың алдында сөз сөйлеу мәртебесі берілді. Оған дайындалу үшін төменде берілген мәтінді оқы. Осы деректерді өзге де ақпарат көздерінен алынған мәліметтермен толықтыр. Ескерткіштің ашылу мерекесіне арналған құттықтау сөздің мәтінін жаз. Тыныс белгілерін тиісті орындарға қой. Оны сынып алдында оқып бер. Шешендік сөзге қойылатын талаптарды сақта.

Көне түркі жазба ескерткіштері Орхон, Енисей өзендерінің бойынан табылған. Түркі елінің қағаны Білге, оның қолбасшысы Күлтегін туралы жырлар құлпытастарға қашап жазылған. Бұл тастардағы жазуды алғаш Дания ғалымы Вильгельм Томсен 1893 жылы оқыған.

2001 жылы ҚР Премьер-министрі Иманғали Тасмағамбетовтің бастамасымен Орхон-Енисей жазбасының көшірмесі еліміздің бас қаласындағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университетіне қойылды.





14. «Күлтегін» жырының үзіндісін мәнерлеп оқы. Жырда ұтымды қолданылған көркемдегіш құралдарды тауып, олардың ойды білдірудегі рөлі туралы айт. Мәтіндегі шешендік сөзге төн белгілерді анықтап, ойыңды дәлелде.

Түрік халқының аты  
 Құмға сіңген судай  
 Құрымасын деп,  
 Асып тұрған айбыны  
 Шөптей жұлынбасын деп  
 Әкемді қаған,  
 Шешемді  
 Ханша еткен Төңірі  
 Мені де қаған етті.  
 Жеріме қорған,  
 Еліме қамал етті...  
 Інім Күлтегін екеуіміз,  
 Әкеміз бен ағамыз  
 Ел еткен елді,  
 Жер еткен жерді  
 Сақтап қаламыз деп  
 Түнде ұйықтамадық,  
 Күндіз отырмадық.  
 Қызыл қанымызды төктік,  
 Қара терімізді жүгірттік.  
 Сеңдердей сатырладық,  
 Сарыаяздай сақылдадық.

Күлтегін екеуіміз  
 Өліп-өшіп жүріп  
 Дұшпанның қанын  
 Белуардан кешіп жүріп  
 Елді қайтадан –  
 Ел еттік,  
 Жерді қайтадан –  
 Жер еттік.  
 Төңірім жарылқап,  
 Таусылған құтым  
 Қайтадан құйылды.  
 Шашылған ырысым  
 Қайтадан жиылды.  
 Азды көп қылдым,  
 Кедейді бай еттім.  
 Көріксізін Күн,  
 Ажарсызын Ай еттім.  
 Төрт тарап түгелімен  
 Аяғыма келіп  
 Бас ұрып жатты.  
 Елімнің даңқын көтеріп,  
 Айбынын асырып жатты...

*Еркін әдеби нұсқасын жасаған  
 Т. Медетбек*



15. Жырда қолданылған қоғамдық-саяси термин сөздердің мағынасын анықта. Мәтін мазмұнына сүйеніп, ел билейтін адамға төн қасиеттерді сызба түрінде жаз.



16. «Тамыры терең текті тіл» деген тақырыпқа шығарма немесе өлең жаз.

**Шығармаға қойылатын талаптар:**

- тақырыптың ашылуы;
- ой жүйелілігі;
- көркемдегіш құралдардың қолданылуы;
- автордың өзіндік пікірінің болуы.



17. Тақырыпты қорытындылап жаз.

- |                           |                   |
|---------------------------|-------------------|
| 1) Маған ... қызық болды. | 3) Мен енді ...   |
| 2) Мен ... білдім.        | 4) ... таңғалдым. |

3-4-сабақ. «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ» – ТАРИХ ПЕН БОЛАШАҚТЫҢ АЛТЫН КӨПІРІ



1. Сұрақтарға жауап бер.

1) «Мәңгілік ел» деген сөздің мағынасын қалай түсінесің? Оның көне түркі ескерткіштерімен қандай байланысы бар?

2) Елбасы Н. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласымен таныссың ба? Ол жайында не білесің?



2. Төмендегі суретке қарап, «Ұлы даланың жеті қыры» туралы шарғын мәтін құрап жаз.



Атқа міну мәдениеті

Қазақстан – алма мен қызғалдақтың отаны

Аң стилі

Түркі әлемінің бесігі

Алтын киімді адам

Ұлы Жібек жолы

Ұлы даладағы ежелгі металлургия

**Шешендік сөзге қойылатын талаптар**

Шешендік сөзде оның адамға эстетикалық, этикалық жағынан әсер етуімен бірге, тәрбиелік, тағылымдық мәні де жоғары болуы қажет.

Шешендік сөздің сапасы үш мәселеге айрықша назар аударуды талап етеді: 1) сөйлеу стилі; 2) сөзге қойылатын негізгі талаптарды сақтауы; 3) сөз мәнерлілігін арттыратын тілдік құралдардың қолданылуы. Өрбір шешеннің жеке өзіне тән, оның сөйлеуіндегі өзіндік ерекшеліктерін айқындайтын, танытатын, сөйлеу дағдысын аңғартатын стилі болады. Ол үздіксіз ізденудің, шешендіктің үздік үлгілерін оқып-үйренудің нәтижесінде қалыптасады.

Шешендік сөзге қойылатын талаптар:

- сөз мазмұнының тереңдігі;
- ойдың жүйелі берілуі;
- пікірдің дәйектілігі, дәлелділігі;
- сөз мағыналарының дұрыс қолданылуы;
- сөздік қордың байлығы;
- мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестердің орынды кіріктірілуі және т.б.

*«Шешендік өнер» кітабынан*



3. Теориялық материалдан шешендік сөзге қатысты ғылыми терминдерді теріп жазып, олардың мағынасын сөздіктің көмегімен анықтаңдар.



4. Майқы би айтқан шешендік сөздердің көркемдік ерекшелігіне сипаттама бер. Мазмұнын өз сөзіңмен өңгімелеп айт.

Майқы би айтыпты дейтін, ел есінде сақталып, мақал, нақылға айналып кеткен аталы сөздерден адамгершілік, ар-намыс, ел бірлігін сақтау самалы есіп тұрады. Ондай ойлы, сары алтындай салмақты сөздердің көбісі өз тұсындағы хандарға, би, бектерге бағыштай айтылғаны да аңғарылады. Сондай нақылдардың ел аузынан хатқа түскені мыналар:

Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,  
Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.

Бірлік түбі – береке,  
Береке түбі – мереке.

Ақ білектің күшімен,  
Ақ найзаның ұшымен,  
Ел болуды ойлаңдар.

Жаман еркек жер қадірін білмес,  
 Жайсыз әйел ер қадірін білмес.  
 Жалқау адам тер қадірін білмес,  
 Жетесіз жігіт ел қадірін білмес.

«Қазақтың би-шешендері» кітабынан

5. Төмендегі суреттерге назар аудара отырып, мәтінді мұқият тыңда. Қажетті мәліметтерді жазып ал.



6. Қосымша ақпарат көздеріндегі ғылыми деректерге сүйене отырып, атқа міну мәдениеті мен ежелгі металлургияның қазақ жерінен бастау алатынын дәлелдеп беріңдер.

7. Тыңдалым мәтіні бойынша екі тезис жаз. Тыныс белгілерінің қойылуына мән бер.

8. Мәтінді мәнерлеп оқы. Мәтіндегі ақпараттарға қатысты қосымша мәлімет жинап, оларды салыстыр.

### Қазақстан – алма мен қызғалдақтың отаны

Асқақ Алатаудың баурайы алма мен қызғалдақтың «тарихи отаны» екені ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Қарапайым, бірақ бүкіл әлем үшін өзіндік мән-маңызы зор бұл өсімдіктер осы жерде бұр жарып, жер жүзіне таралған. Қазақстан қазір де әлемдегі алма атаулының арғы атасы – Сиверс алмасының отаны саналады. Дәл осы тұқым ең көп таралған жемісті әлемге тарту етті. Бәріміз білетін алма – біздегі алманың генетикалық бір түрі. Ол Қазақстан аумағындағы Іле Алатауы



баурайынан Ұлы Жібек жолының көне бағыты арқылы алғашқыда Жерорта теңізіне, кейіннен бүкіл әлемге таралған. Осы дәмді жемістің терең тарихының символы ретінде еліміздің оңтүстігіндегі ең әсем қалалардың бірі «Алматы» деп аталды.

Қазақстан аумағындағы Шу-Іле тауларының етегінен әлі күнге дейін жергілікті өсімдіктер әлемінің жауһары саналатын Регель қызғалдақтарын бастапқы күйінде кездестіруге болады. Бұл әсем өсімдіктер біздің жерімізде Тянь-Шань тауларының етегі мен шөлейт даланың түйісер тұсында пайда болған.

Қазақ топырағындағы осынау ерекше гүлдер әдемілігімен көптеген халықтың жүрегін жаулап, біртіндеп бүкіл әлемге тарады.

Бүгінде жер жүзінде қызғалдақтың 3 мыңнан астам түрі бар, олардың басым көпшілігі – біздің дала қызғалдағының «ұрпағы». Қазір Қазақстанда қызғалдақтың 35 түрі өседі.



*Н. Назарбаев. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласынан*



**9.** Мәтін мазмұны бойынша аннотация жазыңдар.



**10.** «Нағыз шешен». Мәтіндегі негізгі деректерді пайдаланып, шешендік сөз мәтінін құрап жаз. Оның тақырыбы мен қайда сөйленетінін өздерің таңдаңдар. Сыныпта бір-біріңнің сөздеріңді тыңдап, ең үздік шешен оқушыны анықтаңдар.

### Тілдік бағдар

#### Ойталқы

Ойталқы (дискуссия) (*discussion* – латын тілінен аударғанда «зерттеу», «таласу», «талдау» деген мағынаны білдіреді) – белгілі бір мәселені арнайы жиылған топ алдында талқылайтын полилогтік сөз түрі. Мақсаты – өзекті мәселе төңірегінде әртүрлі көзқарастарды талқылай отырып, сол мәселені шешу мүмкіндіктерін қарастыру. Онда ортақ бір шешімге келу міндетті емес. Бірақ сол айтылғандардың негізінде бір түйін жасалады.

Ойталқыда ғылыми не қоғамдық тақырып төңірегінде пікір таластары жүреді. Бір мәселе жөнінде ой, идея алмасатын адамдар тобының арасындағы таласты мәселе проблемалық сипатқа ие бола-

ды. Сондықтан оған қатысушыларға қорғануға да, қарсы пікір айтуға да ерік беріледі. Сөйлеушілердің оң немесе теріс пікір беруіне шек қойылмайды.

Белгілі бір мақсатты көздеп, арнайы тақырыпта айтылатын ой талқылауға ұсынылу үшін, әрине, онда жеке адам баяндама жасайды.

Ойталқының түрлеріне ғылыми диссертациялар қорғайтын кеңес мәжілістері, белгілі бір шығарманы талқылау жиындары жатады. Ойталқыға қатысушылар талқыланатын мәселе жөнінде өз еріктерімен сөйлейді. Талас полилог түрінде өтеді. Төраға талқылауға ұсынылатын тақырыпқа қысқаша түсінік береді. Ойталқыға кемінде үштен бастап он-он бес адамға дейін қатысады.

Әр сөйлеуші баяндама жөнінде пікірін тікелей (дербес) айтуына құқылы. Онда біреуді мақұлдау міндетті емес.

*P.S.:* Ойталқыда баяндамашы айтылған пікірлерге жауап береді. Түйінді сөзді төраға қорытады.

*«Сөйлей білу – өнер»  
кітабынан*



**11.** «Рухани жаңғыру» идеясы қалай жүзеге асады?» тақырыбында ойталқы ұйымдастырыңдар. Ойталқыға дайындық барысында осы тақырыпқа қатысты еңбектерді қарап шығыңдар.



**12.** Алматының алмасы немесе қызғалдақтар туралы өнер туындылары (өлең, ән, сурет және т.б.) бойынша шағын көрме ұйымдастырыңдар. Өзің қосқан экспонатты таныстыр. Шешендік сөзге қажетті көркемдегіш құралдарды (троптар, мақал-мәтелдер, фразеологизмдер және т.б.) қолдан.



**13.** «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын басшылыққа алып және өзге де дереккөздерді қолданып, өзің қалаған бір қыры бойынша тұсаукесер жаса.

**Тұсаукесерге қойылатын талаптар:**

- тақырып ашылуы керек;
- 4–5 слайд болуы қажет;
- таныстырылым шешендік сөз түрінде (1,5–2 минуттық) болуы тиіс.



**14.** Сабақ тақырыбы бойынша өз тұжырымыңды жаз. Тұжырым көлемі 55–60 сөз болуы керек.

## 5–6-сабақ. ТАҢҒАЖАЙЫП АШЫЛЫМ



**1. «Аквариум».** Берілген сұрақтар бойынша диалог құрыңдар. Диалогте шешендік сөзге қажетті құралдарды қолданыңдар. Ең үздік диалогті анықтаңдар.

- 1) Әлемде нақты бір елдерге берілген қандай имидждік атауларды (мысалы, «Күншығыс елі» деген сияқты) білесің?
- 2) «Ұлы дала» атауының мағынасын қалай түсінесің?
- 3) Ұлы Жібек жолы туралы не білесің?
- 4) Ұлы Жібек жолының қазақ елі үшін маңызы қандай болды?
- 5) Неліктен «Ұлы даланың жеті қырының» бірі ретінде Ұлы Жібек жолы алынған?



**2.** Төмендегі суреттерге қара. Олардың қайсысы бүгінгі сабақ тақырыбына қатысты болуы мүмкін? Болжам жасап, ойыңды дәлелде.



**Ғылыми стиль**

Ғылыми стиль – зат не құбылыс ғылыми негізде сипатталып, дәлелдеуді қажет ететін жазба стильдің бір түрі. Ал пікір дұрыстығын дәлелдеу үшін ғылыми стильге нақтылық, мазмұн дәлелділігі қажет.

Ғылыми стильдің лексикасындағы ерекшелік: сөз тек өзінің негізгі мағынасында жұмсалады. Сөздің көпмағыналылығы, бейнелі сөздер мұнда аз кездеседі. Сондай-ақ сөйлем мүшелерінің қалыпты орны, тіл нормасы қатаң сақталады. Ғылым салаларының ерекшеліктеріне қарай әр саланың арнайы термин сөздері болады. Мысалы, тіл білімінде *лингвистика, лексика, фразеология* т.б.; физикада *анод, атом, салмақ, шама* т.б. Сонымен бірге белгілі бір ғылымның саласында қолдану аясына байланысты жалпылама лексиканың кейбір сөздері термин сөзге айналады.

Ғылым ылғи алға басып, дамып отыратыны белгілі. Ғылымның дамуымен бірге жаңа ұғымдар туып отырады.

Ғылыми стильдің үш түрі бар: таза ғылыми стиль, ғылыми-оқулық стилі, ғылыми-көпшілік стиль. Энциклопедиялар, ғылымтанымдық журналдар, газеттер мен сайттардағы ғылымға қатысты мәтіндер ғылыми-көпшілік стильде жазылады. Оқулықтар мен оқу құралдарындағы ғылыми ақпараттар ғылыми-оқулық тілімен беріледі. Ал тек қана ғылыми ортаға арналған монография, диссертациялық еңбектер, арнайы салалық басылымдарда жарияланатын ғылыми мақалалар мен жоба жұмыстары таза ғылыми стильде баяндалады.


Ғылыми стильге ғылымның әр саласына қатысты жазылған ғылыми еңбектер: монография, оқулық, мақала, ғылыми есеп, диссертация, реферат, баяндама, тезистер т.б. жатады.

*«Қазақ тілінің стилистикасы» оқулығынан*

 3. Теориялық мәтін бойынша төмендегі кестені толтыр.

Ғылыми стильдің анықтамасы	Ғылыми стильдің мақсаты	Ғылыми стильдің қолданылатын орны	Ғылыми стильде қолданылатын тілдік құралдар	Ғылыми стильде жазылатын жұмыс түрлері

 4. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы алтыншы қыры туралы мәтінді тыңда.



**5.** «Ізден, ойлан, талқыла» стратегиясына сәйкес қосымша дереккөздерді пайдаланып, «Ұлы Жібек жолы» мен «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» бағдарламасын не байланыстырады?» деген сұраққа жауап беріңдер.

**6.** Тыңдалым мәтіні бойынша «Қос жазба күнделігі» әдісімен кестені толтырыңдар. Термин сөздер мен бейтаныс сөздердің мағынасын «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне» не басқа дереккөздерге қарап жазыңдар. Терминдер қай ғылым саласына жататынын анықтаңдар.

Термин / бейтаныс сөз	Түсініктеме

**7.** Тыңдалым мәтініне сүйеніп, ғалым мен оқушының диалогін құрыңдар. Ол үшін, алдымен, сұрақтар мен жауаптарды бірлесіп анықтаңдар.

**8.** 4-тапсырмада берілген карта мен тыңдалым мәтінін байланыстырып, ғылыми-көпшілік стильде шағын мақала жаз.

**9.** Ұлы даланың төртінші қыры туралы мәтінді оқып, негізгі тірек сөздерді теріп жаз.

### Алтын киімді адам

Біздің түп-тамырымызға жаңаша көзқараспен қарауға жол ашып, әлемдік ғылым үшін сенсация саналған жаңалық – 1969 жылы Қазақ-

станның Есік қорғанынан табылған, өнертанушы ғалымдар арасында «қазақстандық Тутанхамон» деген атқа ие болған – Алтын киімді адам.

Бұл жауынгер талай тылсым құпияның бетін ашты. Біздің бабаларымыз өлі күнге дейін өзінің асқан көркемдігімен тамсандыратын аса жоғары деңгейдегі көркем дүниелер жасаған. Жауынгердің алтынмен апталған киімдері ежелгі шеберлердің алтын өңдеу техникасын жетік меңгергенін аңғартады.

Дала халқы өз көсемдерін барынша ұлықтап, оның мәртебесін күн секілді құдірет деңгейіне көтеріп асқақтатқан. Қорымдағы сән-салтанатты жасау-жабдықтар ежелгі бабаларымыздың зияткерлік дәстүрлерінен де мол хабар береді. Жауынгердің жанынан табылған күміс кеселердің бірінде ойып жазылған таңбалар бар. Бұл – Орталық Азия аумағынан бұрын-соңды табылған жазу атаулының ішіндегі ең көнесі.

*Н. Назарбаев. «Ұлы даланың жеті қыры»  
мақаласынан*

10. Мәтіндегі әр абзацқа тезис жаз.
11. Мәтінде не туралы айтылғанын аннотация түрінде жинақтап жаз.
12. Қосымша ақпарат көздерінен Алтын киімді адам мен Тутанхамонға қатысты мәліметтерді тауып оқындар. «Вени диаграммасы» бойынша ескерткіштердің ерекшелігі мен ұқсастығын таза ғылыми стильде жазып, салыстырындар.



13. Жағдаяттық тапсырма. Жоғары сынып оқушылары арасында «Алтын киімді адам – ерекше жәдігер» тақырыбында шығармашылық байқау өткелі жатыр. Осы ақпаратты әртүрлі жағдаяттарға сай ғылыми, көркем әдеби, ауызекі сөйлеу стилінде жаз. Мәтіндердің мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талда.



**14. Синектика.** Жеті оқушыдан топқа бірігіп, топ ішінде «Ұлы даланың жеті қыры» ретінде алынған құндылықтардың өзара тілдесуін көрсетіңдер. Алдымен жеребе таңдау тәсілімен бірі – Алтын киімді адам, бірі – қызғалдақ гүлі және т.б. болады. Талап: әр құндылық өзінің мәні мен ерекшелігі туралы айтып, шешендігін көрсетуі тиіс. Сынып оқушылары алдымен топтардың білім деңгейін, одан соң жеке оқушылардың шешендігін бағалап, ең үздік шешенді анықтайды.



**15.** Өлеңді мәнерлеп оқып, мәтін бойынша жұмыс істеңдер.

### Жібек жолы

Күн туса да қандай бір сауырлаған,  
Жібек жолды кең дала, тау жырлаған.  
Жібектейін жатқасын шұбатылып,  
Жығылғанның еш жері ауырмаған.

Бұйра жалды қырларын сағымдаған,  
Ұлы дала ешкімге бағынбаған.  
Жиһаз артқан керуен  
Жібек жолмен  
Алтын өзен секілді ағындаған.

Байлық және ағылып тасқындаған,  
Сауда құған кімді де жатсынбаған.  
Ұбап-шұбап жосыған керуені  
Қарақшыға бұл жолды бастырмаған.

Тасқа қашап, мұң-сырын тауға ақтарған,  
Ерлер қанша жат жерде аунап қалған?  
Қара жолмен қара жау қаптағанда,  
Жібек жолмен сарбаздар жауға аттанған.

Жүргізгенде өмірін Уақыт өктем,  
Жауады деп ойлама жақұт көктем.  
Қара жолмен жетсе егер қара Қайғы,  
Жібек жолмен Бақ жеткен, Бақыт жеткен.

Тіршіліктің көздері бұлақтаған,  
Жерұйықтан жұрт бар ма жырақтаған.  
Ұлылықтың өзі де  
Жібек жолмен  
Көшіп келіп қазаққа тұрақтаған.

Ел түледі, бұл шақта қыр түледі,  
 Мәңгі бақи көгімнен Күн күледі.  
 Жібек жолмен адаспай, Азаттығым  
 Жеткен шығар еліме, кім біледі?!

*Р. Ниязбеков*

**Мәтін бойынша жұмыс:** Өлеңнің идеясын анықтап, тіліне талдау жасаңдар. Жібек жолы жайлы не білесіңдер? Сол замандағы түркі тілінің халықаралық деңгейдегі тіл болуы мүмкін бе? Өз пікіріңді айт. «Жалпыадамзаттық өркениет: Түркі мәдениетінің рөлі» тақырыбында ойталқы ұйымдастырыңдар. Ол үшін ойталқының мақсатын анықтап, онда талданатын мәселелерді бірге белгілеңдер. Орталарыңнан жүргізушіні сайлаңдар.

 **16.** «Көнеден жеткен жәдігерлер» тақырыбына аргументті эссе жаз. Онда орфографиялық норма мен тыныс белгілерінің дұрыс қойылуын қадағала.



 **17.** Тақырып бойынша өз ойыңды тұжырымдап жаз.

- 1) Нені жақсы түсіндің?
- 2) Нені түсінбедің?
- 3) Мақалада «Ұлы даланың жеті қырына» нені жатқызған?

### 7-сабақ. 100 ЖАҢА ЕСІМ – СЕРПІЛІСТІҢ КЕПІЛІ



**1. «Тапқырлар сайысы».** Телебағдарлама қонағы ретінде сұрақтарға жауап бер. Талап: а) үш сұраққа бірдей 1,5 минутта қысқа да нұсқа жауап беру керек; ө) шешендік сөз талаптары сақталуы тиіс.



1) «Рухани жаңғырудың» ел тарихы мен болашағы үшін қандай маңызы бар?

2) Өлемдік жаһандану кезеңінде неліктен осы идея пайда болды деп ойлайсың?

3) «Рухани жаңғыру» идеясы мен «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасының қандай байланысы бар?

■ 2. Мәтінді оқып, қарамен жазылған сөйлемнің мағынасын түсіндіріп айт. Суреттегі адамдардың қайсысы туралы білесің? Олардың жаңа жобаға қатысы қандай?

Әр кезеңнің өз идеологиясы болады. **Тек бір нәрсені естен шығармағанымыз абзал: ұлт идеологияға емес, идеология ұлтқа қызмет етуі тиіс.** Мәселен, кешегі соғыс жылдары қазақ жастарына Нұркен Әбдіров, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Төлеген Тоқтаров сынды тұлғаларымыз идеал ретінде ұсынылды. Мейлі қай формацияда өмір сүрсе де, идеалдың аты – идеал.



Ал біз бүгін жаңа дәуірде өмір сүріп отырмыз. Демек, жаңа заманға жаңа идеалдар керек. «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы ең бірінші кезекте осы үшін керек. **Жастарымызды жаңа жеңістерге жігерлендіру үшін керек!** Мәселен, Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңде за-

мандастарына үлгі-өнеге болатын қаншама тұлғалар өсіп-жетілді. Мейлі спорт саласы болсын, мейлі ғылымда, өнерде болсын, мейлі өндіріс пен шаруашылықта болсын, осы бір жаңа есімдерді идеал етуге әбден болады. Ал рухани жаңғыруды жүзеге асыратын кімдер? Әлбетте, идеалдар!

*А. Балажан*



3. Мәтінді тыңдап, тақырып қой.



4. Оқушылар екі топқа бөлінеді. Тыңдалым мәтініне байланысты 1-топ бір тірек сөз айтып, 2-топ сол сөздің мағынасына байланысты сөйлем құрап, келесі тірек сөзді айтады. 1-топ сөйлем құрайды. Осылай тірек сөздер аяқталғанша қайталанады.



5. Мәтінді оқып, негізгі ойды анықта.

«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасына енген дарынды математик Асан Жолдасов – «Пифагор» қосымша білім беру мектебінің негізін қалаған жас маман. Бұл білім шаңырағы математика пәні бойынша халықаралық олимпиадалардан жүлдемен оралған мыңдаған жеңімпазды дайындап келеді.

Аталған жобаға Асан Жолдасов туралы мәліметтерді «Пифагор» мектебі оқушыларының ата-аналары жіберіпті. Өзге пәндерден гөрі математиканы сүйіп оқыған Асан бала күнінде алғашқы олимпиада жарыстарында жолы болмапты. «Жеңгенімнен жеңілгенім көп болды», – дейді ол. О. Жәутіков атындағы республикалық физика-математика мектебіне де бірінші сынақтан түсе алмай, кейін олимпиада жеңімпазы ретінде оқуға қабылданады. Одан соң ол бірнеше халықаралық олимпиада мен жарыстардың алтын, күміс жүлдегері атанады.

Асан Жолдасов – IT саласының маманы. Бірақ ол ұстаз болуды таңдапты. Жас математиктің есебі бойынша ол бір сағатта жүздеген баланың өмірге деген көзқарасын өзгертіп, жеңіске жетуіне ықпал ете алады. Оның алдағы мақсаты – еліміздегі математика ғылымын әлемдік деңгейге көтеруге өз үлесін қосу.

«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасының екінші кезеңі жеңімпаздарын жариялауға арналған салтанатты шарада Асан Жолдасов оқушы кезінен-ақ математикадан республикалық, халықаралық олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болғанын айтты. Ал мектеп бітіргеннен кейін, балаларға математиканы үйрете бастаған. «19 жасымда өз мектебімді аштым. Балаларды оқытқан кезде ең бастысы, олардың математикаға деген сүйіспеншілігін оята білу екендігін түсіндім. Содан

бері оқытудың арнайы әдістемесін жасап, жылдан-жылға дамыта түстім. Қазір «Пифагор» үлкен компанияға айналды. Еліміздің астанасында, Алматы және Тараз қаласындағы мектептерімізде 136 мұғалім жұмыс істейді, 1500 талантты бала білім алып жатыр. Олар сабақтан шыға салысымен есептер шығарып, бір-бірімен бәсекелесу үшін бізге асығады. Есеп шығарып, шынайы қуанады», – дейді Асан.

Оның айтуынша, соңғы алты жыл бойы Қазақстан оқушылар құрамасының жартысына жуығын «Пифагор» мектептерінде білім алған балалар құрайды.

«Математик ретінде цифрларды жақсы көремін. Мақтан тұтатын цифрларым да бар. Білім саласында жұмыс істеген 10 жылдың ішінде 10 мың баланы тәрбиеледім. Олар бүкіл әлемде білім алып жүр, Фейсбукте, Гуглде өз компанияларын құруда. Олардың мыңы республикалық, халықаралық олимпиадаларда жеңімпаз атанды. Олар 300 рет халықаралық олимпиадаларда алтын медаль алып, математикадан әлемде мықты екендігімізді дәлелдеді», – дейді ол.

*inform.kz сайтынан*

 **6. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құр. Жоспар бөліктері бойынша тірек сөздерді жаз. Орфографиялық және пунктуациялық нормаларды сақта.**

 **7. Суретке қара. Мәтін кейіпкері Асан Жолдасовқа сипаттама бер. Жас ғалым-ұстаздың сыртқы келбеті мен кісілік қасиеттерін мәтінге сүйеніп, диаграмма түрінде жаз. Диаграмманың сол жағына сыртқы келбетіне, ал оң жағына адамның мінез-құлығы мен болмысын сипаттауға байланысты тірек сөздерді жаз.**



 **8. Рөлдік ойын. Мәтін мазмұнына сүйеніп, Асан Жолдасовтың атынан «Пифагор» мектебі туралы жарнама жаса. Асанның сөзін бірінші жағдаятта досыңа; екінші жағдаятта басқа мектептің оқушыларына; үшінші жағдаятта теледидардан берілген жарнама түрінде айт. Ресми, публицистикалық, ауызекі сөйлеу стилінде айтылған сөздердің мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талда. Өз сөзіңде екі мақал-мәтел, үш фразеологизм қолдан. Сынып «Ең үздік Асан» рөлін анықтасын.**

9. Егер мүмкіндік болса, мектепшілік ойталқы ұйымдастырыңдар. Ұсынылатын тақырыптар: «Мектеп киімі қандай болу керек?», «Кәсіби бағдарлы пәндердің қайсысы тиімді?», «Темекімен күресу мүмкін бе?» және т.б.



10. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтыр.

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады?

## 8-сабақ. НӘТИЖЕ САБАҚ



1. Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Суретте берілген тұлғалардың қазақ тарихы мен мәдениетінде алар орны қандай?
- 2) Оларды не байланыстырады?
- 3) Бұл тұлғалар туралы не білесің?



2. Мәтінді оқы. Термин сөздерді жазып, мағынасын анықта.

### Тәуелсіздіктің теңдессіз жеті табысы

Тәуелсіздіктің табыстары:

Бірінші, әлем картасында болмаған мемлекет – Тәуелсіз Қазақстан құрылды. Мемлекеттік шегарамыз халықаралық деңгейде бекітілді.

Екінші, жетекші халықаралық сарапшылардың пікірі бойынша, еліміз әлемге Қазақстанның «Экономикалық ғажайыбының» жарқын үлгісін көрсетті.

Атап айтар болсақ:

– Дүниежүзілік банктің «Doing Business» рейтингі бойынша Қазақстан 1 жылда 51-орыннан 35-орынға жылжыды.

– Әлемдік энергетика саласындағы соңғы 50 жылда болған оқиғаның бірі – Қашаған мұнай және газ кенішінің іске қосылуы.

Үшінші, «Мен қазақстандықпын, бұл менің елім, мен мұнда бақытымды таптым!» – деп айта алатын әділетті қоғамды орнатты.

Төртінші, Нұр-Сұлтан қаласы планетамызда ХХІ ғасырда пайда болған бірінші астаналық қала болды.

Бесінші, экономикалық ғажайыптың арқасында қазақстандықтардың әл-ауқаты жақсарды.

Алтыншы, бүгінде Армения, Беларусь, Қырғызстан және Ресеймен бірге Еуразиялық экономикалық одаққа қатысуда.

Жетінші, бүгінде әлемдік жетекші саясаткерлер мен халықаралық сарапшылар Қазақстанды жаһандық антиядролық қозғалыстың көш-басшысы және жүйелі бітімгерші ретінде мойындайды.

*Н. Назарбаев*



3. 1-тапсырмада берілген суреттегі тарихи тұлғалар мен оқылым мәтінін байланыстырып, ойларыңды жүйелі түрде жеткізіңдер.



4. Төмендегі шешендік сөздің көркемдік ерекшелігіне мән беріңдер. Өздерің қандай төрелік айтар едіңдер? Тапқырлықтарыңды танытыңдар.

Жаңа жайлауға қоныстанған бір бай екі кедей жігітке құдық қаздырады. Құдық қазылып біткен соң, жігіттер байдан ақысын сұрайды. Бай олардың біреуіне саулық, екіншісіне қозы береді. Екінші жігіт оған наразы болады. Төле биге келіп, шағым айтады. Төле би байға құдық қазған екі адамның еңбегі бірдей екенін айтады. Бірақ құдық иесі өз дегенінен қайтпайды.

Сонда Төле би:

– Адамның екі көзінің, екі қолының қайсысы кем? – дейді байға.

– Ешқайсысының кемдігі жоқ. Екеуі бірдей. Сөзіңізге жығылдым, биеке! Өкпелі жігітке қой берейін, – депті амалы құрыған бай.

*«Қазақ өнерінің антологиясы» кітабынан*



5. Төмендегі тіл туралы пікірлердің тыныс белгілерін дұрыс қойып, мәнерлеп оқы.

Қазақ тілінің арғы атасы көне түркі тілі (*Ш. Уәлиханов*).

Балаға қай тілде білім берсең түбі сол ұлтқа қызмет етеді (*М. Шоқай*).

Анық түрік затты халық тілі біздің қазақ тілі (*Ә. Бөкейхан*).

Тіл адамның адамдық белгісінің зоры жұмсайтын қаруының бірі (*А. Байтұрсынұлы*).

Тіл адам жанының тілмашы тілі кем болса адамның қор болғаны (*М. Жұмабаев*).

Тіл ішкі сырды сыртқа шығаратын құрал (*Ж. Аймауытов*).

Тіл тазалығы үшін күрес ешқашан толастамайтын мәңгілік күрес (*Б. Момышұлы*).

Тілден биік асқар тау тілден асқан байлық тілден терең теңіз жоқ (*Ғ. Мүсірепов*).



**6.** «Қазақстанның болашағы – білімді жастарда» тақырыбында ойталқы өткізіңдер.



**7. Жағдаяттық тапсырма.** Теледидардан көрсетілетін «Егер мен президент болсам...» ток-шоу бағдарламасына қатысуға шақырылды. Не айтасың?



**8.** «Ұлы даланың өткені мен бүгіні» тақырыбында коллаж жасаңдар. Оны сынып алдында қорғаңдар. Сынып ең үздік жобаны анықтасын.



**9.** «Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға жауап бер.

1) «Қазақстан бүгінгі әлемде: Қазақстанның өткені мен келешегі» тақырыбы бойынша не білдің?

2) Өзің үшін қандай маңызды мәліметтер болды?

## 2-БӨЛІМ

ЭКОЛОГИЯ: ЯДРОЛЫҚ ЖӘНЕ  
МҰНАЙ ӨНДІРІСТЕРІ

Оқушы, сен бұл бөлімде:

- мәтіндердегі терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдауды;
- мәтінде көтерілген мәселеге қатысты талқылау сұрақтарын құрас-тырып, сыни тұрғыда бағалауды;
- әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақ-сатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін са-лыстыра талдауды;
- БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді алып, сілтеме жасап, дәйексөз келтіруді;
- оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектiлеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеуді;
- белгілі бір тақырып аясында тілдегі көркемдегіш құралдарды орын-ды пайдалану дағдыларын жетілдіресің.

## 1–2-сабақ. СЕМЕЙ ПОЛИГОНЫ



1. «Экология» сөзіне қатысты термин сөздер мен сөз тіркестерін жазыңдар. Сөздіктің көмегімен таза ғылыми стильде терминдер глоссарийін жасаңдар.



2. Суреттерге қара. Дайындаған термин сөздер мен сөз тіркестерін қолданып, экологиялық мәселе туралы ғылыми-көпшілік стильде мәтін құрап айт.



## Тілдік бағдар

**Айтыс** – пікірталастың өнер деңгейіне көтерілген өзгеше түрі. Сонау көне замандардан бері қарай жалғасып келе жатқан айтыс – сөз өнерінің, ой жарысының, сөз додасының мейлінше көркем де күрделі, өсерлі де айшықты нұсқасы.

Пікірталастың бір түрі болғандықтан, оған тән жалпы заңдылықтар айтыс кезінде де сақталады. Мысалы, айтысушылардың өзіндік ой-көзқарастарын қорғауы, қарсыласын сынауы, сөз орамдарын қорғану құралы ретінде тиімді пайдалануы, ұтқыр ой мен өткір тілді қолдану шеберлігіне ұмтылыс және т.б. айтыскер үшін де маңызды.

Айтыскерлер – тыңдаушылардың, қалың қауымның көкейіндегі ойды жеткізуші ел өкілдері. Олар қоғамда қалыптасқан пікірлерді ашық айтады. Жалған сөз, артық мақтан айтыскерді орға жықса, батылдық, өр мінез, әдемі әдеп оның беделін биіктетіп, кең танылуына әсер етеді.

Қазіргі айтыс жанларында көне заманнан жалғасып жатқан дәстүрлер сақталғанмен, сөз мазмұны жаңа дәуірдегі өзекті де келелі мәселелерге құрылады.

Айтыс соңғы жылдары даталы күндерге, ұлттық мейрамдарға арналып не белгілі қоғам қайраткерлерінің, елге танымал тұлғалардың құрметіне орай ұйымдастырылып жүр.

Қазақ айтысындағы ең басты ерекшелік – оның өлеңмен өрілуі, саз аспабымен сүйемелденіп, әнмен, әуенмен астасуы. Бұл – айтыстың әсерлілігін арттыра түседі, тыңдарманға жағымды көңіл күй сыйлайды. Әрине, айтыскердің дауысы, ән айту қабілеті қанша ғажап болса да, тыңдаушының күтетіні – терең мағыналы, дәйекті сөз, салмақты ой, сөзді ұйқастыра, ұйыстыра білер шешендік.

*«Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясы» басылымынан*



**3.** Айтыс туралы теориялық мәтіндегі негізгі ұғымдарды теріп жаз. Ғылыми стильдегі мәтіннің құрылымы мен рәсімделуіне назар аудар. Осы мәтіннің мазмұнына сүйеніп, оның жанрлық және тілдік ерекшеліктеріне талдау жаса.



**4.** Қазіргі заман ақындарының айтысынан экологиялық мәселелерге, Қазақстандағы полигонға қатысты ой-пікірлерді тауып, оларға айтысқа қойылатын талаптар бойынша талдау жаса.

Әселхан Қалыбекова:

Тілі жоқ күш қарулар жарылуда,  
Полигон Қызылқұмда, Сарықұмда.  
Исатай, Махамбеттей батыр болған,  
Полигон Еділ, Жайық, Нарынында.

Полигон Сарыөзек пен Семейімде,  
Сау жер жоқ, бәрін тізіп берейін бе?  
Көк жалын күндіз-түні күркірейді,  
Бұрқылдап Байқоңырдың көмейінде ...

Иманғазы Нұрахметұлы:

...Байқоңырдан «протон» ұшырғандар,  
Арқаға құлатады үйінді ғып,  
Құлаған протондар сұмдығымен,  
Халықты жылатады күйіндіріп.  
Бұл күнде протонның аты аталса,  
Миынан өтеді елдің құйын жүріп ...

*«Айтыс өнерінің публицистикалық сипаты»  
электрондық оқулығынан*



5. Төменде берілген бата мәтінін оқыңдар. Өздерің қалаған тақырыпта қыз бен ұлдың айтысының мәтінін жазыңдар. Айтыс мәтінінде сөз өдебін сақтап, ұл мен қыздың қоғамдағы орны мен рөлін ашып көрсетіңдер.

#### Ұл балаға берілетін бата

Ақылшы бол, дана бол,  
Адасқанға пана бол.  
Өркенің өссін, өрісің кеңейсін,  
Ат жалын тартып мініп,  
Халқыңның қамын жегейсің.  
Құдай тілеуіңді беріп, бағыңды ашсын,  
Талабың көкке өрлей берсін!  
Әумин!

#### Қыз балаға берілетін бата

Талдай бой берсін,  
Сұңғыла ой берсін.  
Жаздай жамал берсін,  
Қылықты амал берсін!  
Анаға шуақ болсын,  
Ағаға қуат болсын.  
Нәзік жаны болсын,  
Елінің ары болсын.  
Басына өнердің бағы қонсын,  
Ақ орданың шамы болсын!  
Әумин!

*«Алаш айнасы» газетінен*



6. Өлеңді мұқият тыңда.



7. Тыңдалым мәтініндегі «табиғаты тозғындап, ауру-сырқау меңдеген», «көзімдегі үшқыннан қалмады енді жұғын да, Семей және полигон айналды егіз ұғымға», «... жүрегіме дақ салмай», «қасиетті өлкенің қайғысы бар батпандай», «зұлмат қару», «полигонның үні өшті» сөз оралымдарының мағынасын ашып, талдаңдар.

Тірек сөздер	Ұтымды тіркестер	Тосын ойлар



8. Мәтінді оқып, айтысты қадірлеудегі халықтық дәстүр туралы әңгімелесіңдер. Қыз бен жігіт айтысының ерекшелігіне назар аударыңдар.

Асылы, айтыста күй таңдалынбайды. Айтыс ақындары қандай жерде, қандай жағдайда кездесе де, бір-бірімен ұстасып, айтыса кететін қызық, тосын жайлары да болған.

Сондай сыры да, салты да қызық айтыстарға Жамбылдың Бөлек байдың қызымен бетпе-бет, ашық аспан астында, көш бойында айтысуы жатады. 1870 жылдың орта тұсында жас Жамбыл Іле өзенінің солтүстік-шығыс жағындағы Алтынемел тауындағы жалайыр руларының арасына барады, той-тамашаларға қатысады. Жамбылдың елге қайтатын уақыты болады. Жолда тауға беттеп бара жатқан Бөлек деген дәулетті адамның көшіне кездеседі. Көш бастаған сұлу қыз әрі ақын дегенді Жамбыл қырда жүрген қойшылардан естиді. Ақын көрсе, әсіресе ақын қыз көрсе, арқасы қозып, өлең айтқысы келіп, шабыттанып кететін жас Жамбыл әлгі көштің бара жатқан бағытына бұрылады. Әрі қарай Жамбылдың өзі былай дейді: «Шеңгелдіден Қарашоқыға қарай бет алған қалың көшке жолықтым. Көш алдында тоғыз түйе жетелеген, құла қасқа атты қызға көзім түсті. Ер-тұрманы саф күміс, кигені дүрия-торғын, салтанатты қыз екен. Не де болса, қатарласа жүргім келді. Жетегімдегі торы шолақты қамшылап жіберіп, қызға қатарласа кеттім. Бір-екі рет салқын қарап қойды да, қыз өлеңді қоя берді. Біраз айтысып едік, шешесі тоғыз беріп тоқтатып қойды».

Жамбыл мен Бөлектің қызының арасындағы айтыстың басталуы, беташары қандай қызық болса, оның аяқталуы да сондай ерекше. Жүріп бара жатқан көштің бойында қыз бен Жамбылдың жарыса айтысуы – халықтық ғажап дәстүр! Көш тауға беттеп бара жатыр: Жамбыл өлеңді тау-тасты жаңғырықтырып, бастап кетеді. Бұл не деген салт?! Сірә, қазақтардың «Сөз өнері – аспан мен жердің арасын жалғастырушы киелі күш» деп санауларына байланысты шығар?! Олардың ұғымынша, қай жерде өлең естілсе, сол жерде басқа қозғалысқа рұқсат етілмейді.

«Көшті тоқтатып қойып, көлденең көк аттымен айтысқаның қалай?» – деп Бөлек қызына өкпе-наз айта алмайды.

Сөз өнерін қастерлеу дегенде, осындай өмірден алынған мысалдарды атаймыз.

*С. Садырбаев*

9. Теледидардан көрген 2–3 жұптың айтысын бейнетаспаға жазып алып тыңдаңдар, олардың ішінен өздерің қалаған біреуіне талдау жасаңдар. Онда көтерілген мәселе, айтыстың түрі, соған орай айтыскердің қолданған тәсілдері жөнінде пікірлеріңді жазыңдар.

10. «Үздік жоба». Сыныпаралық немесе мектепшілік айтыс өткізу жобасын жасаңдар. Айтыс тақырыбы, айтыстың түрі, ақындарды жұптау жөніндегі пікірлеріңді дәлелдендер. Сынып ең үздік жобаны анықтайды.

11. Мәтінді мұқият оқып, талқылау сұрақтарын дайындаңдар.

### Дерек пен дәйек



- И. Сталин 1947 жылдың тамызында полигонды құру қаулысына қол қойды.

- 1949 жылдың 29 тамызында Кеңес Одағы Шығыс Қазақстандағы Семей ядролық полигонында бірінші атом бомбасының сынағын өткізді.

- 1991 жылдың 29 тамызында Қазақ КСР Президенті Н.Назарбаев өзінің Жарлығымен Кеңес Одағы құлауға төрт ай қалғанда Семей ядролық полигонын жапты.

- 1991 жылдың 26 желтоқсанында Қазақстан мен АҚШ кең ауқымды дипломатиялық қарым-қатынастар орната бастады. Қазақстандағы ядролық арсеналдың тағдырына қатысты мәселе екі ел басшылары үшін маңызды болды.

- 1991 жылдың 30 желтоқсанынан бастап, Кеңес Одағы формалды түрде өзінің өмір сүруін тоқтатты. Қазақстан 370 ядролық оқтұмсықты Х-55 қанатты зымырандармен жарақтандырылған 40-қа тарта ТУ-95 ауыр бомбалаушы эскадронға; әрқайсысының тротилдік баламасының қуаты 1 мегатонна болатын 1040 ядролық оқтұмсықты құрайтын әлемдегі 4-ші ядролық арсеналға ие болды.

- 1994 жылдың 14 ақпанында Президент Н.Назарбаев ядролық қаруы жоқ мемлекет ретінде Ядролық қаруды таратпау жөніндегі шартқа Қазақстан

формалды қосылатын ратификациялық құжаттарды Вашингтонда, Президент Б. Клинтонға табыс етті.

• 1996 жылдың 21 сәуірінде республика аумағынан 1216 дана ядролық қару-жарақты алып кету үдерісі аяқталды.

*«Егемен Қазақстан» газетінен*



**12.** Оқылым мәтіні бойынша дайындаған сұрақтардың төңірегінде ой бөлісіңдер.



**13.** Ақын, қоғам және мемлекет қайраткері Олжас Сүлейменовтің бастамасымен Семей полигонын жабу туралы қозғалыс нәтижелі болды. Осы шараға қатысты «Полигонның зардабы: кешегісі мен бүгіні» тақырыбында мектепшілік айтыс өтеді. Соған қатысу үшін айтыс мәтінін жазып, дайындалуың керек. Сабақтағы Семей полигонына қатысты деректер мен ақпараттарды қолдан.



**14.** Ғаламтордан Роза Рымбаеваның орындауындағы «Заман-ай» әнін тауып (сөзін жазған Ұлықбек Есдәулет), жаттаңдар. Ән мәтінінде қандай мәселе көтерілгенін анықтаңдар.



**15.** «Ядролық өндіріс адамзатқа қажет пе?» деген тақырыпта келісу не келіспеу эссесін жаз.



**16.** «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап бер.

- 1) Бүгін не үйрендің?
- 2) Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
- 3) Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

### 3–4-сабақ. ЯДРОЛЫҚ ӨНДІРІС – ТАБИҒАТҚА ТӨНГЕН ҚАУШ



**1.** Ғылыми стильде жазылған мәтіннің мазмұндық ерекшеліктерін анықта.

Ядролық жарылыстар әуеде, жер үстінде, жер астында, су үстінде және су астында жүргізілуі мүмкін. Ядролық жарылыс кезінде байқалатын құбылыстар көп жағдайда жарылыс түрі мен қуатына байланысты болады. Ядролық жарылыстар жергілікті жердің радиоактивтік зақымдалу дәрежесіне қарай анықталады. Мысалы, әуедегі жарылыстың эпицентрінде жергілікті жерге радиоактивтік зақымданудың орасан

зор қаупі төнеді. Ал жерүсті және жерасты жарылысы жердің, сондай-ақ радиоактивті бұлттың өту жолындағы аумақтың едәуір бөлігін зақымдайды. Ядролық жарылыстың түрі мен қуаты қирату ауқымымен, нысанның апатты жағдайымен, радиоактивті зақымдану мөлшерімен сипатталады.

*Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінен*



**2.** Мәтін мазмұнына сүйеніп, Семей полигонында ядролық жарылыстың қай түрі жүргізілгенін анықта. Ақпарат көздерінен Семей полигонына қатысты статистикалық мәліметтерді тауып, онда болған ядролық жарылыстардың табиғатқа тигізген зардаптарын есепте. Оның қорытындысын сыныпта талқылаңдар.



**3.** Мәтінді мұқият тыңдап, конспект жазыңдар.



**4.** Мәтіннің стилін сөз оралымдары арқылы анықтаңдар. Мәтінге тақырып қойып, автордың негізгі идеясын ашыңдар. Кестені тыңдалым мәтіні бойынша толтырыңдар.

Термин	Анықтама	Сөз оралымдары	Мәтіндегі сөйлемнен мысал



**5.** Асанқайғының сөзін оқы. Дала философының сөзі мен ол сипаттаған жерлердің қазіргі күйін салыстырып, өз ойыңды айт. Сөзіңде шешендік сөз амалдарын қолдан.

Асанқайғы желмая мініп, желдіртіп, Сарыарқаны аралап жүргендегі жерге айтқан сындары.

Ұзын Ертісті көргенде: «Мына шіркіннің баласы тойдым деп қарап отырмас, қарным ашты деп жылап отырмас, сиырдың мүйізі, кеуірдің құлағы шығып тұрған жер екен», – депті.

Баянауыл тауын көргенде: «Ат ерін алмайтын жер екен. Бауырында тұзы бар екен, тұзы ауыр екен, бір түн түнеп кетемін деген адам бір жұма тоқтап қалады екен. Тұзы жібермейді екен», – депті.

Түндік өзенін көргенде: «Он екі қазылық ой Түндік, маңырап жатқан қой Түндік. Қойдың құлағы тұтам шығып тұрған жер екен!» – деп тастап кетуге қимай, үш қараған екен. Содан «Үшқара» атанған.

*«Қазақтың би-шешендері»  
кітабынан*



**6.** Төменде берілген сөздердің өзара байланысын алдымен жұпта талқылап, одан кейін сыныпта 4 түрлі себеппен дәлелдендер. Жұпаралық бағалауда келтірілген себептер мен деректердің шынайылығын қадағалаңдар.

Қазақстан – Семей – полигон – қасірет

## Тілдік бағдар

### Сыни пікір

Сыни пікір немесе рецензия – журналистика, сонымен қатар ғылыми және көркем әдеби сынның жанры. Латын тілінен аударғанда «*recensio*» – «баға, хабарлама, сын, бір нәрсе туралы жазылған пікір» деген мағынаны білдіреді. Сыни пікір жаңа шығарма жайлы көпшілікті хабардар етіп, жазушы немесе ғалым жазған зерттеуге баға беріп, жөндеу үшін жазылады. Онда сол еңбекке пікір жазушы адамның өз көзқарасы баяндалады, бағасы беріледі, еңбектің жетістігі мен кемшілігі айтылады, кейде оны жетілдіре түсу үшін ұсыныстар көрсетіледі. Сыни пікір көлемі автордың талдауына байланысты болады.

Сыни пікір, ең алдымен, ғылыми негізде, объективті түрде, баршаға түсінікті тілде жазылып, шығарманы жазған авторға да, шығарманың оқырмандарына да пайда келтіруі тиіс.

Қазіргі кезде ең көп таралған рецензиялардың бірі – ғылыми жұмысқа берілетін баға. Рецензияда нақты ғылыми талдау немесе әдеби шығармаға кәсіби талдау жасалынып, сыни пікір не эксперттік қорытынды беріледі.

*Рецензия жазу үлгісі:*

Ж. Ақанқызының «Табиғатты қастерлейік» мақаласына

### РЕЦЕНЗИЯ

Мақала авторы жазған тақырыбын жете меңгерген. Тақырыбы толық ашылған. Мақала өзара байланысқан ой тізбектерінен тұрады. Автор мақаланы жазуда түрлі тілдік құралдарды шебер пайдаланады. Еңбекте тақырыптың маңыздылығын сипаттайтын дәйектер жақсы таңдалған...



7. Мәтінді түсініп оқып, рецензия жаз.

### Табиғат тажалы

Ядролық жарылыстардың тек адамға ғана емес, табиғатқа да зардабы болды. Жылда радионуклидтердің жинала беруі жердің құнарлығын азайтты. Жердегі орасан зор микроэлементтер: темір, мыс, магний және басқа металдар әртүрлі дәнді дақылдар арқылы адам организміне сіңді.

Бұрын-соңды болмаған жарылыс 1953 жылы 12 тамызда Семей ядролық полигонының төңірегінде жасалды. Оның қуаты 480 килотонна еді. Жарылыстан кейін пайда болған нарттай жанған радиоактивті газдардың саңырауқұлақ секілді бұлты 16 километр биіктікке көтерілді. Осы жарылыстан кейін радиусы ондаған километр болатын жерде дала шөптері бірнеше күн бойы көгілдір сәуле шығарып тұрды. 1955 жылы 22 қарашада ТУ-16А әскери бомбалағышы Семей полигонының үстінен ұшып бара жатып, жаңадан жасалған қуаты 1,7 мегатонна болатын термоядролық РДС-37 зарядын тастады. Бомба бір жарым километрлік биіктікте жарылды. Бұл жарылыстың соққы толқыны мен жер қабатының дірілі бүкіл Қазақстан аумағы мен Ресейдің көршілес аймақтарында сезілді. 1962–1989 жылдар аралығында Семей полигонындағы Дегелең тауының жер астындағы шахталарында 340 жарылыс жасалды. Бұл жерде жыл сайын 14–18 ядролық сынақ өткізіліп тұрды. Осынау жарылыстың салдарынан бір кездері жартастардан құралған Дегелең тауы қиыршық тас үйіндісіне айналды.

Жер астындағы әрбір үшінші жарылыстан соң пайда болған жарықтар мен саңылаулардан радиоактивті газ шығып жатты. Оның әсерінен қыбырлаған жәндік те, жыбырлаған тірі жан да зардап шекті. Жайқалған ағаш, жасыл шөп құрап, тақыр түзге айналды. Су мен асты уайымсыз ішуге мүмкін болмады.

Ал табиғатқа төнген таял адамзатқа келген қатер екені баршамызға аян.

«Егемен Қазақстан» газетінен



8. Мәтіннің жанрлық ерекшелігіне талдау жасаңдар.



9. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

- 1) Мәтінде қандай ой айтылған?
- 2) Мәтінде көтерілген мәселеге ұқсас көркем шығарма оқыдың ба?
- 3) Мәтін мазмұнына сүйеніп, қорытынды жаз.



10. «Ішкі және сыртқы» әдісі бойынша мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды жазыңдар. (Жазып болған соң, топтар шеңбер жасап тұрады. 1-топ ішкі шеңберге, 2-топ сыртқы шеңберге жинаған ақпараттарымен бөліседі.)



11. Мәтіндегі термин сөздерді теріп алып, мағынасын сөздіктің көмегімен анықтаңдар.



12. Ғылыми еңбектерді пайдаланып, Қазақстанның экологиялық жағдайы туралы шағын мәтін жаз. *Ескерту:* таңдалған жанрдың формасы мен мазмұны сақталсын.



13. Тыңдалым және оқылым мәтіндеріне «Төрт сөйлем» әдісі бойынша қорытынды жаз.

- 1) **Пікір.** Мәтіндер бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен тұжырымда.
- 2) **Дәлел.** Пікіріңді бір-екі сөйлеммен дәлелде.
- 3) **Мысал.** Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.
- 4) **Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды шығар.

## 5–6-сабақ. МҰНАЙ ӨНДІРІСІ: ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ



1. Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Мұнайдан қандай өнімдер алынады?
- 2) Қазіргі таңда мұнайдың орнына қандай энергия көздерін пайдалануға болады?
- 3) Еліміздегі ең көне мұнай кен орнын білесің бе?
- 4) Мұнайды дайын өнім ретінде шығару үшін не істеуге болады?
- 5) Әлемдегі мұнай алпауыттары қай елдерде орналасқан? Картадан көрсет.



2. Мәтінді тыңда. Термин сөздер мен ерекше тілдік оралымдарды жазып, түсініктемесін тап.

Термин / тілдік оралым	Түсініктеме / анықтама



3. Үштік жұмыс. Тыңдалым мәтініне байланысты талқылау сұрақтарын құрастырып, сол сұрақтарға жауап беріңдер.

- «А» оқушы – сұрақ құрастырады.
- «В» оқушы – жауап береді.
- «С» оқушы – сұрақтың дұрыс қойылуы мен жауаптың дұрыс болуын қадағалайды. Қатесін түзетіп отырады.



4. Мәтінге тақырып қойып, автордың басты идеясын анықта.



5. Тыңдалым мәтіні бойынша «Дұрыс/бұрыс» ойынын ойнаңдар. Мәтін мазмұнына сәйкес келетін 5 сөйлем, жалған ақпарат болатын 5 сөйлем құраңдар. Жұптар оқып, дұрыс-бұрысын анықтайды. Өзара бағалаңдар.

Ақпарат	+ Дұрыс	– Бұрыс



6. Мәтінді қайта тыңдап, негізгі ақпараттарды іріктеп жаз.

## 7. Мәтінді оқып, термин сөздерге талдау жасаңдар.

Бүгінде жер беті мен табиғи орта қарқынды түрде ластанып жатыр. Өнім өндіру төмендегенімен, қоршаған ортаның ластануы кеміген жоқ. Себебі нарықтық қатынастар жағдайында табиғатты қорғауға бөлінетін қаражат шығыны бұрынғысынан да үнемделе түсті.

Пайдаланылмайтын ілеспе мұнайлы газ жанатын алаулар да (факельдер) экологиялық тұрғыдан қауіпті. Осындай қауіпті нысандарда өнім өндіру кезінде кездесетін зиянның алдын алу үшін мұнайды жинау және тасымалдау жүйесі бекітілуі тиіс. Бу және газ құбырларының ақауынан болатын апаттар жерді, топырақты, суды ластап, қоршаған ортаға зиянын тигізеді.

Уақытша көлік жолдары, теміржолдар мен су жүйесі, әртүрлі мақсаттағы құбырлар бір-бірінен алыс орналасқандықтан, мұнай өндірісіне бөлінетін жердің жалпы аумағы өте үлкен болады. Сондықтан мұнай өндіру нысандары едәуір аймақты алып жатады.

Табиғатқа зиянды әсері бойынша мұнай өндірісі халықшаруашылығы салаларының ішінде алдыңғы орында тұр. Ол жер бетін, атмосфера мен гидросфераны және геологиялық ортаны ластайды.

Мұнай кешенінің құрамында 40-тан астам ластаушы зат бар, олар қоршаған ортаға кері әсер ету жылдамдығы және әртүрлілігімен сипатталады. Мұнай саласының кәсіпорындары мұнай өңдеуде, мұнайдан алынатын органикалық заттарды синтездеуде де табиғат аясына белгілі бір мөлшерде залалын келтіреді.

Мұнай өндірісі (барлау, бұрғылау, өндіру, қайта өңдеу, тасымалдау) қоршаған ортаға, топыраққа, өсімдік және жануарлар әлеміне айтарлықтай ықпал етеді.

Қазіргі таңда экологиялық жағдай әрбір адамға тікелей де, жанама түрде де әсер ететін әлеуметтік-экономикалық мәселенің біріне айналып отыр.

*М. Диаров*

## 8. Мәтіннің әр абзацы бойынша тезис жаз.

9. Ғылыми мақаладан өзіңе ой салған автор сөзін жазып ал. Оны дәйексөз ретінде келтіріп, шағын мәтін құрап жаз. Оған сілтеме жаса. Сілтеме бойынша мәтін соңына әдебиеттер тізімін рәсімде. Ол үшін, алдымен, келесі бетте берілген сілтеме жасау және пайдаланылған әдебиеттерді рәсімдеу туралы мәліметтерді оқы.

## Есіңде сақта!

**Дәйексөзге сілтеме жасау және пайдаланылған әдебиеттерді рәсімдеу талаптары**

**Дәйексөз** – мәтін авторының өз ойын дәлелдеу үшін өзге бір автордан сол қалпында өзгертпей алынған сөзі. Дәйексөз – ойдың шегесі. Дәйексөз бөгде адамның төл сөзі болғандықтан, ол арнайы тыныс белгілерімен ерекшеленіп көрсетіледі.

Дәйексөз алынған сөйлемнің соңына сілтеме беріледі. Сілтеме тік жақшамен рәсімделеді. Жақшаның ішіне, алдымен, дәйексөз алынған еңбектің пайдаланылған әдебиеттердегі рет саны, содан кейін еңбектің сол сөйлем алынған беті жазылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімін** рәсімдеудің де өз талаптары бар. Алдымен дәйексөз алынған еңбек авторының тегі және атының алғашқы әрпі жазылады да, нүкте қойылады. Содан кейін еңбектің аты толық жазылады. Келесі кезекте сызықша арқылы еңбек жарияланған қала атауынан кейін қос нүкте қойылып, бас әріппен баспаның аты, одан соң үтір қойылып, шыққан жылы жазылып, нүкте қойылады. Содан соң тағы да сызықша қойылып, еңбектің жалпы бет саны жазылады.

*Мысалы:* Абай ғылымның адам өміріндегі маңызын ашып көрсете келіп: «Ғылым таппай мақтанба», – деп тұжырым жасайды [1, 12-б.].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құнанбайұлы А. Сен де бір кірпіш дүниеге. – Алматы: Атамұра, 2014. – 288 б.

**10. Өлеңді мәнерлеп оқы.****Мұнай теңізі**

Кең даланың астында  
Ғажап теңіз бар екен.  
Жер бетіне тасқындап  
Бір шығуға зар екен.  
Мұнай-теңіз сол екен,  
Қасиеті оның мол екен.  
Сонау дала төрінен  
жанады екен от болып.


Ракета да сонымен  
зулайды екен оқ болып.  
Онсыз бәрі тұрады,  
мотор істен шығады.  
Ойыншық та сендерге  
жасалады мұнайдан.  
Егін өсер жерлер де  
сол арқылы тыңайған.  
Мұнай-теңіз сол екен,  
қасиеті оның мол екен.

*Ф. Оңғарсынова*

 **11. «Салыстыр!»** Мұнайға қатысты ғалым М.Диаровтың және ақын Ф.Оңғарсынованың жазған мәтіндерінің тақырыбына, автор көзқарасына, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметіне, құрылымына, тілдік ерекшелігіне байланысты салыстырмалы талдау жасаңдар. Оны диаграмма түрінде рәсімдеңдер.

 **12. «Ең әдемі тақырып»** ойыны. Өлеңге өзгеше тақырып қойыңдар. Топпен ең үздік тақырыпты таңдаңдар.

 **13. Қазақстанның қай өңірлерінде мұнай өндірілетінін картаға сызып көрсет. Қосымша дереккөздерді қолдан.**



**14. Сыныптастармен айтыс.** Табиғат, экология, мұнай, ядролық өндіріс сөздерін және тыңдалым, оқылым мәтіндерінде айтылған негізгі мәліметтерді пайдалана отырып, сыныптасыңмен айтысу үшін өлең жолдарын шығар (бірнеше оқушы бірлесіп айтысуға да болады).



**15.** Айтысқа қатысқан оқушыларға сыни пікір білдір.

- 1) Айтыс жанрына қойылатын талаптар сақталды ма? Дәлелде.
- 2) Берілген тірек сөздер қамтылды ма? Дәлелде.
- 3) Айтылған ақпараттар шынайы ма? Дәлелде.
- 4) Тыңдалым, оқылым мәтініндегі ақпараттар айтылды ма? Дәлел келтір.



**16.** «3-2-1» тәсілі бойынша өз ойыңды жаз.

- Сабақтан алған маңызды 3 ақпарат.
- Сабақта ұнаған 2 іс-әрекет.
- Сабақта қиындық тудырған 1 мәселе.

## 7-сабақ. МҰНАЙ ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯҒА ӘСЕРІ



**1.** Төмендегі мақалдардың мәнін түсіндір.

- 1) Ер елімен жақсы,  
Жер кенімен жақсы.
- 2) Ер күйігінен жер күйігі жаман.
- 3) Жер екеш жер де ауырады.



**2.** Суреттерге қара. Осы экологиялық мәселелерді шешудің қандай жолдарын ұсынар едің?





**3. Мәтінді мұқият тыңдап, сұрақтар дайында.**



**4. Рөлдік ойын. «Маманмен сұхбат».** Дайындаған сұрақтарың бойынша сол сала маманы мен оқушының диалогін құрыңдар.



**5. Мәтінді түсініп оқы.**

Заман өзгерді, техника дамыды деп қанша айтсақ та, адамзат топырақты алмастыра алатын жасанды дүниені әлі күнге дейін ойлап тапқан жоқ. Біз тіршілікке керектінің бәрін дерлік топырақтан аламыз. Бірақ Жер-ананы аялауды ұмытып кете береміз. Мысалы, мұнай және мұнай өнімдері қалдықтарынан табиғи экожүйенің бұзылуы экологиялық қауіп-қатердің ықтималдығын жоғарылатады.

Әрине, кен орындарын игерген жақсы. Ал экономиканы ғана ойлап, экологияны назардан тыс қалдыру бүгін болмағанмен, күндердің күнінде зардабын тарттыратыны анық. Ғалымдар мұнай қалдықтары топырақ қабатына сіңбей, жер бетінде тұратынын, оған өсімдік те шықпайтынын дәлелдеген. Жаңбыр жауса жағдай тіпті қиындайды, ластанған аумақтың көлемі ұлғаяды. Сондай-ақ топырақ жамылғысының бүлінуі биосфераға ғана емес, адамзат денсаулығына да зиянды әсерін тигізеді.

*«Егемен Қазақстан» газетінен*




**6. Төмендегі сұрақтардың төңірегінде ой бөлісіңдер.**

- 1) Мұнайдың бағасы неге байланысты өзгеріп отырады?
- 2) Мұнай қалдықтары табиғатқа қалай әсер етеді?
- 3) Мұнай өндірісінің қандай пайдалы жақтары бар?
- 4) Мұнай өндірісінің шығу тарихын білесің бе?
- 5) Еліміздің қай өңірлерінде мұнай өндіріледі?
- 6) Мұнайдан не өндіреді?
- 7) Мұнай төгілген топырақ қалпына келе ме?
- 8) «Мұнай өндірісінің пайдасынан зияны көп» деген пікірмен келісесің бе? Келіспесең, ойыңды дәлелде.



7. «Қос диаграмма» әдісімен ядролық жарылыс және мұнай қалдықтарының себептері мен салдарын салыстырыңдар.



8. Оқылым мәтінінің мазмұнына сәйкес тілдегі көркемдегіш құралдарды орынды қолданып, тұжырым жасаңдар.



9. Өртүрлі дереккөздерден алған білімдеріңді қолдана отырып немесе үйдегі үлкен кісілерден естіген аңыз-әңгімелерге сүйеніп, «Табиғат-ана» тақырыбында ойтолғау жазыңдар. *Ескерту:* ойтолғауда көркемдегіш құралдарды қолданыңдар.



10. Мәтінді оқы. Адам мен Табиғат арасындағы байланыстың мәні туралы көпшілік алдында сөйленетін сөз мәтінін (150–170 сөз) жаз. Онда төмендегі мәліметті кірістір. Шешендік сөз тәсілдерін қолдан.

Бақытсыздық оған атақ-даңқы шыққан кезде тап болады. Композитордың саңыраулығы күн сайын күшейе түседі. Людвиг ван Бетховен енді бұрынғыдай көпшілікпен араласып, қарым-қатынас жасай алмайды. Ендігі жерде бала кезіндегідей шет аулақта, табиғатпен жеке «тілдесу» ғана оның көңілін қуанышқа бөлей алады. Өмірдегі сан алуан дыбысты, үнді ол ести алмайды, тек іштей ғана сезінеді. Осы бір ғажайып дыбыс әлемі оның «Пасторальдік симфониясының» музыкасында көрініс табады. Музыка үнінен мөлдір бұлақтың сылдырын да, құстардың у-шуын да, күн көзін басқан қалың бұлт арасындағы сатыр-сұтыр найзағай үнін де, бақташы сыбызғысының сызылтқан әсерлі әуенін де естуге болатын еді.

«Шынайы суреткерге паңдық та, астамшылық та жат, өйткені ол өнердің шексіз екенін біледі, сезінеді», – деп жазды ұлы композитор.

*«Ұлы адамдар өмірі» жинағынан*



**11. «Оймоншақ».** Сыныптағы оқушылар бес топқа бірігіңдер. Өр топтағы оқушылар осы бөлім бойынша алған білімдері туралы біртұтас мәтін құрап айтуы тиіс. Ол үшін бір оқушы бір сөйлем айтады. Оны екінші оқушы әрі қарай жалғастырып, бір сөйлем айтады. Осылайша топтағы барлық бала сол ойды жалғастырып отырады. Соңында біртұтас мәтін түзілуі тиіс. Ой жалғастығы үзілмеуі үшін алдыңғы сөйлем мен кейінгі сөйлемдер логикалық жағынан байланысты болуы шарт.

## 8-сабақ. НӘТИЖЕ САБАҚ



**1. «Экология: ядролық және мұнай өндірістері»** тақырыбына байланысты меңгерген білімдеріңді сұрақ-жауап түрінде тексеріңдер. Дұрыс жауап бермеген оқушы ойыннан шығады. Ең соңында жеңімпаз анықталады.



**2. Қазіргі айтыскер ақындардың «Қара алтындай көремін қадіріңді, Сары алтындай дер едім сабырыңды»** деген сөзінің мағынасын түсіндір.



**3. «Синектика».** Ядролық жарылыстар мен экологиялық зардаптардан қалжыраған, оған қоса Жер-ананың қадірін білмейтін жастардың жауапсыздығының салдарынан түрлі қасіретті бастан кешіп отырған Табиғаттың атынан сыныптастырыңа хат жаз. Хат мазмұнында статистикалық деректерді, нақты мәліметтерді келтір. Хатта шешендік сөз тәсілдерін, көркемдегіш құралдарды орынды қолдан.



**4. «Аквариум».** Мәтінді оқып, мазмұнын түртіп алу әдісімен дәптерге жазыңдар. Термин сөздердің мағынасын анықтаңдар. Мәтін мазмұны бойынша ғалым мен журналистің сұхбатын рөлдік ойын түрінде көрсетіңдер. Сұхбат ғылыми-көпшілік стильде жүргізілсін.

### Мұнайға серік газдар

Мұнайға серік газдар табиғи газдарға жатады. Олардың ерекше аталу себебі мұнай кенімен бірге кездесуіне байланысты. Олар мұнайда еріген күйде болады немесе мұнай кенінің үстін «бүркеп» жатады. Мұнай жоғары көтерілгенде, қысым кенет төмендейді, газдар сұйық мұнайдан оңай бөлініп шығады.

Ертеректе мұнайға серік газдар пайдаланылмайтын, мұнай өндіретін жерде оны жағып жіберетін. Қазір ондай газдарды жинап алады, өйткені олар табиғи газ сияқты жақсы отын және бағалы химиялық шикізат

болып саналады. Құрамында метанмен бірге басқа да көмірсутектер болатындықтан, серік газды пайдалану мүмкіндігі табиғи газға қарағанда едәуір жоғары. Сондықтан заттарды химиялық өңдеу жолымен серік газдан көп мөлшерде алуға болады.

«Зерде» журналынан

 5. Қосымша дереккөздерді пайдалана отырып, «Экология: ядролық және мұнай өндірістері» тақырыбына шағын шығарма жаз. *Ескерту:* пайдаланған дереккөздерді сілтемеде көрсету қажет.

 6. Осы бөлімде берілген ақпараттар мен теориялық материалдар бойынша сөзжұмбақ құрастыр.

 7. Ақын А. Өтегеновтің өлеңін осы бөлімде оқып, тыңдаған мәтіндерден алған ақпараттарды қолдана отырып, жалғастырып көр.

Не қиындық болса дағы шыдайды ұл,  
Өзіңді-өзің төзімге сап сынай біл.  
Туған жердің жарып шыққан құрсағын,  
Мұнай – дәулет,  
Мұнай – сәулет,  
Мұнай – жыр ...

 8. Төмендегі мәліметті оқып, өздерің де қосымша дереккөздерді қарап шығып, «Мұнайдан не жасалады?» тақырыбында пікір алмасыңдар.

Бүгінгі жастар түрлі жоғары технологиялы гаджеттерді армандайды. Мысалы, имек экранды смартфон немесе 3D-принтер. Аталған құралдарды жасау үшін де мұнай қажет екен. Біз қолданып жүрген смартфондарды құрастыратын заттардың 40 пайызы мұнайдан жасалады. Сонымен қатар мамандар әр компьютерді жасау үшін 11 литр мұнай жұмсалатынын айтуда.

 9. «Ақылдың алты қалпағы» әдісі бойынша бөлімдегі барлық тақырыпты қамти отырып, қорытынды пікір айтыңдар.

  
 10. «Экология: ядролық және мұнай өндірістері» тақырыбы бойынша төмендегі сөйлемдерді толықтырыңдар.

- 1) Мені ... таңғалдырды.
- 2) Мен үшін ... қиын болды.
- 3) Маған ... ұнады.
- 4) Мен алдағы уақытта ...

## 3-БӨЛІМ

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ: КӨШІ-ҚОН ЖӘНЕ  
ЗИЯТКЕРЛІК МИГРАЦИЯ

Оқушы, сен бұл бөлімде:

- мәтінде көтерілген мәселеге қатысты талқылау сұрақтарын құрас-тырып, сыни тұрғыда бағалауды;
- көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеуді;
- әртүрлі графикалық мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба) мәлі-меттерді салыстырып, өзіндік тұжырым жасауды;
- ғылыми стильдегі интервью, мақаланың құрылымы мен рәсімделуін біліп, жанрлық ерекшеліктерін талдауды;
- ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, интервью жазуды;
- жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлуді, ойын дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізіп, редакциялауды;
- сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану дағдыларыңды жетілдіресің.

## 1–2-сабақ. КӨШІ-ҚОН – ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰБЫЛЫС



1. «Ассоциограмма» әдісі. «Көші-қон» дегенде ойыңа қандай мәселелер келеді? Ойыңды диаграмма түрінде жинақтап жаз. Сенің болашақ мамандығыңның көші-қонмен қандай байланысы болуы мүмкін? Пікіріңді айт.



2. Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Қазіргі қоғамда қандай әлеуметтік мәселелер бар?
- 2) Көші-қон әлеуметтік мәселеге жата ма? Неліктен?
- 3) Көші-қон қандай жағдайда орын алады деп ойлайсың?
- 4) «Қызыл крест», «Қызыл жарты ай» ұйымдары туралы не білесің?
- 5) «Қызыл крест» ұйымының көші-қонға қандай қатысы бар?
- 6) Жаратылыстану және математика бағытындағы мамандықтардың аталған ұйымдардың жұмысын жандандыруға қандай ықпалы болуы мүмкін?
- 7) Эмиграция мен иммиграцияның (көші-қон) бір-бірінен қандай айырмашылығы бар?



3. Суреттерге қара. Осы жағдайлардың қайсысы адамның сырттан жұмыс іздеуіне немесе өзге елге қоныс аударуына себеп болады деп ойлайсың? Пікіріңді тұжырымдап жаз.



4. Мәтінді мұқият тыңда.

5. Әлемдік деңгейде жұмыс жасайтын ұйым басшысымен жүргізілген сұхбаттан үзіндіні тыңдадыңдар. Өңгіме қай қоғамдық ұйымның жұмысы туралы болды? Тыңдалым мәтіні бойынша талқылау сұрақтарын құрастырыңдар. Өзара ой бөлісіңдер.

6. Тыңдалым мәтіні бойынша аталған ұйымның адамзаттық мәселелерді шешудегі рөлі туралы шағын мәтін жаз. Мәтінде көтерілген қоғамдық-саяси, әлеуметтік мәселенің қазіргі таңдағы өзге де ғаламдық мәселелермен байланысына назар аудар.

### Тілдік бағдар

#### Сөзталас

Сөзталас – пікірталастың ең қарапайым түрі. Ол бейресми, ресми қарым-қатынас жағдайларында қолданылады. Арнайы дайындықсыз, күнделікті қарым-қатынас үстінде кездейсоқ туатындықтан, сөзталастың мазмұндық-құрылымдық жүйесіне, онда қолданылатын тілдік құралдарға талаптар қойылмайды. Оның түпкі нәтижесі де өзге пікірталас түрлері сияқты алдын ала болжанбайды, белгілі бір тілдік құралдарды қолдану маңызды емес. Сөзталас ауызекі сөйлеу стилінде жүзеге асады. Сөзталаста өзіл-қалжың да, құнды дәйексөздер де ретіне қарай қолданыла береді. Сонымен қатар әріптестерді құрметтеу, сыпайы тілдесу талап етіледі.

Сөзталастың ұлттық ділге сай көркем үлгілері қазақ ортасында жеңге мен қайны, жезде мен балдыз, нағашы мен жиен, құрдастар арасында жиі кездеседі.

## 7. Мәтінді оқып, қажетті ақпараттарды жазып ал.

Халықаралық «Қызыл крест» және «Қызыл жарты ай» ұйымы федерациясының бас хатшысы Эльхадж Ас Си еңбек миграциясын дұрыс басқаруды қажет ететін мәселе ретінде қарастыру керек деп санайды.

**Журналист:** Ас Си мырза, Таяу Шығыстағы көші-қон дағдарысы, Ирак пен Сириядағы оқиғалар «Қызыл крест» және «Қызыл жарты ай» ұйымының жұмысына қалай әсер етті?

**Эльхадж Ас Си:** Қазір Таяу Шығысты ауқымды дағдарыс жайлап тұр. Сирияда өте көп адамды үйін тастап кетуге мәжбүрлеген соғыстың жалғасып жатқанына бірнеше жыл болды. Болашақта жағдай түзеліп, үйімізге оралармыз деген үмітпен алты жарым миллион адам Сирияның өз ішінде босып жүр. Ал көрші Ливанда бір миллиондай сириялық босқын бар. Қазір Ливан халқының үштен бірін босқындар құрайды. Иордания – Сириядан миллионнан астам, ал Ирак пен Палестинадан 500 мың босқын қабылдаған ел. Түркияда үш миллиондай сириялық босқын жүр.

Бұл сандар көші-қон дағдарысының ауқымы қандай екенін түсінуге мүмкіндік береді. Сондықтан босқындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қақтығыс болып жатқан елдерде, транзит елдерде, мигранттар барып жатқан елдерде «Қызыл крест» және «Қызыл жарты ай» қызметкерлері жұмыс істейді.

Ауызсу, тамақ, санитарлық-гигиеналық құралдар сияқты ең зәру заттармен қамтамасыз етуден бөлек, біз босқындардың құқығын қорғауды да ұмытпауымыз керек. Оның ішінде халықтың ең қорғансыз топтары – балалар мен әйелдердің құқығын қорғауға тиіспіз.

**Журналист:** Орталық Азия елдерінен Қазақстан мен Ресейге келген еңбек мигранттары үшін ең үлкен мәселе қандай? Қай проблеманы дереу шешу керек деп ойлайсыз?

**Эльхадж Ас Си:** Егер көші-қон туралы айтар болсақ, әрине, оларды бөліп қарастыруымыз керек. Тұратын жері қауіпті болғандықтан, қоныс аударатын және экономикалық мүмкіндіктер үшін елінен кететін мигранттар болады. Қазір бүкіл әлем бойынша еңбек мигранттары санатына жататын 150 миллионнан астам адам бар. Олар халықтың біраз бөлігін құрайды. Бұл – Орталық Азияға да тән құбылыс. Аймақта еңбек мигранттарының құқықтық мәртебесін мойындау проблемасы кездеседі. Заңсыз әрекеттердің құрбанына айналмай, оларға медициналық және әлеуметтік қызмет түрлері қолжетімді болып, еңбек нарығында заңды түрде тіркеліп, еңбек қанауына тап келмеуі үшін мигранттар мен олардың құқығын қорғау – аса өзекті мәселе.

Еңбек мигранттарын қорғау жұмысы оларды қабылдаған елдер үшін де маңызды. Қоғам еңбек миграциясынан қорқады. Бұл – қате түсінік. Оның ұтымды жағы да бар. Біріншіден, мигранттар өздері жұмыс істейтін елдің экономикасына үлес қосады. Екіншіден, еліне ақша жібереді. Егер бәрі заң аясында ұйымдастырылса, тиімді нәтиже береді. «Қызыл крест» ұйымының негізгі міндеті – мигранттардың жұмыс істеп жүрген елге де, өз еліне де пайда әкелуі үшін олардың құқығы мен ар-намысын қорғау. Сондықтан көші-қонды дұрыс басқаруды қажет ететін мәселе ретінде қабылдау керек.

**Журналист:** Сұхбат бергеніңізге рақмет!

*М. Асаутай*



**8.** Тыңдалым, оқылым мәтіндерінің негізінде «Қызыл крест» және «Қызыл жарты ай» ұйымы айналысатын мәселелерді ретімен жаз.



**9.** Берілген сұхбаттың құрылымына, журналист пен сұхбат берушінің сұрақ-жауабындағы сөздің коммуникативтік сапасына (сөз түсініктілігі, дәлдігі, анықтығы, тазалығы, жүйелілігі) шағын жазбаша талдау жаса. Сұхбаттың рәсімделуіне көңіл бөл. Пікіріңді айт.



**10.** Сұхбаттың жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, берілген сұхбат бойынша тезис жаз. Ол үшін төмендегі тезиске байланысты берілген ережеге назар аудар.

#### Есіңде сақта!

Тезис – абзацтың, лекция мен баяндаманың негізгі мәселелерінің жинақталып, қысқаша тұжырымдалған нұсқасы. Мәтіндегі тезис саны берілген негізгі ақпараттар санымен бірдей болады.

Тезис екі түрлі: түпнұсқа тезисте автор өз мақаласында айтылатын ойды жинақтап жазады. Қосалқы тезисте өзге автордың еңбегіндегі ой тұжырымдалып беріледі.

Қосалқы тезис жазуға қойылатын талаптар:

- мазмұнға сай болуы;
- тақырыптың дамуы қысқа және өзара логикалық байланыста жазылуы;
- әр ой қысқаша абзац түрінде жазылуы;
- автордың сол мәселеге қатысты ойы көрсетілуі тиіс.

*P.S.:* тезис ықшам болу үшін мысалдар, дәйексөздер, салыстырулар, сипаттаулар, риторикалық сұрақтар, фразеологизмдер, өлең жолдары қолданылмайды.

-  **11.** Сұхбат мәтінінде көтерілген мәселе бойынша ұйым басшысының пікіріне талдау жаса. Оны дәлелдеу үшін 4 себеп жаз. Автордың ойын сыни тұрғыда бағала.

Көші-қон – дұрыс басқаруды қажет ететін мәселе.

Себебі:

- |        |        |
|--------|--------|
| 1) ... | 3) ... |
| 2) ... | 4) ... |



- 12.** Берілген анықтамаларды оқы. Олардың қай стильде жазылғанын нақты тілдік құралдар (терминдер, ұғымдар) мен сөйлемнің синтаксистік құрылымы арқылы дәлелдеп айт.

Көші-қон – географиялық қозғалыс, яғни өзге мемлекет пен аймақтық территорияға демалыс және т.б. кез келген мақсатпен 7 күннен көп уақытқа қоныс аудару. Оның басқа демографиялық үрдістерден айырмашылығы – көші-қон территориялық және уақыт көлемінде бірыңғай өтеді. Ұзақтығы мен мақсаттарына, жиілігіне қарамай, кез келген территориялық қозғалысты, әртүрлі мекенжай, аймақтар арасында жүзеге асатын көші-қон үрдісін кең мағынада «миграция» деп атайды. Тұрғындар миграциялық қозғалыстар нәтижесінде материалдық жағдайын реттейді, сол себептен ол әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан сипатталады.

Демография – халық санын, өсімін және құрамын зерттейтін ғылым.

Әлеуметтану – адамзат қоғамын, әлеуметтік топтар мен әлеуметтік өзара әрекеттерді жүйелі зерттейтін ғылым.

Урбанизация – халықтың қалаға шоғырлануы. Артта қалған елдерде урбанизация қарқынды жүзеге асады және ондағы ірі қалалардың көлемі он жыл ішінде екі есеге артады.

Субурбанизация – қала маңындағы аймақтардың өсуі.

Ішкі көші-қон – тұрғындардың ел ішінде жаңа жерлерге қоныс аударуы.

*Д.Бринкерхоф. «Әлеуметтану негіздері» кітабынан*

*P.S.* Бұл кітап – «Рухани жаңғыру» идеясына сәйкес «100 жаңа оқулық» бағдарламасы бойынша ағылшын тілінен аударылған еңбектің бірі.



- 13.** Ақпарат құралдарынан «Қызыл крест» ұйымы туралы мәліметтерді тап. Бұл ұйымның жаһандық көші-қон жағдайында атқарып жатқан істері туралы әлеуметтік-тұрмыстық деңгейдегі сөзталас сипатында шағын мәтін жаз.



**14. Рөлдік ойын.** Топқа бірігіп, ғаламдық көші-қон жөнінде сөз-талас ұйымдастырыңдар. Рөлдер мен сөз мазмұнын әр топ өз қалауына қарай шешеді. Ең қызықты әрі мазмұнды сөзталасты сынып оқушылары анықтайды.



**15. Графиктік суретті пайдаланып, Қазақстандағы көші-қон мәселесіне қатысты негізгі үрдістерді анықта. Көрсетілген мәліметтерді биылғы ақпараттармен салыстыр. Кестедегі пікірді толықтырып, мәтін құрап жаз. Мәтіндегі деректерге талдау жаса.**



**16.** Осы тақырып бойынша меңгерген біліміңе сүйеніп, «Көші-қон – ғаламдық мәселе» тақырыбында эссе жаз. Алдымен жазба жұмысының идеясын, жоба-жоспарын құр. Ойыңды дұрыс жүйелеп, мәтінді абзац пен бөліктерге бөл.



**17.** Жазған эсселеріңді өзара алмасып, бір-біріңнің жұмыстарыңа ауызша талдау жасаңдар. Қажетіне қарай логикалық және стильдік түзетулер енгізіп, редакциялайтын тұстарын атаңдар.



**18.** «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтыр.

Қандай ой пайда болды?	Не сезіндім?	Не ұнады?

## 3-4-сабақ. ЗИЯТКЕРЛІК МИГРАЦИЯ: ПАЙДАСЫ МЕН ҚАУПИ



1. Төмендегі мақал-мәтелдерді оқып, мағынасын түсіндір. Олардың бүгінгі сабақ тақырыбымен қандай байланысы болуы мүмкін? Болжамыңды айт.

- 1) Бөтен елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол.
- 2) Жеті түрлі ілім біл, жеті жұрттың тілін біл.
- 3) Білім инемен құдық қазғандай.



2. Шетелге оқуға барудың қандай пайдасы бар деп ойлайсың? Ал қандай қаупі бар? Пікіріңді қысқаша жаз. Қосымша ақпарат көздерінен өз ойыңды бекітетін статистикалық мәліметтер тауып, кірістір.



3. «Оймоншақ» әдісімен зияткерлік миграцияның туындауына себеп болатын факторлардың тізбегін жазып, әңгімелеп беріңдер. Сөздеріңде сын есімнің мағыналық түрлерін қолданыңдар.

Үлгі:



## Тілдік бағдар

**Ресми ісқағаздар стилі**

Ресми ісқағаздар стилі – ресми қатынастар аясында қызмет ететін стильдің бірі. Ресми құжаттар мен ісқағаздарының стилі деп те аталады.

Ресми ісқағаздардың мынадай түрлері бар:

1. Азаматтық қарым-қатынас құжаттары (сенімхат, кепілхат, келісім-шарт, еңбек шарты т.б.).
2. Жеке адам өміріне қатысты құжаттар (өмірбаян, түйіндеме, өтініш, мінездеме, жеделхат т.б.).

3. Басқару, ұйымдастыру құжаттары (Жарғы, үкім, жарлық, ереже, бұйрық, хаттама т.б.).

Ресми ісқағаздар стиліне тән құжаттардың тіліне белгілі бір талаптар қойылады. Олар: сөздің дәлдігі мен бірмағыналылығы, жүйелілігі, дәлелділігі, ықшамдылығы, артық сөздің болмауы.

Ресми ісқағаздар стилінде жазылған мәтінге қойылатын талаптар болады.

Олар:

- лексикада – ресми құжаттар мен ісқағаздарына тікелей қатысы бар сөздерді ғана орнымен қолдану, көнерген сөздерді бейтарап, кітаби немесе әдеби сөздермен алмастыру;
- морфологияда – жалпылық мағына беретін сілтеу есімдіктерін қолданбау;
- синтаксисте – сабақтас құрмалас сөйлемдердің (себеп-салдар, мақсат, шартты бағыныңқылы) көбірек қолданылуына мүмкіндік беру;
- қыстырма сөздерді қолдануды шектеу.

*«Қазақ тілінің стилистикасы» оқулығынан*



4. «Болашақ» бағдарламасымен шетелде білім алу үшін өтініш жаз.

**Өтініштің құрылымы:**

- *кімге*: ұйым басшысының атына;
- құжаттың атауы;
- мәтін;
- күні, жылы;
- *кімнен*: өтініш иесінің қолы, аты-жөні.



5. Мәтінді оқы. Ондағы ойды өзек етіп алып, өз көзқарасыңды жаз.

### **Зияткерлік миграция немесе шетелде білім алушылар**

1. Қазіргі таңда мұхит пен теңіз асып, білім құған жастар саны күннен-күнге артып отыр. Жыл сайын мемлекеттің білім жүйесін дамыту үшін тілі жат елге барып, отбасынан жырақта білім алып жатқан жастар қаншама?! Жастардың білім алуы үшін Қазақстан Үкіметі арнайы «Болашақ» бағдарламасы арқылы көптеген талантты жастарға

мүмкіндік сыйлады. Мақсат біреу ғана: болашақ отандық мамандардың **сапалы білім** алып, отбасына, мемлекетке пайда әкелуіне жағдай жасау.


2. Шетелдегі білім деңгейінің жоғары дәрежеде екені белгілі. Бірақ білім алғысы келсе де, ондағы қиындықтарға төзе алмайтынын сезіп, көбісі бұдан бас тартып та жатады. Ал өз-өзіне сенімді, барлық қиындықтарға қарсы тұратындар еш нәрсеге қарамайды. Қазақта «Болам деген баланың бетін қақпа, белін бу» деген даналық сөз бар. Олай болса, оқимын деген жас бұынның жолын кеспей, керісінше, қолдау көрсетіп, болашағына мол сеніммен қарау керек.

3. Соңғы жиырма жылда «білімділердің елден кетуі» ұғымын ғалымдар қайта қарап шықты. Енді бұл сөз «білімділердің келуі» және «**интеллектуалдық айналым**» феномендерімен бірге жиі қолданыла бастады. Елден кету білім көкжиегін кеңейтуге мүмкіндік береді. Бұл адам **капиталының** сапасына оң әсер етеді. Елден кеткісі келгендердің барлығының бірдей мақсаты орындала бермейді. Ал кеткендердің біршама бөлігі әлемдік деңгейдегі жаңа дағдыларды елге жеткізуге және өзгелерге де үйрету мүмкіндігіне ие бола алмайды. Үндістандағы **IT мамандарының** Америкаға қоныс аударуы елдегі IT секторының дамуына ықпал етті, көптеген халықтың компьютер ғылымдарын зерттеуге ынтасы артты. Алайда бәсекелестіктің жоғары болуынан олардың бір бөлігі ғана шетелге кетуге мүмкіндік алды.

4. Қазақстанда бұл мәселенің өзектене түскенін соңғы он жылдықта ағылшын тілін меңгеруге бет бұрған адамдар санының көбеюімен түсіндіруге болады. Отбасы мүшелерінің біреуінің шетелге қоныс аударуы нәтижесінде ата-анасына ақша жіберіп, бауырларының оқуына мүмкіндік жасап отырады. Ал туған жеріне қайта келген соң, білікті және **сұранысқа ие маман** ретінде білімін көрсетіп, ел экономикасын арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар өз отбасының әлеуметтік жағдайын жақсартуға мүмкіндік алады.

5. Әлемдік тәжірибеде шетелге қоныс аударуға **тосқауыл қою** білікті мамандар үшін зиян. Мәселен, жаңа дағдыларды игеруге кедергі келтіреді өрі **технология, сауда және инвестицияға қолжетімділікті** шектейді. Сонымен қатар **көші-қон үрдісінің** пайдалы тұстары бар. Мысалы, диаспоралардың өзара араласуы және тарихи отанынан көшіп кеткен адамдармен байланысты үзіп алмас үшін азаматтық беруді енгізу.

6. Дегенмен басқа елге қоныс аударудың ең негізгі себептерін, **еңбек нарығындағы** құрылымдық мәселелерді үнемі қадағалап отыру қажет. Зияткерлік миграцияның зиянды жағы да болатынын естен шығармау



керек. Атап айтқанда, аралас некенің көбеюі, басқа ел азаматтығын алуға мүдделілік, Отан алдындағы парызын жете түсінбеу салдарынан шетелде жұмыс істеуге ұмтылыстың артуы және т.б. Зерттеушілердің пікірінше, таланттардың шетке ағылуын азайту үшін туып-өскен еліндегі балама мүмкіндіктерді қарастырған абзал. **Арнайы жобалар жасау қажет.** Онда таланттарды ашу, дамыту және өз қабілеттері мен мүмкіндіктерін толықтай көрсетуіне, өзіне лайықты **мансап биігіне** көтерілуіне жағдай жасау жолдарын табу міндет. Сонда жоғары оқу орны түлектері арасындағы **жұмыссыздық мәселесі** де оңтайлы шешіледі. Елдің интеллектуалдық әлеуетін көтеру мүмкіндігі артады.

*А. Әбітай*



**6.** Мәтіндегі әр абзацқа тақырыпша қой. Соңында мәтін тақырыбы мен өзің жазған тақырыпшалардың арасындағы байланысқа мән бер. Мәтіндегі тірек сөздерді анықта. Тақырыпшалардың негізінде күрделі жоспар құрып, айтып бер.



**7.** Мәтіндегі қарамен берілген сөздердің мағынасын анықтап, олардың жасалу жолдары мен орфографиялық нормаға сай жазылу заңдылықтарын түсіндір.



**8.** Мәтін мазмұны бойынша кестедегі тұжырымдар мен мәтін бөліктерін сәйкестендір.

Тұжырымдар	Мәтін бөлігі
Ағылшын тілін білуге ұмтылыс пен шетелде оқуға ынтаның сабақтастығы бар.	

Зияткерлік миграция мамандар арасында бәсекелестікті арттырады.	
Мықты маман өзінің де, елдің де жағдайын жақсартуға үлес қосады.	
Зияткерлік миграция үнемі пайдалы бола бермейді.	
Мемлекет жастардың білім алуына зор мүмкіндік жасап отыр.	
Өзіне сенгендер ғана шетелге оқуға барады.	
Шетелде білім алу отбасы құндылығына кері әсер етуі мүмкін.	

 **9.** Мәтін мазмұнына сүйеніп, шетелге білім алуға немесе жұмыс іздеуге ықпал ететін ең маңызды екі факторды жаз. Солардың негізінде көші-қон мәселесімен айналысатын мекеме басшысының атына өзіңді шетелге жұмысқа жіберу жөнінде ресми түрде өтініш жаз. Өтініштің мазмұндық-құрылымдық жүйесіне мән беріп, тілдік құралдарды орынды қолдан.

 **10.** Мәтіндегі «Шетелге қоныс аударуға тосқауыл қою білікті мамандар үшін зиян» деген пікірге «Келісемін/Келіспеймін» әдісімен өз ойыңды айтып, дәлелде.

Шетелге жұмыс іздеп барудың себептері							
Көп ақша табу	Өз мүмкіндігі мен қабілетін сынау	Жеке-басын ғана күйттеу	Теңгермешілік-тен қашу	Өзі еңбектеніп, қаражат табуға ұмтылыс	Өз біліміне сенімділік	Балашағасының қамын ойлау	Мансап үшін бару
Келісемін/Келіспеймін							
Өйткені ...							

 **11. Жағдаяттық тапсырма.** Сен телеарна жүргізушісі қызметіне кастингке қатысуға келдің. Талап: берілген мәтінді мәнерлеп оқу. Сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдан. Сынып оқушылары ең үздік талапкерді анықтасын.

Енді Қазақстан Республикасына уақытша келетін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар көші-қон қызмет орталығына жүгіне алады. Бұған дейін бұл қызмет тек Ішкі істер министрлігі Көші-қон комитеті тарапынан көрсетілетін. Бұл туралы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының» баспасөз қызметі хабарлады.

2019 жылдың 18 ақпанынан бастап көрсетіле бастаған жаңа қызмет түрін пайдалану үшін шетелдік азаматтың өзімен бірге мынадай құжаттары болуы тиіс: Қазақстан аймағына кіруге визасы бар шетелдіктің не азаматтығы жоқ адамның жекебасын куәландыратын жарамды құжаты; шегараны кесіп өткені туралы белгісі бар көші-қон карточкасы; еркін түрде жазылған қолдаухат. Қызмет алушылар Қазақстан аймағына 6 айдан артық мерзімге келетін болса, қосымша толтырылған 2 мекенжайға келу парағын, келу парағына толтырылған статистикалық есепке алу талоны мен 3,5x4,5 көлеміндегі бір фотосурет тапсыруы керек. Миграциялық ХҚО арқылы шетелдіктер бір күннің ішінде тіркеуге тұра алады. Мұндай орталық мемлекеттік қызметтерді жылдам әрі еш кедергісіз алуға мүмкіндік береді, жемқорлық әрекетіне жол бермейді. Жаңадан қосылған қызметтен бөлек, мұнда шетелдіктер жұмыс істеуге рұқсат беретін құжатты алып, ҚР аумағына уақытша келетіндер жеке сәйкестендіру нөмірін рәсімдей алады. Естеріңізге сала кетейік, еліміздің 13 қаласында көші-қон қызметтерінің орталығы жұмыс істейді. Тағы төрт (Павлодар, Өскемен, Тараз, Түркістан облысы) миграциялық ХҚО жыл соңына дейін ашылатын болады.

*«Егемен Қазақстан» газетінен*



**12. «Аквариум».** Егер барлық көші-қон түрі тоқтатылатын болса, Қазақстан қандай жағдайда болар еді? Бұл қандай пайда немесе зиян әкелуі мүмкін? Ойыңды сызба түрінде рәсімдеп жаз. Өз пікіріңді парталасыңмен сөзталас түріндегі диалогте қолдан. Сынып оқушылары ең үздік диалогті анықтасын.



**13.** Ақпарат құралдарынан Қазақстандағы «Қызыл жарты ай» ұйымы туралы мәліметтерді тауып, бұл ұйымның атқарып жатқан істері туралы мәтін құрап жаз. Оны оқушыларға оқып бер.



**14.** Көші-қон мәселесіне қатысты сала маманының жазған мақаласын тауып оқы. Мақаланың негізінде публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, сұхбат құрап жаз. Ол үшін мақаладағы ең маңызды ақпараттарды анықта. Сол мәселе бойынша қысқа да нұсқа сұрақ әзірле. Автордың жауабын ықшамдап ал.



**15.** Өлеңді мәнерлеп оқы. Ақын бейнелеген жастың образын қара сөзге айналдырып жаз. Өзің жүрген ортадағы жастарға сипаттама бер. Екі мәтінді салыстырып, талдау жаса.

Жасампаз шақ, жастық шақ!  
 Дүниенің бәрі мөп-мөлдір арманға тұнып,  
 көгілдір қиял,  
 төтті оймен таңдарды атырып,  
 алапат асау өмірге жасқаншақтамай  
 қарайтын өктем от тұяқ тарланда тұрып.

Көкірегі толы әсем ән,  
 көрініп өмір айнымай мүлде көктемнен,  
 гүл теріп қайтар достармен күнде бөктерден.  
 Жаңылыс басқан сәттерің жүрегінді өртеп,  
 дөңбекшуменен көз ілмей түндер өткерген.

Мазасыз көңіл,  
 жас дәурен,  
 жетелеп аппақ армандар жаһан жақтарға,  
 жасайсың қолдан өмірді қатал қапталда.  
 Бүріскен кәрі дүниені  
 жаныңның алау  
 отымен жылытып жүресің қаһарлы ақпанда.

Жалынды жастық алауым!  
 Ерліктер деген өзіңнен басталған анық,  
 алдыңда сенің бас иген асқарлар алып.  
 Қайсар даланың ұрпағы қанатын қаққан,  
 Жаңа заманның жалыны шашқанда жарық!

Зымырап жылдар зулайды:  
 тіршілік заңы жүйткуден қалғымас мүлде,  
 беттесең, өмір ұқсамайды қарлығаш, гүлге...  
 Бәрібір сенің өр тұлғаң сан жүректерде  
 лапылдап жанып тұрады мәңгі жас түрде!

*Ф. Оңғарсынова*



**16.** Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті 2019 жылды «Жастар жылы» деп белгіледі. Ақпарат көздерінен осы шараға байланысты

материалдар тауып, талдау жаса. Соның негізінде «Мен жастарға сенемін...» тақырыбында ойтолғау жаз.



**17.** Төмендегі сұрақтарға жауап жазып, жауабыңды түсіндір.

1-сұрақ: Не пайдалы?

2-сұрақ: Не қажет?

3-сұрақ: Нені есте сақтау керек?

#### 5-сабақ. НӘТИЖЕ САБАҚ



**1.** Зияткерлердің сыртқа кетуін тоқтату үшін мемлекет нені шешуі керек және сен болашақ ұлт маманы ретінде не істеуің керек екендігін жіктеп жаз. Жазғандарыңды пайдаланып, сөзталаста өз ойыңды ортаға сал.

Мемлекет ... шешуі керек

1) ...

2) ...

Мен ... керек

1) ...

2) ...

**2.** Мәтінді оқы. Берілген мәліметтер негізінде диаграмма құрап жаз. Онда мигранттардың санын пайыздық тұрғыда көрсет. Өзің жасаған диаграмма бойынша пікіріңді айт. Онда ресми стильге тән тілдік құралдарды пайдалан.

Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, өткен жылы еліміздің 30 мыңға жуық азаматы тұрақты түрде өмір сүру үшін сыртқа кеткен. Қазақстандықтарды ең көп қабылдаған – Ресей, 12 ай ішінде көрші ел

26,4 мың тұрғынды қабылдаған. Бірақ 2015 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 11 пайызға азайды.

Ал Германияға өткен жылы 2 мың адам қоныс аударды. Қазақстандықтар жиі көшкен ел – Канада, өткен жылмен салыстырғанда кеткен қазақстандықтар саны 34 пайызға көбейді.

Ал Қазақстанда өмір сүру үшін 2016 жылы 197 мың адам келді. Бұл көрсеткіш 2015 жылмен салыстырғанда 1,4 пайызға азайды.

Ресейден елімізге 63,7 мың адам көшіп келді, 2015 жылмен салыстырғанда көрсеткіш 4,2 пайызға азайды.

Өзбекстаннан Қазақстанға 53,9 мың адам келді, олардың ішінде қандастар – 25,1 мың адам. Өткен жылға қарағанда елімізге келген өзбекстандықтар саны 11 пайызға қысқарды.

*А. Әбімай*



3. Тақырып бойынша меңгерген 5 термин сөздің анықтамасын жаз. Онда ғылыми стиль нормаларын сақтауға тырыс.



4. Сызбадағы мәліметтерді қолданып, саяси-әлеуметтік шешендік сөз мәтінін жаз. Оны көпшілік алдында оқып бер.



5. Бекболат бидің жастарға айтқан мына гибратты, нақыл өлеңі қандай ой салады? Пікір бөлісіп, талдаңдар.

Тәрбиелі бала жасынан,  
Талаптыға ой табылар.  
Талпынбаса жасынан,  
Талығар кейін зарығар.  
Ер ақылды болғанда,  
Елден қайрат табылар.  
Ерлігің асса майданда,  
Егіліп жауың қамығар.

Орынсыз болса өз ойың,  
Ойлыға билік берерсің.  
Жақында досың жоқ болса,  
Ойламай-ақ көрерсің.  
Білімсіз болса сенгенің,  
Бітер ісің бүлінер.  
Бірліксіз болса жолдасың,  
Болымсыз іске сүрінер.  
Асыл сөз адам талғамас,  
Қисын-жөні келіссе.  
Ақылды адам ұмтылар,  
Алдағы білім-жеміске.  
Ақылдыны сыйласаң,  
Одан алғыс аларсың.  
Ақылсызды сыйласаң,  
Одан қарғыс табарсың ...

*«Қазақтың би-шешендері» кітабынан*



**6.** «Зияткерлік миграция мемлекетке пайдалы ма?» тақырыбында ойкөкпар өткізіңдер. Ойкөкпардың шарты бойынша ақтаушы және даттаушы топ құрамын сайлаңдар. Жүргізушіні, бағалаушы топ мүшелерін анықтаңдар. Ойкөкпар жұмысын бағалап, өз пікірлеріңді айтыңдар.



**7.** Абайдың 31-қарасөзінің мазмұны бойынша сызба құрастыр. Сызбада негізгі тірек ұғымдарды жүйелеп жаз. Қарасөздегі ауыспалы мағынада қолданылған сөздерді тауып, олардың синонимдерін айт. Өзің Абай айтқан естіген нәрсені ұмытпауға қажетті шарттардың қайсысын ұстанасың? Қайсысына мән бермей жүрсің? Тұжырымдап жаз.

Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде

ғибрәтлану<sup>1</sup> керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер.

 **8.** Өтілген тақырып бойынша диалог сипатындағы шағын өңгіме жаз. Өңгіме кейіпкерлері шетелге барып оқығысы келетін мектеп түлектері болсын.

**Өңгімеге қойылатын талаптар:**

- көлемі 270–300 сөз;
- тақырыптан ауытқымау;
- әр кейіпкердің мінезін, танымын аңғартатын детальдардың болуы;
- көркемдегіш құралдардың ұтымды қолданылуы;
- термин сөздердің ауызекі сөйлеу стиліне сәйкес орынды қолданылуы;
- орфографиялық және пунктуациялық нормалардың сақталуы.



 **9.** «Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға жазбаша жауап бер.

- 1) «Қазіргі қоғам: көші-қон және зияткерлік миграция» тақырыбы бойынша не меңгердің?
- 2) Сен үшін тақырыптың құнды жақтары қандай болды?
- 3) Өзіңнің және сыныптастарыңның білімін бағала (Өз жұмысыңа, сыныптастарыңның топ ішіндегі белсенділігіне көңілің тола ма?).
- 4) Осы тақырып бойынша тағы не білгің келеді?
- 5) Бұл тақырып бойынша тағы қандай ақпарат көздерін оқисың?

---

<sup>1</sup> Ғибрәтлану – үлгі алу деген мағынада (арабша).

## 4-БӨЛІМ

## ӨЛЕМДІ ӨЗГЕРТКЕН ӨНЕРТАБЫСТАР



Оқушы, сен бұл бөлімде:

- мәтіндердегі мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдауды;
- мәтіндегі негізгі ойды анықтауды, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеп, толықтыруды;
- таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, рецензия жазуды;
- қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойыңды дәлелдеп, эссе жазуды (дискуссивті эссе, аргументті эссе);
- мәтін нормаларын сақтап жазу (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып) дағдыларыңды жетілдіресің.

## 1–2-сабақ. ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТКЕН ҰЛЫ ЖАҒАЛЫҚТАР



1. Сұрақтарға жауап бер.

- 1) «Өнертабыс» дегенді қалай түсінесің?
- 2) Әлемді өзгерткен қандай өнертабыстар туралы білесің?
- 3) Қазіргі кезде әлемге танымал қандай өнертабыстарды атар едің?



2. Түркі ойшылдарының өнерге қатысты айтқан нақыл сөздерінің мағынасын түсіндір. Бұл нақыл сөздердің бүгінгі сабаққа қандай қатысы болуы мүмкін? Бір нақыл сөздің негізінде өнер жайлы ойыңды айтып бер.

- 1) Жүзіне қарама, өнеріне қара (*М. Қашғари*).
- 2) Көрсетпеген өнер зая кетеді (*С. Сарайи*).
- 3) Қай істе де өнер қолдан:  
Өнерлі адам жеңер болған (*Ж. Баласағұн*).
- 4) Ісмер қайда жүрсе де, ақша табады (*С. Сарайи*).



3. «Синквейн» әдісімен «Өнертабыс» сөзіне 5 жолды өлең құра.

## Тілдік бағдар

## Публицистикалық стиль

Публицистикалық стиль – қоғамдық-саяси, үгіт-насихаттық әдебиетте, бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылатын функционалдық стильдердің бірі. Публицистика – қоғамның әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуіне атсалысатын айбынды құралы. Бұл стиль тыңдарман мен оқырмандардың арасына кең таралуымен, бейнелілігімен, баяндаудың шешендігімен сипатталады. Тілші-ғалымдар публицистикалық стильдің жазбаша түріне газет, журналдардағы мақалалар, памфлет, очерк т.б. шығармаларды, ал ауызша түріне шешендік сөздерді жатқызып жүр.

Публицистикалық стильге қойылатын талап – қандай тақырыпқа жазылса да, логикалық жағынан дәлелді, көңілге қонымды болуы қажет. Ол тілдік құралдарды қолдана білуден байқалады.

Тіл деңгейлеріне байланысты публицистикалық стильдің ерекшеліктері болады. Лексикада қоғамдық-саяси терминдер мен сөздердің (митинг, ереуіл, демократия, парламент), эмоциялық баға беруші

сөздердің (еңбек озаты, көшбасшы, еңбеккер, дем беруші), экспрессивтік бояуы бар сөздердің (қоян-қолтық, нық қадаммен), фразеологияда перифразалардың (ақ алтын – мақта, күріш; қара алтын – көмір, мұнай; екінші тың – қойшаруашылығы, көгілдір тың – құсшаруашылығы); морфологияда қос сөздердің (қоғамдық-әлеуметтік, бұқаралық-саяси, үгіт-насихаттық); бұйрық рай тұлғасының (орындайық, табысқа жетеміз), синтаксисте сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінің, қаратпа сөздердің, риторикалық сұрақтардың, жай сөйлем бөліктерінің, сан алуан қайталамаларының т.б. жиі қолданысқа түсуі публицистикалық стильдің басқа стильдерден өзгешелігін көрсетеді.

*«Қазақ тілінің стилистикасы» оқулығынан*

 4. Публицистикалық стильдің жазбаша және ауызша түріне тән ерекшеліктерді жаз.

Газет, журналдардағы мақалалар	Шешендік сөздер
өртүрлі ақпарат таратады	шаршытоп алдында сөйлеу

 5. Шешендік сөздердің қызметі туралы кластер жаса, олардың ерекшеліктерін түсіндіріп айт.

 6. Мәтінді ұнтаспадан тыңда. Негізгі ақпараттарды саралап, мәтіннің қай жанрға жататынын анықта. Стильдік ерекшелігін талдап түсіндір.

 7. Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бер. Публицистикалық мақаланың негізгі мазмұнын өз сөзіңмен қысқаша жазып шық.

- 1) Ғылым мен техника қалай дамыды?
- 2) Рентген сәулесі қалай ашылды?
- 3) А. Эйнштейн қандай теорияларды ашты?

### Тілдік бағдар

Пікіралмасу дегеніміз қандай да бір талас тудыратын мәселе бойынша талқылаудың түрі. Оның пікірталастың басқа түрлерінен ерекшелігі – пікір дәйектілігінің болуы. Талас тудырған мәселені талқылау барысында әр тарап өз пікірін нақты деректермен дәйектейді.

 8. Пікіралмасу. Тыңдалым мәтініндегі ақпаратты пайдаланып, диалог құрыңдар.



**9.** Мәтінді оқып шығып, ой желісіне қарай абзацқа бөл. Өзің бөлген абзацтарға тақырып қой.

1897 жылы Джозеф Джон Томсон атом құрамына кіретін теріс электр зарядты элементарлық бөлшек – электронды ашты. 1906 жылы Д. Томсонға Нобель сыйлығы табысталды. Зерттеулер нәтижесінде электрондар ағыны электр тогі (электрлі ағын) деп аталған табиғат құбылысы ашылып, бұл құбылыс мол энергия көзі екені анықталды және оны өндіру, басқару, қолдану кең өріс алды. Дамыған елдерде электрификациялау жүргізілді және әлі күнге дейін жалғастырылуда. Қазақстан да бұл заманауи үдерістен тыс қалған жоқ. Еліміз электр энергиясын ішкі қажеттілікке жеткілікті мөлшерде, экспорттауға да мүмкіндігі бар шамада өндіреді. Дегенмен электр энергиясына сұраныс жыл санап өсуде. 1898 жылы Франция ғалымдары Пьер Кюри және Мария Складовская-Кюри химиялық радиобелсенді элемент – радийді ашқандарын жариялады. Бұл ғалымдар радиобелсенділік құбылысын алғашқы өрі нәтижелі зерттеушілер қатарынан орын алды. Аталған ғалымдар Нобель сыйлығымен марапатталды. Бүгінде Қазақстан уран өндіру саласында алдыңғы бес елдің қатарына кіреді. Демек, біздің еліміз – аталған салада ең жаңа және қауіпсіз технологияны игерген елдердің бірі. 1900 жылы неміс ғалымы Макс Карл Эрнст Планк квант ғылыми гипотезасын жасап, квант теориясының негізін қалаушылардың бірі болды. 1919 жылы М. Планк Нобель сыйлығының лауреаты атанды. Қазіргі уақытта кванттық физика тек теория емес, қолданбалы ғылымға айналды. Кванттық физика мен кванттық техника нақтылы жағдайларда кең қолданыс табуда. 1899 жылы ағылшын ғалымы Эрнест Резерфорд альфа-сәуле, бета-сәулені ашып, олардың табиғатын анықтады. 1903 жылы Резерфорд пен Содди химиялық элементтердің бір түрден екінші түрге ауысу теориясын жасады; 1907 жылы Эрнест Резерфорд атом ядросы оң электр зарядты элементарлық бөлшек протон мен зарядсыз нейтрондардан тұратынын ашты. 1908 жылы Э. Резерфордқа Нобель сыйлығы берілді.


*«Түркістан» газетінен*



**10.** Мәтіннен термин сөздерді тауып, мағынасын түсіндір.



**11.** Мәтіндегі уран өндіру туралы ойбөлікті тауып оқы. Қосымша дерек-көздерді пайдаланып, Қазақстанда уран өндіру саласы қалай жүзеге асып жатқанын анықтап, диаграммаға жаз.



 **12.** Топқа бөлініңдер. 1-топ оқылым мәтініне жоспар құрыңдар; 2-топ мәтіндегі негізгі ойды анықтаңдар; 3-топ «Мәтінде аталған жаңалықтар өлемді қалай өзгертті?» деген тақырыпта шағын баяндама жасаңдар.

 **13.** Суреттерге қарап, «Өмірді жеңілдетуге арналған қазіргі өнертабыстар» тақырыбына әңгіме құрап айт.




 14. «Өмірді жеңілдететін өнертабыс» тақырыбында аргументті эссе жаз.

**Эссенің шарты:**

- кіріспе бөлім екі тезистен тұруы керек;
- негізгі бөлімде әр тезиске байланысты дәйектерді келтіру қажет;
- эссе жазуда екі дәйексөз бен статистикалық деректерді орынды қолдануы тиіс;
- көлемі – 150 сөз.

 15. Көрсетілген салалар бойынша елімізде жаңалық (рекорд) ашып, танымал болған адамдарды табыңдар. Үш топқа бөлініп, тірек-сызба дайындаңдар.



 16. Қосымша дереккөздерді пайдаланып, Алматы қаласында ашылған «Әлемді өзгерткен 101 өнертабыс» атты халықаралық мультимедиа көрмесі жайлы ақпарат жина. Ұлы ойшылдардың өнер туралы айтқан сөздерін дәйексөз ретінде алып, көрме туралы өз пікіріңді таза ғылыми стильде түйіндеп айт.



 17. Өткен сабақ бойынша сөйлемдерді толықтырып жаз.

- 1) Бүгін мен ... білдім.
- 2) ... қызықты болды.
- 3) ... қиын болды.
- 4) ... тапсырманы орындадым.
- 5) ... екенін түсіндім.


## 3–4-сабақ. ӘЛЕМДІ ТАҢҒАЛДЫРҒАН ӨНЕРТАПҚЫШ БАЛАЛАР



**1.** Өтілетін тақырып бойынша сыныпты аралап, бір-біріңмен ақпарат алмасыңдар.

**2.** «Атаулар туралы үш сұрақ». Сызбадағы терминдерге қатысты сұрақтардың жауабын жаз.

- 1) Қайда? Бұл термин саған таныс па? Қайдан кездестірдің?
- 2) Қалай? Өз тәжірибеңде осы терминді қалай қолдандың?
- 3) Қандай? Осы сабақта бұл терминдер қандай мақсатта қолданылады деп ойлайсың?



**3.** Мәтінді мұқият тыңда. Тақырыпқа қатысты термин сөздер мен ұғымдарды тауып, олардың мағынасын анықта.

**4.** Пікіралмасу. Тыңдалым мәтіні бойынша парталасыңмен сұхбаттас.

**5.** Мәтіндегі тілдік құралдарды стильдік ерекшеліктеріне сай орынды қолданып, рецензия жаз.

**6.** Өртүрлі дереккөздерден «Әлемді өзгерткен ұлы тұлғалар» туралы деректер тауып, сызбаны толтыр. Олардың бірі ашқан ерекше жаңалық туралы хабарлама жаса.






7. Тыңдалым мәтіндегі негізгі ойды анықтап, соған байланысты шағын хабарламалық мәтін құрап жаз. Оны сынып оқушыларының алдында оқып бер.



8. Қосымша дереккөздерден «Өлемді өзгерткен қазақстандықтар» туралы мәліметтер тауып, кластерді толтырыңдар.



9. Мәтінді оқып, публицистикалық стильге тән ерекшеліктерді тап.

#### Теріден жасалған құлаққап

15 жастағы американдық Честер Гринвуд 1873 жылы суықта қолдануға болатын құлаққап ойлап тапты. Әжесі бұл құлаққаптың сыртын кәмшат терісінен, ішкі жағын барқытттан тігіп берді. 1877 жылдың 13 наурызында Честер өз өнертабысын патенттеу мүмкіндігіне ие болды. Өмірінің соңына дейін ол құлақты сыртқы шудан, суықтан қорғайтын жаңа заттарды шығарумен айналысты. Мэн штатында 1977 жылдан бастап, өнертапқыштың құрметіне орай Честер Гринвуд (21 желтоқсан) күні атап өтіледі.

#### Қалың қарда жүруге арналған көлік

Канадалық Жозеф-Арман Бомбардье 1922 жылы 15 жасында бір аптаның ішінде ескі «Фордтың» бөліктерінен қалың қарда жүруге арналған көлік жасап шығарды. Құрылғы шамамен бір миль жерді жүріп өткен. Арманның ағасы Леопольд құрылғыны табанына байланған екі арқан арқылы жүргізсе, Арманның өзі қолдан отын салып отырды. Өнертапқыш кейін де бірнеше техниканы жасаумен айналысып, тек 1957 жылы ғана баяғы қарда жүретін көлігіне оралды. Көлік «Ski-Doo» атын алып, бірнеше данасы шығарыла бастады. Қазір бұл көлік қарда жүретін техниканың ішіндегі ең танымалы болып саналады.

### Брайль қарпі

Көзі көрмейтін жандардың оқи алу мүмкіндігіне жол ашқан рельефті-нүкте жазуын 1824 жылы 15 жастағы француз Луи Брайль ойлап тапқан. Ол әкесінің шеберханасында етік тігуге арналған бізбен көзін жарақаттап алған соң, 3 жасында көру мүмкіндігінен айырылған еді. Осы қаріппен басылған алғашқы кітап «Франция тарихы» 1837 жылы жарыққа шықты.

### Аляска туы

1926 жылы Аляска губернаторы 7 мен 13 жастағы балаларға жалаудың эскизін салу жөнінде байқау жариялайды. Оның нәтижесінде 13 жастағы Аляска тұрғыны Бенни Бенсон үздік деп танылды. Ол салған жалауда аспан түстес көк түс пен аляскалықтарға түнде жол сілтейтін поляр жұлдызы, Кіші аю жұлдызы бейнеленген. 1927 жылы Беннидің ұсынған жалауы ресми символ ретінде көпшілікке таныстырылды.

*EL.kz сайтынан*



10. Мақалалардың тақырыппен байланысын дәлелдеп айт.



11. Мәтіндердің негізгі идеясын анықтап, тірек сөздерді теріп жаз. Мәтіндерге басқа қандай тақырып қоюға болады?

Негізгі идеясы	Тірек сөздер	Тақырып



12. «Түсінік» ойыны.

- 1) Мәтіндегі негізгі тірек-термин сөздерді анықта. Олардың әрқайсысына 2–3 ассоциация сөз жаз.
- 2) Оның ішіндегі негізгі 1 сөзді белгіле.
- 3) Белгілеген сөзді өзің қалай түсінетініңді жаз.
- 4) Оқушылар тірек сөзге берген анықтаманы кезекпен оқиды. Жалпы ұқсастықтарды атайды.
- 5) Ортақ түсінікті жазып, салыстырады.

Үлгі: «Ту» сөзі.

1. Ту: Байрақ; рәміз	2. Ту: Жалау	3. Ту: Мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын білдіретін басты рәміздерінің бірі.	4. Ту: Әр оқушы өзі белгілеген сөзіне берген түсінігін оқиды.	5. Ту: Оқушылардың бәрі берген түсініктерін салыстырады. Шешім шығарады.
----------------------------	-----------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------



13. Қосымша дереккөздерден суреттегі өнертапқыш балалар ойлап тапқан заттар туралы ақпараттарды тауып, «Әлемді өзгерткен өнертапқыш балалар» деген тақырыпта таза ғылыми стильде тұсаукесер дайында.



14. «+», «-», «қызықты» әдісі бойынша оқылым мәтініндегі ақпараттарды сүзгіден өткіз.



15. Өртүрлі ақпарат көздерінен еліміздегі өнертапқыш балалар туралы мәліметтерді жинап, пікір алмасыңдар.

17 қаңтарда әлем бойынша Өнертапқыш балалар ашқан жаңалықтар күні аталып өтіледі. Қазақстандық жас өнертапқыштар ашқан жаңалықтар да бар.

2013 жылы Алматы қаласындағы дарынды балаларға арналған №10 мектеп-интернатының 11-сынып оқушысы Хәкім Садуақас «Ламабатәл» атты мобильді аппарат ойлап тапты. Медициналық құрылғы диагностика мен терапияда төрт түрлі қызмет атқарады: лазеротерапия, магнитотерапия, биологиялық белсенді нүктелерді табу мен электромассаж. Құрылғы электр қуаты, аккумулятор және қарапайым батареямен жұмыс істейді.

Осы жылы Қостанай облысының кішкентай тұрғыны Олег Лило «Ай» атты зертхана жасады. Сегіз жасар ғалымның айтуынша, Айдың бетіндегі жағдайды анық көруге болады. Құрылғының камерасы, лазері бар. Олегтің жаңалығы Елордада өткен ғылыми-техникалық форумда «Аэроғарыштық техника, авиация және ғарыш ісі» номинациясы бойынша бірінші орын алды.

Семей қаласының 7-сынып оқушысы Виктор Хегай зағип адамдардың қозғалуына көмектесетін робот ойлап тапты. Роботтары сенсор алдынан кедергі кездескенде иесіне белгілі бір дыбыс береді. Салмағы 200 грамдық бұл құрылғы киімге немесе баскиімнің алдына тағылады.

Астанамыздың 10-сынып оқушысы Темірлан Нәби жасанды бал ойлап тапты. Жасанды бал тұмауға қарсы ем және аллергия шығармайды. Оның құрамына су, қант, лимон қышқылы мен аздаған эфир майы кіреді. Ал дәмі жағынан ментолға ұқсайды.

*«Егемен Қазақстан» газетінен*



16. «Егер мен ...» ойыны. «Егер мен өнертапқыш болсам...» деген тақырыпта өлемді өзгертетін қандай жаңалық ойлап табатыныңды жүйелеп айт.



17. Ақпарат көздерін пайдаланып, Қазақстанды өлемге танытқан өнертапқыш және өнерпаз балалар жайлы мәлімет тауып, жинақы мәтін (компрессия) жаз. Ақпарат бойынша постер құрастыр.



18. «Өлемді кімдер өзгерте алады?» деген сұраққа қатысты берілген пікірлерді оқып, «Келісемін/Келіспеймін» әдісімен өз ойларыңды айтып, дәлелдендер.

Өлемді кімдер өзгерте алады?					
Өмірге ынтық адамдар	Әр нәрсеге әуес адамдар	Табысты адамдар	Еңбекқор адамдар	Табанды адамдар	Өзіне-өзі сенімді адамдар
Келісемін/Келіспеймін					
Себебі ...					



19. Төмендегі сұрақтарға жауап жазып, оны түсіндір.

- 1-сұрақ: Не пайдалы?
- 2-сұрақ: Не қажет?
- 3-сұрақ: Нені есте сақтау керек?

#### 5-сабақ. НӘТИЖЕ САБАҚ



1. «Бөлшектен бүтін құрау» әдісі. Өнертапқыш болу үшін не қажет екендігін жазып, ойыңды дәйектеп айт.



2. Өртүрлі ақпарат көздерінен ұлы адамдардың өнер және жетістік туралы айтқан даналық сөздерін тауып жаз. Өзің қалаған біреуіне қатысты пікіріңді жүйелеп айтып бер.



3. Мәтінді мұқият тыңда. Сұрақтарға жауап беріп, тапсырманы орында.

- 1) Мәтіннен негізгі ұғымдарды тауып, түйінді ойыңды жаз.
- 2) Мәтінді күнделікті өмірмен байланыстырып, басқа оқушылармен пікір алмас.
- 3) Мына сұрақтарға жауап жаз:
  - Берілген тақырып бойынша маған не белгілі?
  - Мен не білемін?
  - Мәтіннен қандай ақпарат алдым?
- 4) Публицистикалық стильдің ерекшелігін сипаттап айтып бер.



4. Мәтінді ойбөліктерге бөліп, әрқайсысына тақырыпша қой. Термин сөздерді тауып, мағынасын анықта. Сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құра.



5. Мәтіннің негізгі ойын сурет, сызба т.б. арқылы бейнелеп көрсет.



6. «Дербес пікір жазу» тәсілін қолданып, тыңдалым мәтіні туралы пікіріңді жаз (уақыт мөлшері: 7–8 минут).

- 1) Өзіндік пікір (идея) – бір сөйлем.
- 2) Дәлел – екі сөйлеммен келтірілу керек.
- 3) Өз пікірін айғақтайтын мысал – екі сөйлем.
- 4) Өз пікіріне қарсы пікір – бір сөйлем.
- 5) Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – екі сөйлемнен тұру керек.
- 6) Қорытынды – екі сөйлемнен тұрады.



7. «Түртіп алу» стратегиясы бойынша мәтінді оқы. Мәтіндегі негізгі ойды сызбаға түсір. Сызба бойынша өз ойыңды таратып айт.

### **Қазақстанның индустриалдық-инновациялық дамуындағы өнертабыстар**

Уақыт өткен сайын өнеркәсіп те қарыштап дамып отырады. «Өнертабыс» деген ұғым бір қол жетпейтін және күрделі дүние деген түсінік ескірген. Пайдалы әрі қарапайым өнертабыстарды жасау күнделікті өмірімізді жақсартады. Автокөліктер мен кіржуғыш машиналар өмірді жеңілдетеді; микроскоптар ой-өрісті және білімді кеңейтеді; теледидар мен радио өмірді қызығырақ етеді; өртсөндіргіштер адамның өмірін сақтап қалады. Өдеттегідей, көптеген өнертабыстар адамның бір нәрсені оңайлатып, пайдалануға ыңғайлы етуге деген талпынысы арқылы жасалады. Бүкіл әлемдегі адамдардың талаптары ортақ, сондықтан олардың шешімін табуға ұмтылады.

Біз көптеген дүниелер үшін бұрынғы өнертапқыштарға қарыздармыз, себебі олардың шығармашылық нәтижелерін күнделікті пайдаланамыз. Дизельдік қозғауышты неміс инженері Рудольф Дизель жасаған; пастеризациялау процесін француз химигі Луи Пастер; Фаренгейт шкаласын Пруссия физигі Габриель Фаренгейт; қуатты өлшеу бірлігі – вольтты итальяндық өнертапқыш Алессандро Вольта; сэндвичтерді Граф Сэндвич; джинсіні Леви Штраус ойлап тапқан.

Дегенмен заманауи өнертапқыштар бұрынғылардан кем емес. Олар жасаған өнертабыстарына өз есімдерін бермегендіктен, ел жадында қалмауы мүмкін. Бірақ қазіргі заманғы компьютерлер мен гаджеттер, электромобильдер және басқа да өнертабыстар ерекше назар аударып, қолдау көрсетуге лайық.

Отандық өнертапқыштарымыз да өнертабыстардың әлемдік жинағына өздерінің үлесін қосуда. Мұнай-газ секторында, химия саласында, медицинада, ветеринарияда ғылымды көп қажет ететін өнертабыстармен бірге, қарапайым және әлеуметтік маңызы бар өнертабыстар да бар. Мысалы, өнертапқыш Нұрлан Төреханов жаяу жүргіншілерді жолдан өту кезінде қауіптен сақтауды ойлап, жарық беретін сәулелену таяғын ойлап шығарған.

Қазақстандық инновациялық литий-иондық күкірт аккумуляторларды әзірлеушілер экологиялық батареяларды жасаған, олар сырттан әкелген нұсқаларына қарағанда, неғұрлым арзан және ұзақ уақытқа жарамды.

Семей мен Қызылордада бие сүтінен жасалған құрғақ қымыз шығаруға дайындық жүргізілуде. Бүгінгі таңда құрғақ бие сүтінен қымыз өндірудің бірнеше әдісі патенттелген.

Экспресс-етті тез пісетін кеспеге бәсекелес ретінде астанамыздың тұрғыны ойлап тапқан.

Таразда ғалымдар ерекше көмпиттер ойлап шығарған, олар көмпит массасына тарының талқанын қосқан. Қарағанды кондитер фабрикасы ұлттық дәмі бар көмпиттің алғашқы партиясын дайындап, оны «Тараз» деп атаған.

*start.info.kz порталынан*



**8.** Оқылым мәтініне байланысты әр параққа бір сұрақтан құрастырыңдар. Әуен тоқтағанша бір-біріңе лақтырыңдар. Әуен тоқтағанда кімнің қолында қандай сұрақ қалса, оқушы сол сұраққа жауап береді.



**9.** Төмендегі шешендік сөзді оқып, тілдік оралымдарды анықта.

Сырым ғибрат алып, ұстаз тұтқан батырлар мен шешендер үлгілі сөз үйретіп қана қоймай, Сырымның тапқырлық сөздерін, өжеттік, ерлік істерін құптап, көтермелеп те отырған. Алдар би Сырымның алдынан шығып:

– Қарадан хан болдың,  
Жоқтан бар болдың.  
Көнеден дәурен озды,  
Көңдей қамқа тозды,  
Атадан ұл озды,  
Анадан қыз озды, –

деп тақпақтап қарсы алады. Сонда Сырым:

– Қарадан хан болсам,  
Халқым қалаған болар.  
Жоқтан бар болсам,  
Құдайым қараған болар.  
Көнеден дәурен озса,  
Жасы жеткен болар.  
Көңдей қамқа тозса,  
Күтімі кеткен болар.  
Атадан ұл озса,  
Еркіндігі болар.  
Анадан қыз озса,  
Еркелігі болар, –

деп жауап береді.

Өрине, Алдардың сөзі – мақтау, оны Сырым жақсы түсінеді. Бірақ батыр масайрап бас шұлғымай, шешендік жұмбақтың шешімін тауып, өзіне айтылған мақтауды ел-жұртының атына аударады.

*«Қазақтың би-шешендері» кітабынан*



**10.** Ғаламтор мәліметтерін пайдаланып, қазақстандық өнертапқыштар туралы ақпарат жина. Дереккөздерге сүйеніп, «Өнертапқыш адам – еліміздің мақтанышы» тақырыбында пікіралмасу өткізіңдер.

#### **Пікіралмасуға қойылатын талаптар:**

- тақырыптан ауытқымау;
- дерек пен дәлелдерді ұтымды пайдалану;
- көркемдегіш құралдарды орынды қолдану;
- әдеби тіл нормаларын сақтау;
- өзіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі түрде жеткізу.



**11.** Төмендегі мақал-мәтелдердің сабақ тақырыбымен байланысын анықтап, мағынасын түсіндір.

- 1) Шешеннің сөзі мерген,  
Шебердің көзі мерген.
- 2) Адамды сөзінен емес,  
Ісінен таны.
- 3) Шеберден олжа,  
Шешеннен сауға.



**12.** «Үздік жарнама» ойыны. «Әлемді қалай өзгертуге болады?» тақырыбында жарнама дайындаңдар. Онда әлемді өзгертіп, адам өмірін жеңілдету үшін қандай заттар ойлап табуға болатындығы жөнінде жарнама жасаңдар.

**Жарнама дайындауға қойылатын талаптар:**

- мақсатты аудиторияны анықтау;
- ерекше идеяға құрылуы;
- оқырман көңілін аударатын қызықты детальдардың болуы;
- тақырыпты дұрыс жеткізуі;
- мәтіннің белгілі бір стильде сауатты жазылуы;
- иллюстрацияны дұрыс пайдалануы.



**13.** «ПОПС» формуласын қолданып, осы тарауда өткен оқу материалдары бойынша өз пікіріңді дәлелде.

- Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, ...»
- Екінші сөйлем: «Себебі мен оны ... деп түсіндіремін».
- Үшінші сөйлем: «Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».
- Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».



**14.** «Менің тақырып бойынша алған әсерім» кестесін толтыр.

Қандай жаңа ақпарат алдың?	Қандай қиындық кездесті?	Қай жұмыстарды қызыға орындадың?

## 5-БӨЛІМ

## ТУРИЗМ: ЭКОТУРИЗМ



Оқушы, сен бұл бөлімде:

- мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (пікірталас) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдауды;
- көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеуді;
- өртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба) мәліметтерді салыстырып талдап, негізгі үрдістерді анықтауды;
- мәтін құрылымын сақтай отырып, өртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазып, өзіндік тұжырым жасауды;
- қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойыңды дәлелдеп эссе жазуды;
- мәтін және мәтін үзінділерінде тыныс белгілерін қолдана білу дағдыларыңды жетілдіресің.

1–2-сабақ. ТУРИЗМ САЛАСЫ: ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ



1. «Ассоциограмма». «Туризм» сөзіне ассоциограммалық кесте жаса. Жазған сөздеріңнің дәл осы ұғыммен байланысын түсіндір.



2. Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Адамзат тарихында туризм қай кезден басталған?
- 2) Саяхат пен туризмнің қандай байланысы және ерекшелігі бар?
- 3) Сенің ойыңша, «саяхатшы», «жиһанкез», «турист» терминдері қандай мағыналарды білдіреді?
- 4) «Турист ұсынғанды көреді, саяхатшы қалағанын көреді» дегенді қалай түсінесің?
- 5) Өзің тұрған жерде қандай туристік орындар бар? Олар туралы не айта аласың?



3. Суреттерге қара. Бұлар туризмнің қай түріне жатады деп ойлайсың? Пікіріңді дәлелде.



### Өңгіме және «Дөңгелек үстел»

Өңгіме – нақты тақырыпта екі не одан да көп адамның еркін тілдесіп, өзара ақпарат алмасу әдісі. Ол көбінесе әлеуметтік мәртебесі тең адамдар немесе қызметтестер арасында, ал ресми жағдайларда мекеме басшылары мен клиенттер я жұмыс іздеушілер арасында жүргізіледі.

Өңгімелесушілерге қойылатын талаптар:

- ойды нақты, түсінікті жеткізу;
- пікірді қысқа да нұсқа түрде айту;
- өте жылдам немесе өте баяу сөйлемей;
- сөзталасқа әкелетін тартысты мәселеден аулақ болу.

Жүргізілу тәртібі, өзіндік ережелері, қатысушылардың саны да әртүрлі болатындықтан, полилогтік пікірталастар іштей бірнеше түрге бөлінеді. Олардың әрқайсысының мақсаты әртүрлі болатындықтан, тілдік, ұйымдастырушылық тұрғыдан өзгешеліктің болуы заңды.

«Дөңгелек үстелге» бірнеше адам қатысатындықтан, әр қатысушыдан мәдениеттілік, жалпы өңгімені үзбей өрбітіп отыру талап етіледі. Ең бастысы – «үстелде» талқыланатын тақырыпты таңдау. Тақырып аудиторияға түсінікті, оларды қызықтыратын өзекті мәселе болғанда ғана сенім туғызады. «Дөңгелек үстелге» сол тақырыпты зерттеп жүрген не осы мәселені қоғамдық ортада жиі көтеріп жүрген, оған қатысты ақпараттық көзі жеткілікті, өзіндік көзқарасы бар арнайы маман шақырылады. Сонда ғана «үстел» басындағы өңгіме дұрыс бағытта өрбиді. Егер маман мәселені егжей-тегжейлі түсіндіре алса, тыңдаушылар да өзін толғандырған жайтты сауатты түрде түсініп, дұрыс бағдар алады. Егер талқыланатын мәселе даулы нәрсе төңірегінде болса, маманның оларға толығырақ тоқталып, қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екендігін ғылыми түрде саралап түсіндіруі шарт.

«Дөңгелек үстелді» ұйымдастырудағы бір маңызды мезет – қатысушылардың дөңгелеке қойылған үстел басында бір-біріне қарап отырып, бетпе-бет сөйлесуі. Бұл аудиториядағы психологиялық күйді өзгертеді: өзара теңдік және ынтымақтастық атмосфера туғызады; бір-бірінің көзқарасын жақсы түсінуге септеседі, қатысушылардың белсенділігін арттыруға әсер етеді.

 4. Теориялық мәтінге сүйеніп, әңгіме және «Дөңгелек үстелдің» ерекшеліктері мен ортақ белгілерін «Венн» диаграммасы түрінде рәсімдеп жаз.

 5. Мәтінді тыңда.



 6. Тыңдалым мәтініне тақырып қой. Тірек сөздерді анықта. Мәтіндегі терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды тауып, талдау жаса.

 7. Мәтінде туризмнің қандай даму кезеңдері туралы айтылғанын анықта. Ертеде туризмнің қандай түрлері болғанын және оның туу себептерін айт. Суреттегі туризм соның қай түріне жатады?

 8. Тыңдалым мәтіні бойынша кестені толтыр.

№	Уақыты	Орны	Туризм түрі

## 9. Мәтінді оқы.

Туризм – өзге елде ақы төленбейтін, мәдени-ағарту, спортпен айналысу, демалыс үшін ұйымдастырылатын қолжетімді саяхат түрі. Саяхат – адамдардың өртүрлі мақсатына сәйкес кеңістіктегі қозғалысы.

Адамзат тарихында саяхат сауда жасау, жаңа жерлерді жаулап алу және игеру, ресурстарды іздеу және т.б. себептерге орай пайда болды. Адамның қажетіне қарай саяхат түрлері көбейе түсті. Туризмнің даму тарихы көне дәуірлерде жатыр десек те, Қазақстан аймақтарында туризмнің пайда болуы өздеріңізге мәлім, Ұлы Жібек жолымен тығыз байланысты. Дегенмен бұл сала уақыт өткен сайын жанданып, дамып, өрісін кеңейте түсуде. Бүгінгі таңда туризм өз ішінен бірнеше түрге бөлінеді: әлеуметтік, экологиялық, спорттық, іскерлік, конгрестік, емдік-сауықтыру, мәдени-танымдық, діни және тағы басқалары.

Туризмге қатысты еңбектердің ішінде саяхат түрлерін жіктеуде өртүрлі факторлар басшылыққа алынады. Соның ішіндегі ең басты фактор – адамның саяхатқа аттануына түрткі болатын негізгі себептер.

Туризмнің ең алғаш пайда болуына адамдардың өз денсаулығына көңіл бөліп, табиғаты бүлінбеген, аса бір шипалы орындарға арнайы баруы ықпал етті. Оны «емдік-сауықтыру туризмі» деп атауға болады. Сонымен қатар бұл топқа емделіп, әл-ауқатын қалпына келтіруге климат, теңіз суы секілді табиғи құбылыстар пайдаланылатын алыс-жақын жерлердегі демалыс та енеді.

Мәдени-танымдық туризм өз елінің және өзге елдердің рухани құндылықтарын, мәдениетін, тарихын зерттеп, білуге бағытталады. Ол танымдық және діни-табынушылық сипатта болады. Танымдық туризм тарихи, мәдени және географиялық құндылықтарды зерттеп, көруге байланысты ұйымдастырылады. Саяхатшылар көбінесе өздері барған елдің әлеуметтік, экономикалық қатынастарына қызығушылық білдіреді. Ал табынушылық мақсаттағы туризмге киелі жерлерді көруді қалайтын адамдар барады.

Ғылыми әдебиеттерде әлеуметтік туризм түрі де кездеседі. Әлеуметтік туризм саяхатшының шалғайдағы туыстары мен таныстарына, достарына қонақ болу мақсатында жүзеге асырылады. Бұл топқа клубтық туризмді де жатқызуға болады. Клубтық туризмнің ерекшелігі – саяхатшы саналы түрде арнайы бір топпен ғана демалыс түрін өзі таңдап алады.



Ерекше кең таралған туризмнің бірі – спорттық туризм. Спорттық туризмге белгілі бір спорттық іс-шараға белсенді қатысуға бағытталған жолсапарлар жатады. Мысалы, біреу спорттың кез келген түрі бойынша әлемдік жарысқа қатысу үшін өзге елге аттануы мүмкін. Ал екінші біреу жанкүйер ретінде өзінің сүйікті командасының ойынын көріп, қолдау көрсетуге ойын өтетін елге сапар шегіп жатады.

Сонымен қатар адамдар экономикалық, іскерлік немесе конгрестік (саяси) туризмге, кәсіптік және коммерциялық мақсатта сапарға шығады. Мысалы, халықаралық биржа, көрме, жәрмеңке және т.б. жиындарға қатысу үшін ұйымдастырылатын мәдени шаралар осы топқа енеді. Дипломатиялық туризм белгілі бір елдегі экономикалық, әлеуметтік жағдайларға талдау жасау, баға беруді көздейді. Туризмнің аталған түрлері іштей тағы да бірнеше бағытқа жіктеледі.

Қазіргі заманда елдегі туризм саласының дамуы сол елдің бәсекеге қабілеттілігін ғана емес, нарық заңына бейімделе алу іскерлігін де таны-

татын маңызды көрсеткіш болып отыр. Оған қоса ғаламдық экологиялық жағдайлардың ушығуы, тарихи-мәдени ескерткіштерге жұртшылық назарының аууы, халықтың өз тарихына қызығушылығының артуы – туризмнің келешегі жарқын болатынының кепілі.

*«Туризм негіздері» кітабынан*



**10.** Мәтін мазмұнына сүйеніп, туризмнің даму бағыттарын графиктік сызба түрінде жаз.



**11.** Мәтін мазмұны бойынша берілген тұжырымдарды оқы. Өз ойыңды «Дұрыс/Бұрыс. Себебі...» формуласы бойынша дәлелдеп айт.

№	Тұжырым
1	Туризм саласының алғашқы баспалдағы орта ғасырлардан басталады.
2	Туризмнің түрлерін жіктеуде адамдардың қызығушылығы негізгі фактор болып саналады.
3	Егер сүйікті командаңның ойынын көру үшін АҚШ-қа сапар шексең, онда конгрестік туризмге ден қойдың деген сөз.
4	Туризм қазіргі таңда бәсекелестіктің айқын көрсеткіші болып саналады.
5	Туризмнің бір нысаны – тарихи-мәдени ескерткіштер.



**12.** Таза ғылыми стильдегі мәтіннің жанрлық ерекшеліктеріне талдау жаса. Мәтін мазмұны бойынша туризм түрлерін және олардың ерекшелігін көрсететін кластер жаса. Пікіріңді дәлелде.



**13.** Егер сендерге туризм туралы «Дөңгелек үстел» өткізу тапсырылса, жұмысты неден бастар едіңдер? Оның жоспарын құрыңдар. Алдымен «Дөңгелек үстелдің» жүргізілу жүйесін анықтаңдар. Туристік агенттік жұмысының бағыттары және ерекшеліктерімен танысыңдар.



**14. Рөлдік ойын.** Жұмыс беруші мен жұмыс іздеген адамның арасындағы іскерлік әңгіме құрыңдар. Ол үшін ақпарат көздерінен өздерің қалаған мекеменің жұмыс бағытын, шақырылып отырған маманға қойылатын кәсіби талаптар туралы материалдарды тауып оқыңдар. Әңгімеге ұлттық тарих, заманауи даму, рухани байлыққа қатысты сұрақтарды да енгізіңдер.

 **15.** Өзің тұрып жатқан аймақта қандай туризм саласын дамытуға болады деп санайсың? Неліктен? Ойыңды ұсыныс ретінде жүйелеп жаз. Дәлел мен деректерді орынды кірістіріп, көпшілік алдындағы сөйлеу талаптарына сай айтып бер.

 **16.** «Туризм – бәсекелестікке бейім сала» деген тақырыпта ойталқы өткізіңдер. Ол үшін қажетті дереккөздерді зерттеп, туризмді дамытуға қатысты мәліметтерді жинаңдар. Ойталқының жоспарын құрыңдар.



 **17.** Сабақ тақырыбы бойынша сөйлемдерді толықтыр.

- 1) Бүгін мен ... білдім.
- 2) ... қызықты болды.
- 3) ... қиын болды.
- 4) ... тапсырманы орындадым.
- 5) ... екенін түсіндім.

### 3–4-сабақ. ЭКОТУРИЗМНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



 **1.** Экотуризм – «экология» және «туризм» сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Сенің ойыңша, бұл туризм саласының атауына «экология» сөзінің қосылу сыры неде? Өз болжамыңды нақты екі дәлелмен айт.



 **2.** Көрсетілген ғылым салалары қандай мәселені зерттейді? Сала мен зерттеу нысанын сәйкестендір. Олардың экотуризмге қандай қатысы болуы мүмкін? Кестедегі мамандандырылған тар аяда қолданылатын термин сөздерді анықта. Өз пікіріңді дәлелде.

Педагогика	есептеу амалдары мен жолдарын	з е р т т е й д і
Жаратылыстану	табиғатты түрлі қауіптерден қорғау мәселелерін	
Тіл білімі	білім берудің заңдылықтарын, әдістері мен ұстанымдарын, оқыту технологияларын	
Экология	қоршаған ортаның болмысы мен табиғат құбылыстарын	
Математика	көне дәуір жәдігерлерін	
Тарих	тілдің қолданысын, құрылымдық жүйесін	

### Тілдік бағдар

#### Ой айқындылығы. Сөз дәлдігі

Ойдың құралы – тіл. Ойдың қабылдануына сөздің дұрыстығы, дәлдігі, жатықтығы, тазалығы т.б. сипаттар ықпал етеді. Сондықтан жұрт алдында сөйлеудің басты талабы – сөздерді орынды жұмсай білу.

Ойлау әркімнің табиғи болмысына қарай сан алуан. Дегенмен өз ойы мен көзқарасын жеткізуге байланысты белгіленген тілдік сапалар бар. Олар: сөздің грамматикалық жағынан дұрыс құрылуы; сөз дәлдігі; ойға сыйымдылығы; өзіндік сөйлеу ерекшелігі, шешендік қасиеті т.б. Бұлардың шешен сөзінде сақталуы тілдің ажарын ашып, әсерлілігін арттырып отырады.

Сөздің грамматикалық құрылысын дұрыс құру үшін теориялық білім керек. Грамматиканың заңдылықтарын игеру би-шешендер мен сөз зергерлерінің ойды беру тәсілдерінен үнемі үлгі алу, мәтіндермен жан-жақты жұмыс істеу нәтижесінде қалыптасады. Ол үшін мынадай жұмыс түрлерін жасап, жаттығу қажет: нақты тақырып бойынша мәтін құрап жазу; сөзі жұтаң мәтіндерді редакциялау; мәтінді оқып, оның мазмұнын өз сөзімен байыта әңгімелеу; шешендердің сөздерін мәтін ретінде алып, грамматикалық жағынан ауызша және жазбаша талдау және т.б.

Сөзде дәлдік болмаса, шешеннің жеткізейін деген идеясы тыңдаушыға көмескі болып қала береді. Өртүрлі құбылыстар мен заттарды нақтылап көрсететіндей сөздерді дұрыс таңдай алу да сөз мағынасын жетік білуден басталады. Бұл сөйлеушінің сөздік қорды игеруіне келіп тіреледі.

Ой сөздердің дұрыс тіркесуіне байланысты болса, ал сөздерді тіркестіру ондағы әр сөздің орын тәртібін, мағынасын нақты ажырата

білуді қажет етеді. Оған дағдылану жұмыстары: көпмағыналы сөздерді әртүрлі сипаттарына қарай қолдана алу; синонимдес сөздердің ішінен сөз тіркесіне, сөйлемге қатыстылығы жағынан ең қажеттісін іріктей алу; ойды әсерлеп беруде антонимдерді жарыстыра қолдануға үйрену, тұрақты тіркестерді ойды құбылтып берудің құралы ретінде пайдалана білу.



3. Теориялық мәтіннен таза ғылыми стильге тән салалық терминдерді тап. Сол терминдердің мағынасын анықта.



4. Өлең үзіндісін оқы. Онда сөз дәлдігіне, ой айқындылығына қатысты жолдарды анықтап, пікіріңді айт. Ақын өлеңі бойынша сөзге қойылатын талаптарды диаграмма түрінде рәсімде. Ондағы әр талапқа талдау жаса.

Сөйлейін сөзді ерінбей,  
 Бойымды бұлаң керілмей...  
 Жылы қылып сөйлейін,  
 Жазғы желдің лебіндей.  
 Анық қылып сөйлейін,  
 Ақ теңгенің мөріндей.  
 Шалықтатып сөйлейін,  
 Айдынның шалқар көліндей.  
 Асыл қылып сөйлейін,  
 Базардың алтын беріндей.  
 Жабыстырып сөйлейін,  
 Тұтқыр сары желімдей.  
 Сұлу қылып сөйлейін,  
 Қос жорғаны мініп ап,  
 Түскен жаңа келіндей.  
 Жатық қылып сөйлейін,  
 Жазыққа біткен ыраңдай.  
 Жарастырып сөйлейін,  
 Сәукеленің бетіндей,  
 Тымақта шаңқан қылаңдай.  
 Өлең айтып, өн салу –  
 Бұл да көңіл көтермек,  
 Не бар бізде құнарлы-ай.  
 Құдайдан жәрдем болмаса,  
 Біздей құлар шулайды-ай...

*Мұрат Мөңкеұлы*



5. Мәтінді тыңдап, конспект жаз.



6. Тыңдалым мәтіні бойынша тірек сөздер мен терминдерді жаз. Олардың жасалу жолдарын түсіндір.



7. Мәтін бойынша экотуризмнің дамуына ықпал етіп отырған факторлардың ретін анықта. Көтерілген мәселе туралы көзқарасыңды өз қалауың бойынша келісу/келіспеу эссесі түрінде жаз.

Фактор	№
табиғи ортаны қорғауға кететін шығын мөлшерінің бірнеше есе азаюы	
адамдардың табиғатқа, яғни таза ауада демалуға ұмтылуы	
экологиялық орталықтар мен туристік фирмалардың адамның қоршаған ортаға зиян келтіруіне төтеп беру жолдарын іздеуі	
әлемнің жалпы экологиялық жағдайының күннен-күнге нашарлауы, яғни бүлінуі	



8. Үш топқа бірігіңдер. Әр топтағы оқушылар №1, №2, №3 деп белгіленеді. 1-кезеңде (әр топ) мәтіннің өздеріңе тиесілі бөлігін оқыңдар. 2-кезеңде оқыған мәтін бөлігінің мазмұнын бірігіп талдап, мазмұн жүйесі бойынша ой бөлісіңдер. 3-кезеңде топ мүшелері мәтін мазмұны бойынша кеңесіп, өздерің қалаған тәсілмен (тірек сөздер кестесі, кластер, диаграмма, сурет, карта және т.б.) ойларыңды жинақтаңдар. 4-кезеңде (әр топ өз бөлігі бойынша) оқығаны баяндап беріңдер.

1. Қазіргі уақытта әлемдік деңгейдегі туризм түрлерінің ішінде экологиялық туризмнің үлесі 60 %-ға дейін жетіп отыр. Экологиялық туризм адамның танымдық әрі ғылыми қажеттіліктерін өтеп, табиғат аясында болуымен ерекшеленеді.

Экологиялық туризмнің негізгі мақсаты:

- халықтың экологиялық білімін, табиғатпен өзара қарым-қатынас мәдениетін арттыру, табиғи ортада этикалық нормаларды сақтауға баулу, табиғаттың тағдыры үшін жеке жауапкершілік сезімін тәрбиелеу;
- адамның рухани және төн саулығын қалпына келтіру, қоршаған ортада толыққанды демалысты қамтамасыз ету.

Әлемдік тәжірибеде экологиялық туризм ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда (ЕҚТА) іске асырылады. Экологиялық туризм ЕҚТА-ның

барлық түрінде дамуы мүмкін, алайда қорықтарға келу тәртібі басқа аумақтармен салыстырғанда өте қатаң. Осыған байланысты табиғатты қорғау ережесі және нақты келушілердің саны белгіленіп, экологиялық туризмді ұйымдастыруға барынша шектеу қойылуы тиіс.

2. Экологиялық туризмді дамытудың аса маңызды әлеуетіне ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саналатын ұлттық табиғи парктер ие. Олардың қызмет бағыттарының бірі – рекреациялық және туристік қызметті дамыту. Осы мақсаттарда көркем ландшафтар мен табиғи ескерткіштерді және басқа да қызықты нысандарды көрсету арқылы туристік және рекреациялық аймақтарды дамыту көзделеді.

Экологиялық туризмнің өзі іштей бірнеше түрге бөлінеді: жаяу, атты, велосипедті туризм түрлері, альпинизм, рафтинг, дайвинг, ғылыми туризм, орнитологиялық және аңшылық туризм.

Экологиялық туризм қоршаған ортадан пайда табуға бағытталмайды.

Аталмыш туризм түріне мынадай ерекшеліктер тән:

- туристік аймақтарды мәдени тұрғыдан жетілдіруге қамқорлық жасап, жанашырлықпен пайдалану;

- қоршаған ортаға залал келтіретін жағдайларды шектеу немесе төмен деңгейде болуын қадағалау. Адамдар тұмса табиғатпен тығыз байланыста болады. Адам табиғаттың әміршісі емес, оның кішкентай бөлшегі екенін түйсінеді.

Экологиялық туризмнің негізін қалаушы Й. Криппендорфтың пайымдауынша, адам тынығу үшін табиғатпен тығыз байланыста болуы қажет.

Экологиялық туризмнің қалыптасуы нәтижесінде тыныш, техникасыздандырылған кәсіп түрлері пайда болды. Оған жаяу жүру, велосипедпен немесе атпен серуендеу, суда жүзу, шаңғымен сырғанау және тағы басқалары жатады.

Экологиялық туризмнің басты міндеті – адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. Табиғи туризммен байланысты 4 стратегиялық компонент: техникасыздандырылған туризм, өзіндік аймақтық даму, әлеуметтік жауапкершілік, мәдени жауаптылық адам бойындағы ізгі қасиеттердің оянып, дамуына ерекше ықпал етеді.

3. Экологиялық туризм – айтарлықтай орнықты туризм түрі. Ол белгілі аумақта шоғырланудың нәтижесінде жергілікті тұрғындарға экономикалық пайда әкеледі. Жергілікті тұрғындар мен қонақтар арасында өзара түсіністікті қалыптастырады, сонымен қатар не ландшафтқа, не әлеуметтік ортаға зиянын тигізбейді, керісінше, техногендік ортаға машықтанған адамдардың табиғатты қорғауға деген дүниетанымын өзгертеді.



Қазіргі таңда экологиялық туризм – әлемдік экономиканың құлдырауы әсер етпейтін сала. Себебі экотуристік өндіріс таусылмайтын ресурстармен жұмыс істейді. Шетелдік экономистердің есебі бойынша, 100 мың турист қалада орташа есеппен екі сағат болған кезде, кемінде 350 мың доллар немесе адам басына бір сағатта 17,5 доллар жұмсайды. Демек, экотуризмді дамыту арқылы ұзақмерзімді экономикалық тұрақтылықты қалыптастыруға болады. Шетел валютасының құйылуын қамтамасыз етеді және төлем теңгерімі сияқты экономикалық көрсеткіштерге, сонымен қатар халықтың жұмыспен қамтылуына оң әсерін тигізеді. Туризм тура немесе жанама түрде экономиканың 32 саласының дамуына ықпал етеді. Елдің инфрақұрылымын дамытуға септігі тиеді.

Қорыта келгенде, экотуризмнің жылдам және тұрақты өсуін, оның қоршаған ортаға, экономиканың барлық секторлары мен қоғамның әл-ауқатына әсерін назарға ала отырып, мемлекет ұзақмерзімді даму бағдарламасында туристік салаға басымдық беруі керек. Туризмнің

экологиялық түрі мемлекетіміздің жекелеген аймақтарында әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды элементі және табиғатты қорғаудың құралы бола алатынына көміл сенуге болады.

*К. Сабырова*



**9.** Мәтіндегі тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндір.



**10. Жағдаят:** сенің мектебіңдегі экстремалды туризмге қатысушыларды анықтау қажет. Осы шара туралы хабарландыру жаз. Ол үшін экстремалды туризм туралы ақпарат жина. Оның ерекшелігі туралы сызба құрастыр. Хабарландыру мәтінінде қызықты мәліметтерді жинақтап қолдан. Сөздердің мағынасына сай дәлдікпен қолданылуына назар аудар.



**11.** Мәтін мазмұны бойынша пікірталас ұйымдастырыңдар. Өз идеяларыңның артықшылығын, қарсы пікірлердің кемшілігін айтыңдар. Соңында екіжақты келісім жасалады. Ол «Мүмкін» деген бөлікке жазылады.

Бірінші пікір: «Иә»	Мүмкін	Екінші пікір: «Жоқ»
Қазіргі таңда экологиялық туризмге әлемдік экономиканың құлдырауы әсер етпейді.	...	Қазіргі таңда экологиялық туризмге әлемдік экономиканың құлдырауы әсер етеді.

Себебі ...	Себебі ...	Себебі ...
------------	------------	------------

 **12.** Топ басшысы қағазға жазылып, ортаға тасталған экотуризм өткізілетін аймақтың бірін таңдап алады. Топ бірігіп, сол аймақтағы экотуризмнің артықшылығын жарнама түрінде жазуы тиіс. Қай топтың жарнамасы әсерлі әрі сауатты болса, сол топ жеңеді.

 **13.** «Кез келген адам жүрген жерде табиғаттағы экологиялық тепе-теңдік бұзылады. Сондықтан табиғи ортаға барынша араласпауға тырысу керек» деген пікірге «Келісемін/Келіспеймін» әдісімен ойынды тұжырымдап айт.



**14.** Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Маған ... қиын болды.
- 2) Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- 3) Мен ... екендігін түсіндім.
- 4) Мен ... үйрендім.
- 5) Мені ... таңғалдырды.

## 5–6-сабақ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОТУРИЗМ



**1.** «Киелі жер» деген ұғым мен экотуризмнің қандай байланысы бар деп ойлайсың? Еліміздегі киелі жерлер туралы мәлімет жинап, гидтің ролінде өздерің қалаған киелі орын туралы келушілерге таныстырылым жасаңдар. Таныстырылым талабы: 10–12 слайдтық материал, киелі жердің тарихы мен қазіргі жайы туралы мәлімет беру керек.



**2.** Мәтінді оқып, оны негізгі бөлім етіп ал. Оның мазмұнына сай кіріспе және қорытынды бөлімдерді жаз. Онда экотуризмге қатысты термин сөздерді қолдан.

Шарын – туристерді құшақ жая қарсы алатын мекендердің бірі. Жер бедерінің көрінісінен бұдан миллиондаған жыл бұрын жел мен су эрозиясының және мұз дәуіріндегі табиғи құбылыстардың әсер ету



ықпалынан пайда болғандығы байқалады. Дәл осындай табиғаты ерекше шатқалды дүниежүзінде АҚШ-тың Колорадо штатындағы «Үлкен шатқал» алқабынан ғана кездестіруге болады.

Шарын шатқалындағы сан алуан бедерлі көріністерді жергілікті тұрғындар ерте кездерде «Қызғылт қамалдар аңғары» деп атаған. Шатқалдағы түрлі пішіндегі «жартасты қамалдардың» өзен арнасынан биіктігі 150–300 метрге жетеді, ал өзен аңғарының ені 20–80 метрдей болады.

Шарын өзені Теріскей және Күнгей Алатауларынан басталып, Іле өзеніне құяды, оның ұзындығы 427 шақырым.

Шарын ұлттық саябағының аумағында өсімдіктердің 940 түрі өсетіні анықталған және оның 23 түрі Қазақстанның «Қызыл кітабына» тіркелген. Онда өсімдіктердің далалы, шөлді, бұталы, орманды, тоғайлы, шалғынды және батпақты топтарына жататын 70-тей табиғи бірлестіктері өседі. Сонымен қатар жануарлар дүниесіне де бай алқап саналады.

*«Ана тілі» газетінен*



**3.** Мәтін мазмұнына сүйеніп, «Шарынға шақырамыз!» тақырыбында хабарландыру мәтінін жаз.



**4.** Қазақстан картасына өзің білетін мәдени-тарихи ескерткіштері бар орындарды белгіле. Мысалы, Отырар, Берел қорғаны және т.б. Карта бойынша өзің қалаған аймақтағы экотуризм бағытын жаз. Бағыттың

уақыт мөлшері мен жолы туристердің демалуына қолайлы және тиімді болсын. Ол үшін жер қашықтығын, жолай тоқтап, тыныстайтын орындарды есептеп, көлік түрлерінің қайсысы ыңғайлы болатынын анықта. Туризмнің экзотикалық сипатта болуын ескер. Өз сөзіңді тыңдаушыларға ықпал ететіндей шешендік сөз түрінде айт. Сынып ең үздік шешенді анықтайды.

## Тілдік бағдар

### Пікірталас мәдениетіндегі сөзқолданым

Пікірталас – ақиқатқа жетудің жолы. Сондықтан пікірталаста тек қана бірінің пікірін екіншісі жоққа шығару керек деген ой тұмауы тиіс. Тіпті көзқарастар қайшылығының өзі пікірлесушілердің сыпайы, әдепті болуына кері әсерін тигізбеуі керек. Пікірталасты әдепті өрбітуге байланысты көптеген тілдік тәсілдер бар. Кейде пікірталастың ушығуына қатысушылардың бір-бірінің сөзін дұрыс түсінбей, бұрмалап қабылдауы себеп болып жатады. Сондықтан пікірталас барысында әріптесінің сөзін түсінбей қалған жағдайда, сөйлеушінің пікірін қайта сұрауға қатысты сөз орамдары бар.

Өңгіме барысында әртүрлі мақсатта қолданылатын сөз әдебі орамдары мыналар:

1) сөзді қайталап пысықтау мақсатында: «Егер мен Сізді дұрыс түсінсем, Сіз ... деп айтқыңыз келді ғой деймін?», «Сіздің ойыңызша, ... болды ғой?», «Басқаша айтқанда Сіз ... деп санайсыз ба сонда?» және т.б.;

2) сөзді анықтау мақсатындағы: «Кешіріңіз, сөзіңізді тағы бір қайталап жібермес пе екенсіз...», «Не айтқыңыз келіп тұрғанын аса түсінбей тұрмын», «Сіздің айтпағыңыз не?» және т.б.;

3) ойды түйіндеу мақсатындағы: «Менің пайымдауымша, Сіздің басты идеяңыз ... ғой, солай ма?», «Меніңше, Сіз ... сезініп тұрған сияқтысыз», «Бәлкім, Сіз ... боларсыз»;

4) сезімді білдіру мақсатындағы: «Өте жақсы түсіндірдіңіз», «Ризалығымды білдіремін, көп рақмет!», «Алғысымды қабыл алыңыз!» және т.б.



5. Этикеттік сөз орамдарының ішінен пікірталас кезінде өзің үшін қажет болады деген нұсқаларды теріп жаз. Оның себебін түсіндір.

Қарсыласқа жауап беруде қолданылатын тілдік амалдар:

– қызықты салыстырулар: «*айтқан сөзіңіз адасқан оқтай болды*», «*сөзіңіз жебе болғанмен, садағы осал*», «*сөзіңіз сұлу сарайдай, бірақ жылуы жоқ*», «*оймен тоқылған өрмектей сөздің мәні қайсы*», «*ойыңыз – терең теңіз, дәмі кермек*» т.б.;

– өзінің қателескенін сыпайы түрде жеткізетін сөз орамдары: «*менің айтпағым ол емес еді*», «*нақтырақ айтуға рұқсат етіңіз*», «*ойымды дәлірек білдірсем*», «*сөзге терең мән берсем*» т.б.;

– ұтымды мәтелдерді дұрыс кіріктіру: «*айдағанымыз бес ешкі, ысқырығымыз жер жарады*», «*балапанды күзде санайық*», «*өсер елдің баласы бірін-бірі батыр дер*», «*қасқырдан қорыққан тоғай араламас*», «*лай судан балық аулау*» және т.б.



6. Мәтінді тыңда.



7. Мәтін мазмұны бойынша екі бағандағы сөздерден сөз тіркестерін құрап жаз.

I	II
елдердің, ғажап, көл, көз тартар, экологиялық, пайда	сұлулық, көзі, дамуы, туризм, мекен, жағасы



8. Еліміздегі табиғаты ерекше тағы қандай жерлерді білесіңдер? Парталасыңмен бірге диалог құрыңдар.



9. Мәтінді оқы.

Біздің елімізде экологиялық туризмді дамытудың мүмкіндігі зор. Себебі Қазақстанның табиғи өлеуеті оған толық жетеді. Аймақтарда шоғырлану үдерісі және интенсивті ауылшаруашылығы өндірісі қамтылмаған тартымды мекендер көптеп саналады. Бұл экологиялық туризмді жоғары табыс көзі және экономиканың экологиялық қауіпсіз саласы ретінде қараған жағдайда еліміздің дамуының да маңызды элементі болатыны сөзсіз.

Қазақстан – табиғи ресурстары өте мол, тарихи-мәдени өлеуеті жоғары, қойнауына өлі ашылмаған талай сыр мен құпияны сақтаған экзотикалық аймақ. Бүгінгі таңда мемлекеттік тапсырыстың шеңберінде



төрт ұлттық парк: Іле Алатауы, Баянауыл, Көкшетау, Алтын-Емелдің табиғи ерекшеліктерін ескере отырып, осы аумақтарда экологиялық талаптар бойынша туризмнің негізгі нысандарын орналастыру көзделуде. Соған байланысты қорықтарда экотуризмді дамытуға мүмкіндік беретін Бас жоспар әзірленіп отыр.

Қазақстандағы туризмнің даму болашағын қарастыру кезінде бұл қызмет түрін мемлекеттік деңгейде қабылданған стратегиялар мен бағдарламаларға сай дамытпаса, қоршаған ортаға кері әсер ету қаупі күшейеді. Мәселен, табиғи суқоймалар ластануы мүмкін. Оған туризмнің моторизациясы, тазарту құрылғылары жоқ туристік базаларда орналасқан коммуналды кәсіпорындарының шығаратын қоқыстары әсер етеді. Сондай-ақ экологиялық туризмнің дамуы инфрақұрылымсыз болмайды. Экотуризм нысандары тиімді үйлестірілген орындарда арнаулы көліктердің, материалдық-техникалық базаның, тамақтану орындарының болуы ескерілуі тиіс. Дегенмен экологиялық туризмнің нысаны тұмса табиғат болғандықтан, инфрақұрылымды табиғат ландшафтары аса үлкен өзгерістерге ұшырамайтындай етіп дамыту қажет.

Тәжірибе көрсеткендей, алғашқы ландшафтың өзгеру қаупі тау және таулы аймаққа жақын аудандарға төнеді. Туризмнің қарқынды дамуы бұрынғы шағын туристік базалар мен аңшылық үйшіктердің орнына енді ірі қонақүй кешендері және демалу базаларын салуды қажет ету-

де. Қыстық демалыс түрлерін дамыту кезінде шаңғы трассаларының, жолдардың, электр жүйелерін жүргізу орман алаңдарының қысқаруына себеп болып, нәтижесінде табиғат кешендерінің дағдарысына және ландшафтардың эстетикалық тартымдылығының төмендеуіне әкеліп соғып отырғаны жасырын емес.

Экологиялық туризм қоршаған ортаның табиғи қалпының сақтауымен қызықты. Сондықтан қаражат экотуризмді дамытуға ғана емес, сол табиғаттың сұлулығы мен экзотикалық көрінісін сақтауға да бөлінуі қажет. Белгіленген аумақта инфрақұрылымды дамытумен айналысатын жекеменшік ұйымдардың иелері табиғи ресурстарды тиянақты және жүйелі қолдану талаптарын қатаң сақтауы тиіс.

Әлемнің барлық елдерінде экологиялық туризмнің дамуына ерекше назар аударылады. Біздің елімізде де экологиялық туризмді дамыту бағытындағы талаптар ескерілуі керек.

Ж. Құлабаева



**10.** Мәтіннен термин сөздерді тауып, олардың қандай сөзбен тіркесіп тұрғанын анықта. Олар тағы қандай сөздермен тіркесіп қолданылуы мүмкін? Кестеге жаз.

№	Мәтіндегі термин сөз	Мәтіндегі сөзбен тіркесі	Басқа сөзбен тіркесі
1	шоғырлану	шоғырлану үдерісі	шоғырланып отыр
2	ландшафт	...	...



**11.** Төмендегі сөздерді пайдаланып, мәтін мазмұнына қатысты пікірталас түріндегі диалог құрыңдар. Диалогте қажетті сөз орамдарын қолданыңдар.

*Керекті сөздер:* дамытудың мүмкіндіктері, табиғи әлеуеті, интенсивті ауылшаруашылығы, табыс көзі, тарихи-мәдени әлеуеті, экзотикалық аймақ, ұлттық парк, Бас жоспар, табиғат сұлулығы, мемлекет қаржысы, инфрақұрылымды дамыту, экожүйеге кері әсер.



**12.** Мәтін мазмұны бойынша «Балық қаңқасы» диаграммасын толтыр. Жазғандарыңды өзара алмасып, пікір бөлісіңдер.

- 1) Балықтың басына – мәтіннің тақырыбын;
- 2) балықтың үстіңгі қаңқасына – мәтін авторының идеясын;

- 3) балықтың астыңғы қаңқасына –  
экотуризмді жүзеге асыру мүмкіндіктерін;  
4) балықтың құйрығына –  
өз қорытындыңды жаз.



**13.** Мәтінді оқы. Мәтінде берілген ақпараттарға сүйеніп, өзің тұратын аймақта экотуризмді дамыту мәселесіне қатысты ресми хат жаз. Онда мәтіндегі қарамен берілген сөздер мен сөз тіркестерін қолдан. Хатта экотуризмнің әкелетін кірісін көрсетіп, пікіріңді дәйектеп жаз.

Экологиялық туризм **тұрғын халықтың** әлеуметтік деңгейін көтеруге мүмкіндік береді. Қосымша табыс көздерінің пайда болуы **кәсіптің, қол-өнер мен сауданың** дамуына әсер етеді, мұндай жағдай аймақтың материалдық жағдайын жоғарылатады. Шетелдік эксперттердің айтуынша, туризмнің дамуы арқылы алғашқы жылы тұрғындардың **жалақысын** екі-үш есеге, одан кейін туристік өнімдеріне сұраныс жоғары болған сайын он есеге көтеруге мүмкіндік бар. Ол менеджмент пен жарнаманың, **сервис қызметінің** жоғары деңгейде болуымен тікелей байланысты. Сондай-ақ тұрғындардың ресурстарды тұтыну мәдениеті жоғарылайды. Себебі олар үшін енді табиғат тек демалыс орны ғана емес, **бизнес көзіне** айналады.

2003 жылы неміс эксперттері Орталық Азия мемлекеттеріне талдау жасай отырып, мынадай қорытындыға келген: экотуризм аймақтағы биоалуандылықтың сақталуын қамтамасыз етеді. Орман ағаштарын кесуді, балық пен аң аулауды, табиғатқа зиян келтіретіндерді **бақылауға алу** экотуризмнің басты міндеті болып саналып, оның тұрақты дамуына түрткі болады. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда шаруашылық қызметтердің шектеулілігі экожүйенің, **флора мен фауналардың** сақталуына мүмкіндік береді. Туризм саласынан түскен табыстар осы аумақты сақтап қана қоймай, оның жер ауданын кеңейтуге жағдай жасайды. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды сақтауға қажетті **бюджет** те қысқарады. Ол үшін парктер мен қорықтарда ақылы түрде танымдық туристік маршруттарды жүргізу, жергілікті тұрғын халықтың қолынан шыққан естелік, **қолөнер бұйымдарын сату** және т.б. арқылы пайда табуға болады.

*«Зерде» журналынан*

**14.** «Үздік жоба». Ақылдасып, өздерің тұрған аймақтағы ең ыңғайлы деп санайтын экотуризм нысанын анықтаңдар. Осы жерді таңдаудың үш себебін жазыңдар. Инфрақұрылымды жасау мен табиғи ортаның сақталуын үйлестіруге қатысты идеяларыңды шешендік сөз талаптарына сай тыңдаушыға әсерлі етіп дәлелдендер.

 **15.** Экотуризмнің пайдасы мен зияны туралы өз ойыңды алдымен диаграмма түрінде рәсімде. Сол сызба бойынша келісу эссесін жаз. Тыныс белгілерін тиісті орындарға қой.

 **16.** Кестедегі қарама-қарсы идеялармен танысып, пікірталас ұйымдастырыңдар. Өр топ өз идеясының артықшылығын, қарсы топ идеясының кемшілігін айтыңдар. Екіжақты келісім жасап, экотуризмді табиғатқа залалсыз дамытудың мүмкіндіктерін анықтаңдар.

Бірінші пікір: «Иә»	Мүмкін	Екінші пікір: «Жоқ»
Ұлттық парктер аумағында экотуризмді кеңейту қажет.	...	Ұлттық парктерде экотуризм ұйымдастыруды тоқтату керек.
Себебі ...	Себебі ...	Себебі ...



 **17.** Сабақ тақырыбы бойынша пікіріңді «ПОПС» формуласына сәйкес жинақтап жаз.

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша,...»

Екінші сөйлем: «Себебі мен оны ... деп түсіндіремін».

Үшінші сөйлем: «Оны мен мына ... деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай ... қорытынды шешімге келдім».

### 7-сабақ. НӘТИЖЕ САБАҚ

 **1.** Ғылыми және публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мектеп оқушыларына арнап, өз туған жерлеріңде туризмді дамыту жөнінде үндеу жазыңдар.

 **2.** «Синектика». Қазақстандағы өзің қалаған табиғи қорық немесе тарихи-мәдени нысанның атынан мектеп оқушыларына шақыру сипатында эссе-хат жаз. Хатта сол нысанның тарихы мен табиғи қалпы, жағдайы, экотуризммен байланысын көрсет. Қажетіне қарай статистикалық мәліметтер,

деректер, қызықты ақпараттар мен дәйексөздер және этикеттік сөз орамдарын қолдан.



**3.** Бұл – Алтай тауының бөктерінде орналасқан қорық. Шетелдік досыңмен телефон арқылы сөйлес. Оны қызықтыру үшін Алтайдың пейзажын шешен сөйлеу құралдарын қолданып, суреттеп айт. Қажетті сөз орамдарын қолдан.



**4.** Өрқайсысың қолдарыңа әлем картасын алыңдар. 5 минут ішінде сыныптастарыңмен сөйлесіп, қай жаққа саяхатқа барғанын және қай жаққа барғысы келетінін анықтаңдар. Картаға барған елдердің тұсына көк түсті белгі, барғысы келетін елдердің тұсына қызыл түсті белгі қойыңдар. Соңында туризм бойынша ортақ қызығушылықтарыңды тудырған елдер тізімі анықталады.



**5. Жағдаят:** отбасыңмен бірге экотуризмге шығуды жоспарлап жүрсің. Туризмнің маршруты бойынша көлікке, жолға, тамаққа, жатын орынға және т.б. кететін шығындарды есепте.



**6.** Экологиялық туризмді басқа туризм түрлерімен салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айтыңдар.



**7.** Бірнеше топқа бірігіп, туған жер, табиғат туралы мақал-мәтел жарысын ұйымдастырыңдар. Ең көп мақал-мәтел айтқан топ жеңімпаз атанады.



8. «Саяхатқа жиі шығуға 7 себеп» ойынын ойнаңдар. Берілген сөздердің ішінен бірін таңдап, өзің саяхатқа не үшін шыққың келетінін дәлелдеп айт.

Жаңа қабілеттерге ие болу

Дүниетанымды кеңейту

Тіл үйрену

Арманыңды орындау

Дүкен аралау

Демалыс

Адамдармен араласу



9. «Шығу парағын» пайдаланып, жазбаша жауап бер.

- 1) «Туризм: Экотуризм» тақырыбы бойынша не үйрендің?
- 2) Сен үшін тақырыптың құнды жақтары қандай болды?
- 3) Өзіңнің және сыныптастарыңның білімін бағала.
- 4) Осы тақырып бойынша білгеніңді тұжырымдап жаз.

## ГЛОССАРИЙ

**Агглютинативті тілдер** (лат. *agglutinatio* – желімделу, жапсырылу) – жалғамалы тілдер, тілдерге типологиялық немесе морфологиялық топтастыру принципін қолдану арқылы оларды туыстық жақындығына емес, грамматикалық құрылысына қарап топтастыру нәтижесінде бөлінетін тілдер типі.

**Аннотацияда** (лат. *annotatio* – ескертпе) кітап, қолжазба, монография, мақала және т.б. басылымдардың қысқаша мазмұны, ерекшеліктері сипатталады.

**Аргумент** (лат. *argumentum* – нәрсе, пән, белгі) – пікір, ой немесе теорияның ақиқаттығына келтірілетін дәлел.

**Әлемдік жаһандану немесе глобализация** (ағылшынша *global* – әлемдік, дүниежүзілік, жалпы) – жаңа жалпыәлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық.

**Диссертация** (лат. *dissertatio* – талдау, зерттеу) – ғылыми дәреже алу үшін көпшілік алдында қорғауға даярланған ғылыми еңбек; әдеби және ғылыми тақырыпқа жазылған шығарманы көпшілік алдында қорғау.

**Зияткерлік миграция** – белгілі бір себептерге байланысты интеллектуалдың басқа мемлекетке қоныс аударуы.

**Идеология** (грек. *idea* – түсінік, *logos* – білім, ілім, ғылым) – ілім, қоғамдық сана. Идеология әлеуметтік топтардың, саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдардың немесе жалпы қоғамның мүдделері мен дүниетанымын қамтитын түсініктер, көзқарастар және идеялар жүйесі.

**Ихтиофауна** (грек. *ichthys* – балық және фауна) – белгілі бір су айдынында, аймақ суында тіршілік ететін балықтар.

**«Қызыл крест» және «Қызыл жарты ай» халықаралық ұйымы** – өз күшін халықаралық немесе елдегі ішкі толқулар мен қарулы қақтығыстар құрбандарын қорғауға және оларға көмек беруге бағыттай отырып, жер бетінде бейбітшілік орнауына жағдай жасайтын халықаралық ізгілікті ұйым. Бұл ұйым 1863 жылы құрылған.

**Ландшафт** (нем. *land* – жер, *schaft* – өзара байланыс мағынасын білдіретін жұрнақ) – белгілі бір аймақтың жалпы көрінісі, жер бедері.

**Миграция** (лат. *migratio* – көші-қон, қоныс аудару) – адамдардың (мигранттардың) қандай да бір аумақ шегарасынан өтіп, ұзақ уақытқа немесе біржола қоныс тебу үдерісі.

**Монография** (грекше *monos* – біртұтас, *grapho* – жазу) – белгілі бір тақырыпты жан-жақты зерттейтін ғылыми еңбек. Онда нақты сала бойынша күрделі мәселе мақсатты түрде сөз етіліп, оның дамуына ықпал ететін ой-пікірлер айтылады.

**Нуклид** – ядро құрамындағы протондар мен нейтрондардың белгілі бір санына ие атом.

**Оқтұмсық** – нысанды қирату немесе бүлдіруге арналған ядролық, химиялық және т.б. құралған ракета, торпедо, снарядтың немесе басқа қарудың бөлігі.

**Ономастика** – тіл білімінің жалқы есімдер жиынтығын зерттейтін саласы.

**Радионуклид** – атомдық салмағы мен атомдық заряды бар радиоактивті нуклид.

**Риторика** (грек сөзі – «шешендік өнер», «шешен» деген мағынаны білдіреді) – шешендік өнерді, көркемсөзді құрудың ережесін, сөйлеу өнерін зерделейтін ғылым.

**Рухани жаңғыру** – адам баласының ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі.

**Памфлет** – бір нәрсені мінеп-сынап, әшкерелеп жазылған өткір де уытты мақала.

**Симпозиум** – белгілі бір мәселеге байланысты ғылыми жиналыс.

**Синектика** – оқушылардың ойлау, өзіндік ой қорытындылары арқылы тақырыпқа қатысты көптеген идеялар жинақтап алу әдісі.

**Тезис** – белгілі бір шығармада автор дәлелдейтін немесе жоққа шығаратын тұжырымдама-пайымдаулар. Тезистің басты ерекшелігі – ұсынылатын дәйектерге дәлелдер келтірілуі тиіс.

**Топонимика** – белгілі бір жердегі географиялық атаулардың жиынтығы.

**Экожүйе** – бір-бірімен белгілі бір заңдылықтармен тығыз байланыста тіршілік етуші әртүрлі ағзалардың жиынтығы мен тіршілік ортасының жағдайы.

**Экотуризм** (франц. *tourisme*, *tour* – сейілдеу, сапар) – туризмнің жаңа түрлерінің бірі; халықтың танымын, тынығуын толық қанағаттандыруға мүмкіндік беретін туризм саласы.

**Экспорт** (лат. *exporto* – шығару, өкету) – өнеркәсіп өнімдері мен басқа да тауар, капиталды сыртқы нарықтарға өткізу үшін шетелге өкету.

**Эмиграция** – саяси не экономикалық, тағы басқа себептермен өз отанынан басқа мемлекетке ерікті түрде немесе шарасыздан қоныс аудару ісі.

**Эпицентр** – жер сілкірудің не жарылыстың үстіңгі не астыңғы орталығына дөп келетін жер бетіндегі тұсы.

**Эскадрон** (франц. *escadron* – үйір, топ) – атты әскер полкының бөлімшесі. Эскадрон әдетте 3–4 взводтан және басқару, шаруашылық бөлімшелерінен тұрады.

**Феномен** – өмірде сирек кездесетін, таңғаларлық құбылыс.

## Мазмұны

Алғы сөз .....	3
<b>1-бөлім. Қазақстан бүгінгі әлемде: Қазақстанның өткені мен келешегі .....</b>	<b>5</b>
1-2-сабақ. Тіл – тарихтың айнасы.....	6
3-4-сабақ. «Ұлы даланың жеті қыры» – тарих пен болашақтың алтын көпірі.....	12
5-6-сабақ. Таңғажайып ашылым .....	17
7-сабақ. 100 жаңа есім – серпілістің кепілі .....	22
8-сабақ. Нәтиже сабақ.....	26
<b>2-бөлім. Экология: ядролық және мұнай өндірістері .....</b>	<b>29</b>
1-2-сабақ. Семей полигоны.....	30
3-4-сабақ. Ядролық өндіріс – табиғатқа төнген қауіп.....	35
5-6-сабақ. Мұнай өндірісі: пайдасы мен зияны.....	40
7-сабақ. Мұнай қалдықтарының экологияға әсері .....	44
8-сабақ. Нәтиже сабақ.....	47
<b>3-бөлім. Қазіргі қоғам: көші-қон және зияткерлік миграция .....</b>	<b>49</b>
1-2-сабақ. Көші-қон – әлеуметтік құбылыс .....	50
3-4-сабақ. Зияткерлік миграция: пайдасы мен қауіпі .....	56
5-сабақ. Нәтиже сабақ .....	63
<b>4-бөлім. Әлемді өзгерткен өнертабыстар .....</b>	<b>67</b>
1-2-сабақ. Әлемді өзгерткен ұлы жаңалықтар .....	68
3-4-сабақ. Әлемді таңғалдырған өнертапқыш балалар .....	73
5-сабақ. Нәтиже сабақ .....	78
<b>5-бөлім. Туризм: экотуризм .....</b>	<b>83</b>
1-2-сабақ. Туризм саласы: өткені мен бүгіні .....	84
3-4-сабақ. Экотуризмнің ерекшеліктері .....	90
5-6-сабақ. Қазақстандағы экотуризм .....	97
7-сабақ. Нәтиже сабақ .....	104
Глоссарий .....	107

Оқу басылымы

**Дәулетбекова Жанат Тұрарбекқызы  
Рай Қайрат Мағауұлы  
Юсуп Пархат Қорабайұлы  
Сарыбаева Анар Сламбекқызы**

**ҚАЗАҚ ТІЛІ**

Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы  
11-сыныбына арналған оқулық

Редакторы *Н. Бекхожаева*  
Көркемдеуші редакторлары *Д. Сабитаева, А. Бекқожанова, А. Лукманов*  
Фотосуреттер *А. Устиненко*  
Техникалық редакторы *Ү. Рысалиева*  
Корректоры *Ү. Бахова*  
Компьютерде беттеген *Г. Тасыбаева*

ИБ №083

Теруге 15.03.2019 берілді. Басуға 08.06.2020 қол қойылды. Пішімі 70 x 90 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>.  
Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс. Өріп түрі «мектептік». Шартты баспа табағы 8,19.  
Есептік баспа табағы 6,38. Таралымы 29 000 дана. Тапсырыс №5165.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты, 050002,  
Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.



# Оглавление

page1  
page2  
page3  
page4  
page5  
page6  
page7  
page8  
page9  
page10  
page11  
page12  
page13  
page14  
page15  
page16  
page17  
page18  
page19  
page20  
page21  
page22  
page23  
page24  
page25  
page26  
page27  
page28

page34

page35

page36

page37

page38

page39

page40

page41

page42

page43

page44

page45

page46

page47

page48

page49

page50

page51

page52

page53

page54

page55

page56

page57

page58

page59

page60

page61

page62

page63

page64

page69  
page70  
page71  
page72  
page73  
page74  
page75  
page76  
page77  
page78  
page79  
page80  
page81  
page82  
page83  
page84  
page85  
page86  
page87  
page88  
page89  
page90  
page91  
page92  
page93  
page94  
page95  
page96  
page97  
page98  
page99

page104  
page105  
page106  
page107  
page108  
page109  
page110  
page111  
page112